

Данет Карапашева

Оеziн

серпини



Дәлел Қарашашев

*Сезін
серпіні*



ISBN 9965-612-71-1

Дәмет Қарашашева

Сезім серінің: "ЭКО" РӨФ, Павлодар, 2005 ж. - 288 бет.

© Дәмет Қарашашева



**Дұл белін тұған
өлкем Павлодардың
Әртіс өңіріне
арналады.**



*Қазақстан - байтағым сен
 "Қазақстаным - қара шаңырағым"
 - аттың Республикалық ақындар мүшайрасында
 үшінші орында не болған шығарма.*

Ұлан-гайыр жаралған ала-бөтен,
 Армысың дархан далам ата мекен.
 Күншығыста апай тәс Алтайыңмен,
 Тұстікте Қаратаяым малға беккен.

Теріскей Мұзды мұхит, қалың орман,
 Арасын ағынды Ертіс жалғастырған.
 Өкпе тұс Еренқабырға сілемдері,
 Байтак жер мұра болған бабалардан.

Ұшқан құстың қанаты талатындай,
 Шапқан аттың түяғы тозатындай.
 Бітіпсің қазағымның мандайына,
 Көңілі көрген жанның толатындай.

Тарихы сан ғасырлар тереңінде,
 Аты аңызға айналған ерен өлке.
 Еуразия кіндігі, жер кіндігі,
 Еңселі елсің нық басқан ертеңіне.

Хандық құрған қазағым Алтын Орда,
 Түсірмек болды жауы талай қолға.
 Корғау үшін кең дала байтак жерді,
 Арпалысқан бас идім, бабаларға

Басын қосқан қазақтың Абылайым,
 Азаттықтың көтерген туын лайым.

Қайрат, намыс, ар, сана, елдік, ерлік,
Корғаган орман мен тау, көлін айдын.

Көмекейден нақыл саулап төгілген,
Әрбір сөзі өлең болып өрілген.
Тоғыз ханға ақыл айтқан Бұхарым,
Айналайын сені тудырган еліңнен.

Ақыл қосқан тайсалмай Абылайға
Бұхардың жырындай от-жалын қайда?
Кіндік қаны Бұхардың тамған жерге,
Кейінгі үрпақ бас иіп, табынбайма?

Абылайдың қолбасшы өрендері,
“Көмекей әулие” қасында кеменгері.
Қаракерей Қабанбай, Бөгенбайы,
Шақшақұлы Жәнібек, Тілеуке ері,

Шапырашты Наурызбай, Қаумен, Дәulet,
Сатай, Бөлек, Қылышбек біткен сәulet,
Сенкібай мен Мәмбеті, Шойбек батыр,
Есенқұлы қалмаққа қылыш сермен,

Олжабай, Малайсары, Батыр Баян,
Жасыбай, Бердіқожа баршага аян,
Қазактың ынтымағын сақтау үшін,
Жауына сан-тәсілмен салған ойран.

Тақымы кеппей қуған жауды еңсеріп,
Кол бастаған ерлерден жер тенселіп,
Алтын ғасыр қазакқа жасап берген
Абылайдай ханы бар ел еңселі.

Жалғастырған ұлы ісін Абылайдың,
Тең ұстаган үш жүзді Кенесарым,
Болмасын деп қазақтың ұлы бодан
Данаалықпен ойлаған елдің қамын.

Білдірген ұлы елдіктің қасиетін,
Үш биім, үш биігім бас иетін.

Аялап қастерлеген халқы мәнгі
Әйтке, Төлеби мен Қазыбегім.

Жалғасып тарих көші, тағдыр көші,
Қазаққа жау шүйілді, бардай өші,
Өліп жатып тіріліп, ел қорғаған,
Рухы биік қазақты көрді көзі.

Мойымай тағдыр салған шынжырына,
Фасырдың қазанына шыжғырыла,
Исатай, Махамбеттер қол бастады,
Жол сілтеп алты алаштың өр ұлына.

Кеңес кеп дәуірледі, болдық бодан,
Ақ қашып, қызыл қуып салды ойран,
Ел есін енді жидым деген кезде,
Аштық жайлап қазақты қойдай қырган.

Айырды күн көрісі бар малынан
Белсенділер елдегі салды сайран.
Конфескеге ілініп ауқаттылар,
Айдалып ит жеккенге кете барған.

Тұралаған көтертпей басын елдің,
Соры болып жабысты есіл ердің
Бар қаймағын сыпырып, қырып жойды,
Өшірмек боп тарихтан есімдерін.



Ахмет Байтұрсынов, Міржакыбым,
Шәкәрім, Жүсіпбекім, Мағжан ұлын,
“Халық жауы” атанып кете барды,
Қазақтың құрбаны боп арманының.

Бейімбет, Ілияс пен Сәкен сері,
Рысқұлов Тұрар мен Ораз ері.
Елім деп еніреген қайран ерлер,
Аңсаған бостандықты, азат елді.

Қырғынды, қырық бірді кештік бастан,
Өмірі майдангердің мәнгі дастан.
Ұрпағы қазақ деген батыр елдің,
Жауына соғыста бет қаратпаған.

Ерлердің айтсақ ерлік қасиетін,
Әр майдангер аяулы, бас иетін
Қайтпай қалды қаншама боздақтарым,
Мәрмәр тасқа бастырып өсиетін.

Айқарып кең даланы тың игердік,
Бәрібір бодандықтың кебін кидік.
Жат елге кетіп жатты қайран байлық
Қалмады қадыр-қасиет бізде билік.

Жүргізіп аралас ұлт саясатын
Көшірді, орын теп деп азаматын.
Жерін жайла, тамыр жай, елін бұлдір,
Тілін, ділін, жоғалт деп ар-ұятын.

Жойылып кетуіне аз-ақ қалды,
Мәңгүрт етіп қазаки үрпактарды.

Болмағандай Фараби, Йассауи,
Кашқари, Шокан, Абай, Құрманғазы.

Сілкінтіп, дүниені дүбірлетіп,
Таңы атты желтоқсанның сібірлетіп.
Қайраттай талай арыс құрбан болды,
Ту тіктік көк байрақты желбіретіп.

Аспан түстес туым бар желбіреген,
Бетінде алтын бүркіт қанат керген.
Азаттықты аңсаған бабаларға,
Ұрпағының тартқан бұл сыйы ерен.

Тәуелсіздік тәтті ұғым тандайыма,
Нұрсұлтандай хан бітті мандайыма.
Ән ұраным, ел таңбам, теңгем келіп,
Шеке шертіп қараймын жан-жағыма.

Қазақстан қанатын жайып кеңге,
Біріккен ұлт үйымға болды мүше.
Өнерін де өренін жат жұрт танып,
Бізден кеп алып жатыр мол өнеге

Сарыарқаның төсінде Астанасы,
Әрі ежелгі, әрі жас бас қаласы.
Сүйсінемін, көнілім желдей есіп,
Қазактың зәулім үйлер баспанасы.

Жұз отыз ұлттың басын біріктірген,
Нұраға ел басқарған біліктікпен.
Кым-қуат мынау қыын заманада,
Достықтың желбіретіп туын тіккен.

Сөзім серпіні

Казақлың, ұлтым үшін шаттанамың,
Тілім бай, керемет деп мактанаңың.
Сақтаған салт-дәстүрін қазагымның,
Киіз үй, қасиетінен айналамың.

Азырақ жырға қостым ел тарихын
Басыңдан бақ кетпесін, азат халқым
Фасырдан ғасырларға жеткізеді,
Ұрпағың асқақтатып, әдет-салтын.

Тұңған, жайна, киелі Керекуім

Айтайын Павлодардың енді жайын
Қазақстан төрінде күн мен айын
Өзім туган өлкемді мактанаңышпен
Жүректен шыққан жырмен баяндайын

Қазақстан шаңырағы аясында
Павлодар алпыс бес жыл қиясында
Мұшайра соған арнап өткізілді
Бүкіл тарих өлеңге сиясың ба?

Бір сәтке тоқта, тында тарих көші,
Бүгін бізде байтак ел мерекесі.
Құтты болсын Павлодар туган күнің,
Ел-жұрттымның артсын бақ-берекесі.

Туган жерім, киелі Керекуім,
Сен дегенде шарықтап, шалқиды үнім.
Қазақстан шаңырағы аясында
65 жыл облыстың тойы бүгін.

Алтын бесік, аяулы Керекуім,
Мен дағы бауырында ёскен гүлін.

Кеудемнен күмбірлейді қуат алып,
Өлөнге өрнегін сап менің тілім.

Салт атты сарбаздарым мекен қылған,
Байтақсың, басқа жұртты тандандырган.
Коңырау сыңғырындай әсем сазды,
Сал-серінің сайында үні қалған.

Тарихтың толқынымен араласқан,
Көшпелі ел өмірі өшпес дастан.
Мұхитпен жалғастырган Қара Ертістің
Бойында ата-бабам қоныс тапқан.

Шығарған жердің атын, құдіретін,
Басынан кешкен қайғы-қасіретін.
Мұра еткен жасыл жайлай, байтақ жерді,
Ерлерім, ардақтым сен, бас иетін.

Данасы халқымыздың Мәшіүр Жүсіп,
Болжаған алдағыны оймен біліп.
Бәрі де бір басына ұялаған,
Рухани нұр, қасиет, білімділік.

Болсын ұлың Қаныштай сүйінерлік,
Дос қуанып, дүшпаның күйінерлік.
Тау мен тастың, жер асты тілін білген,
Алып мұсін, ақыл мен біткен көрік.

Косымдайын ағасы көмір ашқан,
Терген тас, жиған шөбі кәдеге асқан.
Косым ашқан қара алтын арқасында,
Екібастұз қуат боп нұрын шашқан.

Қалдырган арттарына асыл мұра,
Тәу етем аруағына, ақын Иса,
Суырып салма ақынның тарлан бозы
Қалам тартқан ең алғаш поэмага.

Шон, Шорман халқын салған тұра жолға,
Ел билеген арыстар асыл тұлға.
Баянтау, кеуден сенің алтын қорық,
Әндөтіп, кегін қуып туған Мұса.

Саулап өлең құйылсын осындайда,
Әніне Майра апамның қосылғанданда.
Қашанғы қамалайсың аңы мұным,
Мандайым жарқырап бір ашылмайма.

Ақкөлді мекендеген Естай ақын,
Біледі өншілігін алыс-жақын.
Маралдының аруы, ғашық жары,
Корланға мәңгі арнаған махаббатын.

Ән салған Жарылғапберді өуелетіп,
Жұнісбек, Нұрлыбектер өлендетіп.
Байғабыл, Қали ерген сондарынан,
Әнімен дүйім жұртты елендетіп.

Күні болып шыққан қазақ төріне,
Сұлтанмахмұт туған өлке тегін бе?
Бабалардың салған жолын жалғаған,
Торайғыр би жатқан жоқ па тегінде.

Ақ селеу мен қурай үнін саз қылған,
Көнілдерді әніменен жаз қылған.
Кәрімбаев Садықтың өлендері,
Жаралғандай Ертістің толқынынан.

Бұл өлке, ырысты өлке Әлкей тұған,
Фылымға терең бойлап, жолын қуған.
Кереку өнірінің тас түлегі,
Айналып кетпейміз бе сондай ұлдан.

Кешегі Шөкен сынды тарланымыз,
Кәуkenмен нұрланғандай бар маңымыз.
Жұмат Шанин ағадай ұлы бар ел,
Бар ма екен Павлодарым арманыңыз?!

Шапық Шөкин ғұлама тоқсан асқан,
Еңбекпенен есейген бала жастан.
Зейін Шашкин, Сәбиті Дөнентайдың,
Айта берсек бәрінің өмірі дастан.

Кереку неткен өлкен дархан еді,
Көпке әйгілі өнерпаз Арқа елі,
Қосылып Куат, Суат өн шырқаса,
Жадырап аспаннан бұлт тарқар еді.

Жасынан өлең қуған, өнер қуған,
Мұзаган Маралдыда дара тұған.
Аманжол, Рамазан, Мұбарактар,
Есентай, Қимаш солардың жолын қуған.

Қалижан, Зейтін менен Нұтфолла аға,
Қадір, Қамар, Әбілов Диҳан баба,
Ахат, Хамза Жұматов, Серікбайлар,
Кеменгеров еліне болған пана.

Нұрлыбек, Шахан Мусин, Макпузасын,
Бөлекен әнге Ертісті Қапизасын,
Жүсіпбектей ақының агалардың,
Бүгінгі үрпак сусындар мол мұрасын.

Ғұлама мен өнердің тарландары,
Өңірінде Ертістің жанған бағы,
Ерте кеткен жұлдызбен араласып,
Қабдықерім Үйдірысова, Мейрамдары.

Қайырбаев, Баймодин батырларым,
Соғыстың көрген талай дауылдарын.
Тәуелсіз елде бейбіт күн кешуде,
Бақытты, шаттық құшып бауырларың.

Біраз сыр тарттық тарих тереңінен,
Алдынан жарқын өмір көремін мен,
Павлодар облысында көп өзгеріс,
Қазақстан шаңырағының аясы кең.

Трактор, алюминий алыптары,
Қара алтын, Екібастұз жарықтары,
Майқайыңың алтыны, түсті металл,
Дәuletі мен сәулеті шарықтады.

Өндіріс, индустрія өркендерген,
Құрылыш, зауыттардың алыбы сен.
Гүлдей бер, құлпыра түс, құнарлы жер,
Құрыш қол жұмысшының тері сіңген.

Алпыс бес жыл иғілікті іс атқарған,
Әкімі Даниалдай ел басқарған,
Көрікті көшелері, сән жағажай,
Ерлердің еңбекпенен данқы асқан.

Ашқанда мешіт үйін Мәшіүр Жүсіп,
Фариза апай келді ғой жолы түсіп.
Шапағат нұрын елге шашып жатыр,
Алланың Павлодарға мейірі түсіп.

Салынды диагностика орталығы,
Тені жоқ республикада оның әлі.
Жаңа тұған сәбиді шетінетпейтін,
Бұл орталық қаланың болды сәні.

Жасарып күннен-күнгө көркейеді,
Көк терек күнгө қарап еркелейді,
Екі мың отыз атты бағдарламам,
Мақсатқа, ертеңіме жетелейді.

Казакстан, Гүлстан, Мамырстан,
Казы қонып көліне, аққуы үшқан.
Павлодарым отауы ұлken үйдің,
Шаңырақ биіктей бер күнді қүшқан.

2003 жыл, қаңтар.

Өлеңде пайдаланылған атақты адамдар есімдері: Иса Байзақов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Садық Көрімбаев, Шапық Шөкин, Зейін Шашкин, Сәбит Дөнентаев, Мұзафар Әлімбаев, Жаяу Мұса Байжапұлы, Естай Беркімбаев, Дихан Әбілов, Қали Байжанов, Майра Шамсутдинова, Жұмат Шанин, Қалижан Бекхожин, Қадыр Тайшықов, Қамар Қасымов, Байғабыл Жылқыбаев, Жұнісбек Жолдинов, Серікбай Бейсенов, Нұрлыбек Баймұратов, Қимадиден Нығманов, Мұбарат Жаманбалин, Есентай Ерботин, Аманжол Шамкенов, Рамазан Тоқтаров, Қошмұхамбет Кеменгеров, Қабдықәрім Үйдірысов, Мейрам Асылгазин, Ахат Жақсыбаев, Хамза Жұматов, Шакан Мусин, Шәкен Айманов, Көүкен Кенжетаев, Куат Әбусейітов, Маклуза Байзақова, Капиза Әбуғалиева, Суат Әбусейітов, батырларымыз Махмұт Қайырбаев, Әбілқайыр Баймолдин, сол кезде Павлодар облысының әкімі болған Даниал Ахметов, ақын Фариза Онгарсынова.

**“Қазақстан-қара шаңырагым” республикалық
екінші ақындар мұшайрасын откізу барысында
жүргізушилер пайдаланған кейбір шумактар.**

Хош келдіңіз, жыр сүйер тыңдарманым,
Мерейтойға арналды жыр мен әнім,
Бүгінгі салтанатың құтты болсын,
Көкірегіне жыр тұнған жарандарым.

Жарқыратып маңдайын жазба ақынның,
Павлодарым мұшайраға шакырдың.
Жырдың көшін бастаған Бұхар бабам,
Жиналғандар, сынығындай асылдың.

Поэзия бас иемін құдіретіңе,
Сен татисың әлемнің құрметіне,
Жыр пырағы, сәл ғана аялдашы,
Ілесіп журсін ақын жыр көшіне.

Жұзден жүйрік шығады, мыңнан тұлпар,
Жүректі берік ұста, ал ақындар.
Майталманы, киесі өлең-жырдың,
Қазылар алқасында Фариза бар.

Ақындар мұшайрасын,
Үн тастап өткізуге,

Мерейтой шарапатын,
Халыққа жеткізуге,
Мұрындық болды оған,
Павлодар радиосы,
Шақырып ақындарды,
Тамаша жыр көшіне.

Мәдениет бөлімі,
Шын ниетпен қолдады.
Демеушілік көрсетіп,
Қанафина қолға алды.
Жанашыры өнердің,
Мағауияқызы Ырысты
Ақындарды құттықтап,
Жүректен сөзін жолдады.

Мәреге байқау бүгін жақындарды,
Жыр тұлпар жерді тарпып тақымдады.
Додада озып шыққан женімпаз боп,
Ортаға шақырамыз ақындарды.

Өнерді сүйіп бағалаған жүректен,
Әркендесін халқым деген ниетпен.
Әкімі облыстың Қайрат Нұрпейісов,
Ықыласын арнады ақ тілекпен.

Өзгеше ұлтын сүйген жүрегімен,
Әр үні үштасады тілегімен.
Сақтауға тілдің таза қасиетін,
Арнаған бар өмірін-өлеңімен.

Елім деп, өзек өртеп жалындаған,
Билік пен биіктікке жалынбаган.
Казактың қайсар қызы Фариза ақын,
Алдында ешкімнің де тайсалмаган.

Әрілген өлеңдері інжу-маржан,
Жүгінбеген тегінде сөзге арзан.
Фаризадай ақынды тудырған ел,
Қазағым, болмас дейміз сенде арман.

Жыр көші де, кеші де жалғасады,
Арман жыр асқақ жырға ұласады.
Бүгінгі мұшайраға келген қауым,
Сіздермен енді ақындар қоштасады.





Даңғтың жердесінөр



*Бұқар Жырау Қалқаманұлы
(1693-1787)*

Қайран біздің бабалар,
Аттансыз күн кешпеген,
Алмағайып шақтарда,
Күні-түн белін шешпеген.
Жаугершілік заманда,
Атойсыз қоныс теппеген
Екі-ақ ауыз сөзбенен,
Бітімге келген жарасып,
Бәтуасыз айтқан пікірге,
Жатпаған бекер таласып.
Қызыл тілдің қадірін,
Ежелден келген пір тұтып,
Аспанына көтерген,
Ақындай тұлға дарасын.
Алтын да көмей, жез таңдай,
Бабамыз өткен Бұхардай
Сөз асылын термелеп,
Қалдырган тізіп маржандай,
Сәулелі сөзі мәңгілік,
Ұрпаққа ұран болғандай,
Сәуетей Бұхар дананың
Мұрасы асыл қазына.
Кеменгерлік көрсеткен,
Тогыз ханның тұсында
Ақылшы болған Абылайға.
Сексеннен асқан жасында,
“Көмекей әулие” атаған,

Сезім серніңі

Күрметпен халқы расында.
Әйтеке, Төле, Қазыбек,
Данышпан тұған билермен
Жасасып “Жеті жарғыны”,
Заманында өрлеген.
Аумалы-төкпе заманда,
Бірлігін елдің көздеген.
Сөйлегенде сөздері,
Өлең болып төгілген,
Бұлқілдеген көмейден.
Сыпыра Сырдан көшкенде,
Баяннан тапқан қонысын.
Далбадай тау түбінде,
Мәңгілік алған тынысын.
Бұхар жырау бабамыз,
Данышпансың, ұлысың.
Өзіңе арнап ұшырдым,
Қабыл ал, баба, жыр құсын.

Мәшінүр Жусін Көпейціұлы

(1858-1931)

Бес жаста-ак мұсылманша сауат ашқан,
Серіз жаста қисса айтып, өнер шашқан.
Бұқара, Түркістан мен Тәшкент барып,
Самарқанд оқуымен алға басқан.

Зер салған тарихына тұған жердің,
Үңілген мұрасына қалың елдің.
Қосылды руханият қазынасына,
Бір жылда уш кітaby жарық көрген.

“Хал-ахуал”, “Бес парызы”, “Ағайыны”,
“Ер Кекше”, “Сайын батыр” сөз айбыны.
Бұхар жырау, Шортанбай, Шөже, Көтеш,
Жеткізген аманат қып бізге өйгілі.

Ғұлама, дүлдүл ақын, әулиені,
Калдырган ақ қағазға шежірені.
Атақ-данқы жайылған жер-жаһанға,
Мәшіур деген есімді ел біледі.

Жетпіс үш өзі болжап айтқан жасы,
Тірісінде бейіт сап, берген асы.
Фажайып сәуегейлік, әулиелік,
Дарыған бойындағы қазынасы.

Киелі жатқан жері, топырағы,
Баянның бақыт қонған атырабы.
Мәшіүрдей аты аңыз болған адам,
Ұрпағын ізгілікке шақырады.

Сұлтанмахмұт Торайжыров
(1893-1920)

Күн шығыстан көлбеген ту батыска,
Қырат таулы, жоталы жон беларқа.
Калың көде, бетегеннің реңі,
Сап-сары боп жайқалатын Сарыарқа.

Ұлан-асыр қырынды шиырлап,
Аң жүгіртіп, құсың үшқан Сарыарқа.
Қойынына мол қазына жиып ап,
Кең көсілген Алтын арқа- Сарыарқа

Сезім серпіні

Сол Арқада Баянтау кіндік тауым,
Текше тас, желі мұжіп, жеген жауын.
Әр шатқалдың, әр сайдың етегінде,
Куалай аққан мөлдір кер бұлағын.

Көк бояқ, бетегелер күміс бұлак,
Бұлкіл қағып ағады сайға құлап.
Сынаптай толқып төмен құлдырайды
Бейне тамыр бойлаган қаныңа ұқсан.

Жасыбай, Торайғыры, Біржан көлі,
Сабынды көл жағалай қонған елі.
Батысын Жаманаула деп атаса,
Шығысы Жаксыаула тау еңселеі.

Табиғат ерекше бір сомдағандай,
Жомарт қол шеберлікпен ондағандай.
Аралдай қуаң дала ортасында,
Жер жаннаты бар ма екен Баянтаудай.

Төсінде Сарыарқа, сары адырдың,
Сағымға ұзак қарап көз талдырым.
Ойып ап шұрайлы жер кіндігінен,
Баянтау берген сыйы бұл тағдырдың.

Сабынды көл көбігін шашып кекке,
Жағадағы тал-қайың, көк терекке,
Құт қоныс болған екен бабаларға,
Сырдан ауган қазаққа ертеректе.

Табиғат аямаған сымбат көркін,
Баянауыл тартады көздің құртын.
Құнарлы топыраққа шынары сай,
Талант қып жарылқаған жалпақ жұртын.

Бозторғай шырылымен оянатын,
Қырлары таң нұрына боялатын.
Баурайында Баянның туған балғын,
Сұлтанмахмұт деп қойған ұлдың атын.

Аргы атасы Торайғыр билік құрган,
Әкесі жуас Шоқпыт содан туған.
Бабасынан дарыған тектілігі,
Табылған Махмұттай асыл ұлдан.

Сұлулық арылмаған Баянтаудан,
Көкорайлы кең жазық, қалың орман.
Сырға тағып ақ қайың бүтактары,
Карагай жарып шыққан жартасынан.

Таудың кең қолтығынан самал есіп,
Айнадай ашық аспан жарқырайды,
Аппак ай дірідете сәуле төгіп,
Көз қысып жүлдyz біткен жымындейды.

Бетtedі екі жаяу қырат жалға,
Мақсат бар екеуінің қойған алға.
Алғашқы еркін басқан қадамы еді,
Түлектің Махмұттай дара тұлға.

Діни оқу оқыды хазіреттен,
Менгерді шаригатты зеректікпен.
Мейірі қанбай хазіреттің дәрісіне,
Бас тартты қашып кетіп шәкірттіктен.

Ай жүзеді Ақбеттің биігінде,
Торайғыр көл толқиды үй іргесінде.
Төрт жылын текке өткізген еске алады,
Сұлтанмахмұт, хазірет есігінде.

Сезім серітіні

Күн сәулемесін қарандығыда қуалап,
Қырдан қанат қағып ұшты қиялап.
Арманының жолында айдай толып,
Жұлдыз болмақ, аспанына ұялап.

Жанып туған, жарқыраған өренге,
Білім керек, оқу керек өрлеуге.
Оқытуға қолы қысқа Шоқпыттың,
Жағдайы жоқ жайлайға да көшүге.

Бірлік қылышп, қолдап кетті ағайын,
(Жомартсың-ау, осындайда қазагым)
Жаңа ескен жас шіліктің ертең-ак,
Сезді ме еken саялы орман боларын?!

Сұлтанмахмұт қырандай шабыттанды
Өкінішті күндері алыс қалды.
Едігедей елінің арман ойы,
Тройцк қалаға аттандырды.

Оянған ерте ұлттық сана-сезім,
Сергітті ашып ақын кекірек көзін.
Өр тұлға, намысы зор, ер азамат
Жазып кетті үрпакқа өткір сөзін.

Бір беткей қайсар мінез тумасында,
Тартқан-ау асыл текті атасына.
Ұлтжанды қасиетінен айнымаған,
Жұлдыз емес Ай болған расында.

Жүсілбек Аймауытов
(1989-1931)

Баяннан ұшқан қыранның бірі,
Жасынан шыққан жарқылдаپ үні.
Ұлтының туған намысын қорғап,
Халқының нағыз болды ол ұлы.

Қара адыр деген шүрайлы жерде,
Жүсілбек туып, танылған елге.
Күн көріс үшін етікші болып,
Мектепке түскен бозбала кезде.

Көркем тіл, идеяға толы роман,
Ел-жүрттың болашағы болған арман.
“Картқожа”, “Ақбілек” пен пьесаларда,
Ұлттық бейне жасалып дараланған.

Ертегі балаларға базарлығы,
Аударған Дюома, Пушкин, Толстойды,
Сын макала, ғылыми еңбек жазып,
Игерген қайраткер боп саясатты.

Төлтума жеті кітап жарық көрген,
Аударма, окулықтар және берген.
Жалындаған дарынды жас Жүсілбек,
Қыршынынан қылған жаламенен.

Тым қысқа қырық екі жыл ғұмыр кешкен,
Мол мұра қалдырды ол кетпес естен.
Сұлтанмахмұт өлеңін жинастырып,
Хат жазып Мәшекеңмен көп кеңескен.

Ілініп сүркия заман тырнағына,
Нәубәт болған қазақтың ұлдарына.
Ұлтын сүйген Жұсіпбек “ұлтшыл” болып,
Жете алмады көздеген арманына.

Қосым Пішенбаев

(1844-1932)

Халықтан шыққан даналар,
Болған ғой біздің бабалар.
Болжаған кенді жерлерді,
Қосымдай қайда дана бар?

Екібастың ашқан көмірін,
Арнаған соған өмірін.
Байытып көпес Поповты,
Деровтың тапқан көңілін.

Аралап тау мен жотаны,
Іздеген түсті металды.
Шөбінен, тастан таныған,
Анықтап кеннің отанын.

Майкөбе мен Шөптікөл,
Көмірі майлы отты жер.
Алтынды өлке Майқайың,
Жосалы үшін төкті тер.

Игілік көрді ел-жұрты,
Иемденіп көмір кенішін.
Ұмытпай халқы біледі,
Ел үшін еңбек еткенін.

Қаныш Сәтбаев

(1899-1963)

Арқада тау біткеннің көріктісі
Баянтау Сарыарқаның кіндік тұсы.
Текшелеп жиып қойған сандық тастар,
Көркінен есендірер көрген кісі.

Лақтырып шашу шашсан ңұлу көлге,
Түбінен көрінеді құміс теңге.
Жасыбай, Біржан көлі, Торайғыры,
Сабындықөл көбігін шашқан күнге.

Көк бүйра қыраттары, тал қарағай,
Кете алмас көрген адам бір қайрылмай,
Шатқалдан сай қуалап аққан бұлак,
Көлге қуат беретін тамырындай.

Табигат ерекше бір сый арнаған
Қияға қыран бүркіт ұялаған,
Текше тасты арқары мекендерген,
Қасиет-кие дарыған о заманнан.

Құміс бұлак, айна көл шексіз жазық,
Ақбет тауы ортада алтын қазық.
Тудырган талай дарын перзенттерді,
Казактың мандайына тағдыр жазып.

Саумалдай самал желі желпіп беттен,
Даланың жұпар нісі жанды елтіткен.
Қажыр-қайрат бойына ұялатып,
Әрбір туған ұланын дарынды еткен.

Сұлу жер, әсем өлке қуат берген,
Ұрпағы кем қалмаған еш өнерден.
Сәтбаев Фабдул-Фани жайын айтсақ,
Жасынан тауды кезіп, тасты терген.

Ұлы дала сый еткен данышпаным,
Қандай жүрт мактан етпес Қаныштарын.
Әлемді білімімен бас идірген,
Дара біткен қазакқа арыстаным

Имантай би зар болып бір перзентке
Файыптан тұс көреді құла тұзде.
Түсінде Қыдыр ата аян беріп,
Қолына ұстаратады үш нәресте.

Үшінші арыстандай айбатты ұлан,
Сәуірдің он екісі күні туған.
Елу төртке жасы кеп Имантайдың,
Жүз айналып-толғанған Қанышынан.

Бағына білікті ұстаз кездеседі,
Баланың зеректігін тез сезеді.
Күннің нұрын қуалап жарық іздеп,
Семейге, бала Қаныш жол шегеді...

Басталып содан кейін дүбірлі енбек,
Халқына қызмет етті жанды тербеп.
Көтеріп шаңырағын Ұлттық ғылым
Еңбегін сініреді ол еселеп.

Академик қазақтан тұңғыш шыққан
Жер асты қазынасы сырын үкқан,
Жезқазган, Ұлытаумен, Манғыстауда,
Геологтың білгірлігі, ерлігі асқан.

Тұған жері сақталып жүрегінде
Көтерді Екібасты бір беленге,
Канал салып, Ертістің суын тартты,
Екібас, Караганды құба белге.

Алып еді құрылыс шындығында,
Сыймайтын ақыл мен ой үғымына.
Каныштай данышпанның батыл ісі,
Бөледі шөлді өлкені жасыл нұға.

Ұлан-ғайыр қисапсыз атқарғаны,
Күн сайын еске аламыз ғұламаны.
Ұлы ғалым иғі іс жасап қоймай,
Болжаган, зеректікпен алдағыны

Дарыған туған жердің қасиеті,
Асып-тасып артылған қабілеті.
Кең пейіл, жаны дархан қазағымның
Жұлдызы, текті туған бір перзенті

Жаяу Мұса

(1835-1929)

(Мұса Байжанұлының 150 жылдың жойына арнау)

Бұлбұлдай ән төгілткен көмейінен,
Тандантқан дүйім жұртты өлеңімен.
Ту еткен әділдікті, бостандықты
Ер тұлға азаматты көремін мен.

Сезім серпіні

Жеті өнер ер жігітке аздық еткен,
Сен шынар сол өнерге қолың жеткен.
Кек алған қанжар, наиза үстамай-ақ,
Тұсынан дүшпанының өлеңдеткен.

Өрлігі сай боп келген тұлғасына,
Өнері жеткен тасып бір басына,
Куәсі қос ғасырдың Жаяу ата,
Мұрасы ғасырларга жалғасуда.

Көп көрген, аралаған талай жерді,
Бағалай алмады ел сіздей кенді.
Жұз елу жылдығыңа байғазы бол,
Орнайды ескерткішің басыңа енді.

Жұздесіп Баяныңмен сағынысқан,
Далаңды да көресің сағымы үшқан.
Күміс көл, көк тауыңмен қауышарсын,
Мәрмәр тасқа айналып сағыныштан.

Ал, Баян жырла енді дүлдүлінді,
Ел үшін артық шыққан бір гүлінді.
Қондырып бұтағыңа алдың бүгін
Биікте үшып жүрген бұлбұлынды.

Сан саңлақ түлеп шыққан өңірінен,
Даңқынды өрнектеген өмірімен.
Бір ұлдың ұлылығын тойла, Баян,
Құтты болсын айтамын шын көнілден.
1985 жыл.

Хорлан сәлемдемесі

Зуылдаған күндер-ай күміс қанат,
Барады күн батуға енді таяп.
Өткен күннің оралмас белгісіндей,
Жұзігіне үнілді Естай қарап.

Базары жастық шақтың кеткен тарқап,
Өкініш пен қайғыдан жүрек шаршап.
Домбыра шанағында жоргалайды,
Әнді аңсап, Хорланды аңсап, қайран саусақ.

Жол түсіп Маралдыға келді тағы,
Естайдың жер ортаға келген шағы.
Қарсы алып жарқын жүзбен күтті Хорлан,
Самайдан көрінеді шаштың ағы.

Жыр айтылды бірталай Хұсни-Хорлан,
Сүйгенді алған жігітте бар ма арман?
Жақсы күнде табыспай о дарига,
Айырған екі жасты дүние жалған.

Сәлемдеме жеңгейге салды Хорлан,
Құлпырған шәйі көйлек көк торғыннан.
Кымбат адам екен деп мына іске,
Ақкөлде таңданбаған қалмады жан.

Естай Беркімбайев

(1873-1946)

Ақкөлмен Жайылмадай жерде туған,
Бұл Естай жастайынан өнер қуған.
Каз конып, акқуы үшқан, балығы мол,
Тогыз көлдің суымен бетін жуған.

Сезім серпіні

Естайдың жастайынан жанған багы.
Есінде нағашы айтқан толғаулары.
Анасы Құлипада әнші еді,
Бойына үялаған жыр бұлағы.

Өн салған небір ұлы жиындарда,
Аралап өні жеткен қырыларға.
Мәңгілік ғашықтарға дастан болған,
Естай мен Хорланда да арман бар ма?

Өрлеткен әнін көкке Өлеңтіде,
Иен дала, шалқар жатқан кең өлкеде.
Кездесіп Біржан, Ақан, Ыбыраймен,
Өн салған Омбы, Семей, Караөткелде.

“Жай қоңыр”, “Майда қоңыр”, “Наз қоңыры”,
“Хорланы”, “Сандугашы”, “Юран-айы”
“Бір мысқал”, “Шоң қара ағаш”, “Ашу-пышак”,
Төгілген көмейінен өн маржаны.

Жырлаган жаңа өмірді шабытпенен,
Қарсы алған әrbіr танды үмітпенен.
Естайдың “Хорлан” өні аныз болып,
Нотамен Ерзакович жазып берген.

Мүше боп Композитор одағына,
Әндері қолданылды опера да.
“Хорланы” “Хорлығайын” деп аталып,
Айналды драмалық поэмаға.

Әнші Майра

(1890-1927)

Әнін қосып Исамен, Әміремен
Он үш жастан бұл Майра топқа енген.
Сырнайлатып Кереку көшесінде,
Тәнті еткен талай жұртты өнерімен.

Әнші атағы жайылды дүйім елге,
Талайлар ізден келді Керекуге.
Арнайы шақыртумен алдырыпты,
Кояндыда өтетін жәрмеңкеге.

Жиырмаға әншінің толған шағы,
Майра әнші атанды Арқадағы.
Ән шығарып жанынан, өзі айтып,
Базары бақытының тарқамады.

Кездесіп Затаевич жазды әнін,
Сипаттап, жеткізді елге сыр мен сәнін
“Майра” әні бар қазактың аузында
Біле бер осыдан-ақ әннің мәнін.

Зар заман, талайларды еніреткен,
Салқыны Майрага да келіп жеткен.
Өлмейтін өнерінің арқасында,
Майра апам әр күн сайын өлендеткен.

Шәкен Айманов

(1914-1970)

Торайғыр көл жағасында,
Дүние есігін ашты Шәкен.
Қазағымның киносына,
Асыл нұрын шашты Шәкен.

Оқып журіп ол Семейде,
Катысады үйірмеге.
Бойындағы бар дарынын,
Сыйлап кетті дүйім елге.

Мұсірепов Габит аға,
Катты сыйлап берген баға.
Өзі арнайы шақыртумен,
Алдырыпты Алматыға.

Сахнада сомдап актер,
Қобыланды, Қодарды да,
Ақан менен Жамбылды ойнап,
Исатай болып қарады алға.

Қайырымды ағайынға,
Жоғары еді кіслігі.
Баянауыл баурайында,
Талай фильм түсірілді,

Туа біткен талантымен,
Одакқа ерен аты шықты.
Талайларды таңдандарған,
Жаны сұлу, рухы мықты.

Көрген сайын әр фильмнен,
Аймановқа таңданым мен.
Мәңгілікке есте қалды,
Өзі ойнаған Алдарымен.

Қасиетін қазагымның,
Жан-тәнімен сезе білді.
Кайран Шәкен дейді қазір,
Сағынғанда ел өзінді.

Жабайхан Әбділдин

(1933)

Туган жері Майтұбек, Май ауданы,
Ғалым болып, ғылым жолын шарлады.
Терең зерттеп философия ілімін,
Шәкірттермен ұлы істерді жалғады.

Лауреат, орден алған қайраткер,
Үш жүздейін еңбек жазып төкті тер.
Депутат боп Парламентте отырар,
Өзініздей әз агалар, тектілер.

Қоңған Қенжетаев

(1916)

Ізін басып Шәкендей ағаңыздың,
Өнердегі орнынды таба білдің.
Талаптыны өзіндей өрге бастап,
Өуелетіп асқақ ән сала білдің.

Жер сұлуы Баянның баурайында,
Айман бұлак, Торайғыр қойнауында.
Қос талант, екі дарын өсіп жатты,
Қазақтың дара біткен маңдайына.

Мәскеуде оқып өнер үйренеді,
Драма, менгергені кино өнері.
Қатар ұстап тізгінін әнші, актер,
Кәукендей ағаға кім тең келеді?!

Ер Тарғын, Жалбыр менен Бекежанды,
Княз Игорь, Руслан, Жанботаны,
Әсем қоңыр даусымен шырқағанда,
Тәнті болып тыңдайсың операны.

Өзі де операны қойды талай
Кинода ойнады роль ол бірталай.
Сыр актарды, бірнеше кітап жазып,
Есінде жас үрпактың сақталардай.

Атағы бір басынан артылғандай,
Ұлың болсын сүйінер нар тұлғадай.
Кәуken, Шәкен ұшыпты бір ұядан,
Мақтанса, Баянтауы мақтанғандай.

Құат Әбделхәйтов

(1925-2004)

Қазақтың киносының ардагері,
Шығарды асқақ өнер алға сені.
Шәкен менен Кәукеннің ісін жалғап,
Өзі де тыңнан соқпақ салған еді.

Баулып сені Павлодар сахнасы,
 Аудысаған көрермен ықыласы.
 Өнердің өріне өрлеп, қанат қағып,
 "Киноактер" атанып, даңқың асты.

Баянның биігінен үшқан қыран,
 Тұған жер топырағынан күш дарыған.
 Сөйлете білдің қазақша, тілін тауып,
 Келген кино біткенді тысқарыдан.

Жөргектегі сәбиді қолына алып,
 Мәшіүрдің ат қойғаны еліңе анық,
 Көрсін деп келер үрпак, Баянтаудың,
 Суретін кино бетіне кеттің салып.

Жұмат Шанин

(1892-1938)

Баянтау талант тұнған алтын бесік
 Желтауда Жұмат туған ашып есік.
 Аralап қасиетті топырағынды ,
 Тұрады сикырлы бір самал есіп.

Баяндай қасиетті жерде туып,
 Омбыға барған Жұмат арман қуып.
 Бағына қарай кез болып, Сәкен аға,
 Түсті өнер жолына белді буып.

Жат елде ұмыт болып жағыздығы,
 Жарқырап қарсы алдынан таң жұлдызы.
 Семейге пароходпен келді Жұмат,
 Елінің тартты ма екен, дәмі-тұзы?!

Бойында өр талаптың оты шалқып,
Семейдегі театрда беделі артып,
Ат басын бүрді Жұмат Оңтүстікке,
Өнер, білім-байлық жоқ бұдан артық.

Оқырман өзі аңғарар жыр астарын,
Саралап айту қыын, рас бәрін,
Қазақтың сахнасының ең төрінде,
Отыр бүгін ағамыз-Жұмат Шанин.

Қамар Қасымов

(1893-1966)

Торайғыр көлі, қасиетті сенің бұлағың,
Сондықтан болар өнерлі барша ұланың.
Алланың өзі аспаннан нұрын жаудырып,
Жасаған шыгар дарынның сенде тұрағын.

Әнші де, күйші, ақын да шыққан өзінен
Таланттың нұры тауынан нұр боп төгілген
Шебер де шықты, домбыра, қобыз жасайтын,
Он саусақтан өнері гүл боп өрілген.

Жасаса Қамар аспаптың алуан түрлісін,
Алмасын қайтып басқалар оның үлгісін.
Мәскеу мен Питер, Алматы мұражайында
Көресің барсаң аспаптың көркем нұрлысын.

Шертілген күймен, тербеген бойды әсерлі ән,
Думанның көркі, тойдың сәні қашаннан.
Қамардай сірә, шеберлер бүгін бар ма екен?
Домбыра барма, хас шеберлер жасаған?!

Кошынханбет (Кошке) Кеменгеров
(1898-1937)

Баянның бір ұлы бар Кошке атты,
Жасынан әйгілі елге азаматы.
Он жеті жасар қазақтың жазғандарын,
Газет пенен журналдар басып жатты.

Әлеуметтік теңсіздік тақырыбы,
Жазғаны әйелдердің ашы мұны.
Кошкенің қаламынан туындаған,
Алғашқы “Казак-орыс” төл сөздігі.

Айыптаап күштілердің езгілігін,
Жұмсады ел мұддесіне бар білімін.
Қазақтың тарихына шолу жасап,
Көтерді мәртебесін өз тілінің.

Болғанда әкем Кеменгер, атым Кошке,
Жетемін дегеніме, ерте-кешпе.
Дейді еken Баянтаудың ақыығы,
Ардақтап елі бүгін алады еске.

Ләзиза Серғазина
(1908-1982)

Айдыны Ақ Ертістің шарайналы,
Әнші етті, ақын етті талайларды.
Тұғанда Ләзизадай дарын қызы
Ақсудың атқан таңы арайланды.

Кереку кеудесінен құс боп үшқан.
Жасынан өлең сөздің мәнін үкқан.
Мактандың етеміз біз апамызды,
Қыздардан журналист ол алғаш шыққан.

“Жетісү”, “Социалистік Қазақстан”,
“Әйел тендігі” журналы жолын ашқан.
Аудармашы, қайраткер, әрі ақын
Өнерімен еліне нұрын шашқан

“Қасиетті махаббат” дастаны бар,
“Ақша бұлтта” өлең сөз аскары бар.
Оқыған “Қазақстан әйелдерін”,
Қанша сырлас, пікірлес достары бар.

Зейтін Ақышев

(1911-1991)

Жаяу-жалпы кіргеге еріп барды да,
Бір-екі жыл білім алды Омбыда.
Он үш жасар ерте есейген жас түлек,
Баян жаққа, қайтты өскен ортага.

Ұстаз болып еңбек жолын бастаған
Алматыдан бірақ шықты баспадан
Мұғалімдер газетінде басқарды,
Драматург, аудармашы, жас қалам

Тұңғыш өлең “Ағаш үй” деп аталды,
Газет қолда, жас жүрегі от алды.
Талапкердің бағын ашып осы өлең,
Үлкендерден қолдау естіп, бата алды.

Жазды Зейтін әңгіме де, повест те
“Жаяу Мұса” романы әлі есте,
Баянауыл ауданының тумасы,
Тұр асқақтап бүгін биік белесте.

Дихан Әбілов

(1907-2004)

Табиғат тұла бойға берген дарын,
Мойылды бұлағында туған ақын.
“Өулие бұлағы” деп аталады,
Бұрылып, өткен-кеткен су алатын.

Баяннан орысша оқып білім алған,
Семейде бұл оқуды жалғастырган.
Шідерті болысында хатшы болып,
Нәсібін теріп жеген алыс қырдан.

Басталды ақын өмірі жел өтінде,
Тағдыр өзі-алатын, беретін де.
Талпынып Дихан алғаш тартты қалам,
Баянның “Ленин туы” газетінде.

Аспирант бол майданға аттанады,
Келген соң талай істі атқарады.
Өлеңмен роман да повесть жазып,
Өлеңді жүректерде сакталады.

Өз елін асқақтапай тұра ма ақын,
Көтеріп туған жердің атақ- данқын.
Торайғыров туралы роман жазып,
Ауылдының көрсетті тұрмыс-салтын.

“Шалқыма”, “Мұңсыз Мариям”, “Майданбегі”,
“Алтай жыры”, таңдаулы өлеңдері.

Ерен еткен еңбектің белгісі ғой,
Кеудесінде жарқырап ордендері.

Кітабы шет тілдерде жарық көрген,
Өзі де ғасыр жасасқан туған елмен.
Дихандай асыл баба тудырган ел,
Бәйгесін бере қоймас мәңгі өнерден.

Қалижан Бекхажин

(1913)

Қалижан Павлодардың төл тумасы,
“Орман қызы” алғашқы поэмасы.
Республикалық байқауда жүлделі боп,
Өнердегі болды ол жолдың басы.

Майдангер жырға қосты отты жылды,
Тамызып жырларында өткір тілді.
“Александр Невский”, “Жиырма сегіз”,
Лирикалық әндер де сонда туды.

Жыр етті жұмысшыны, еңбеккерді,
Өлеңге арқау етіп төккен терді.
Мариям Жагорқызын ұлғі етіп,
Ұлт достығын әсерлі жырлап берді.

Арнады әнін, жырын балаларға,
Көңіл бөлді Қалижан аудармага.
Халықтың жазушысы атағы бар,
Ризамыз бізде осындай агаларға.

Мұзатар Әлімбайев

(1923)

Он бес жастан өлеңге қанат сермеп,
Келеді әлі талмай қалам тербеп.
Маралдының Мұзатар ақыны,
Әмір бойы өлеңнен салған өрнек.

Хорландай аруы бар елі дастан,
Шуағын Маралдыға төккен аспан.
Талпынған жас қыранға Мұзатадай,
“Қызыл ту” газеті алғаш бетін ашқан.

Сүрапыл соғысты да бастан кешіп,
Қаламын тастамаған, белді шешіп.
Оралған соң есен-сау отанына,
Өлеңнің майданында желдей есіп.

Алпыс төрт төлтуманы жазған ақын,
Аударма өз алдына бір-бір алтын.
Жас жеткіншек балаға өлең арнап,
Болашаққа жолдаған жырын жарқын.

Жұз сексен ән мәтінін жазған аға,
Ешбір ән жете алмайды “Маралдыға”
Қазактың ауылының ән ұраны,
Айтатын әркім жерін сағынғанда.

Атасы “Пионер” мен “Балдырғаның”,
Балалар ең бастысы жырларының.
Поэма, мақал- мәтел, эссе жазып,
Өлеңмен түйіп берген бар арманын.

Иса Байзақов

(1900-1946)

Ертісте “Ұлгілідей” құт мекенде,
Исадай ақын келген дүниеге.
Балалық шағы өткен қындықпен,
Жақсылық бүйіра ма қу кедейге.

Томск қаласында шахты қазған,
Құйтырқы заман еді әбден тозған.
Тенсіздік тақсіретін жырга қосып,
“Бала ақын” атанып топтан озған.

Бір жылы той өтеді Павлодарда,
Тақырып беріледі ақындарға.
Сол тойда таңдайынан өлең саулап,
Исаның даңқы жетті бар аймаққа.

Кейіннен оқу іздел Семей барды,
Актерлік, әртістікті қалап алды.
Драма үйірмесі жастарымен,
Шығыстың талай жерін аралады.

Зайсан, Қалба, Марқакөл, Тарбагатай,
Исаның мәңгі есінде қалды Алтай.
“Құралай сұлу”, “Алтайдың аясында”
Дастандардың желісін тапқан солай.

Сауық кеште өрледі өнерімен,
Суырып салған ылғи өлеңімен.
Казактың театрынан тұрақ тапты,
Кездесіп өнердің кен кемелімен.

Әміре, Серке, Елубай, Құрманбектер,
Калибек, ылғи өңшен асыл тектер.
Исада осылармен бірдей жүріп,
Ұлттық театр негізін қалап кеткен.

“Ақбөпе”, “Кавказ”, “Алтай аясында”,
Сөзіне “Құралай сұлу” тоясын ба.
“Желдірме” кейінгіге үлгі болған
Өлеңнің Иса жүрді қиясында.

Ақындық, әртістікті тізгіндеген,
Исадай төкпе ақынды кім білмеген.
Дарынды, зерек ұлды мақтан тұтар,
Сагынып, ел жүрегі елжіреген.

Сабит Доненбаев

(1894-1933)

Сәбиттің туған жері Ақсу маңы,
Дәлірек айтсақ егер төртінші ауыл.
Шыр етіп дүниеге келген жасқа,
Басталды төрт жылдан соң жаңа ғасыр.

Бітіріп Павлодардан медресені,
Ауылға мұғалім бол оралады.
Патшаның жарлығымен окоп қазып,
Колына қайла, күрек тағы алады.

Семейде оку оқып, білім алды,
Дарыны білімімен арайланды.
Халқының әлеуметтік тіршілігін,
Айтуға өлеңімен жанын салды.

Жырына ескі өмірді арқау етті,
Келмеске ол феодалдық дәуір кетті.
Кезеңін жырлап кенес заманының,
Өзі туған ортаға нұрын септі.

Таяуда атап етті жүз жылдығын,
Ұмытсын елі неге туған ұлын.
Отыз жеті жас жасап аты шыкқан,
Сәбиттің біз де айтайық ұлылығын.

(2004 жылы Ақсу қаласында 100 жылдық тойы салтанатты түрде атап етілді)

*Ахат Жақсылғаев
(1940)*

Павлодардан аяқтап он жылдықты,
Білмекке еңбек етіп бар шындықты.
Екібастұз шахтасында жұмыс істеп,
Алуға терең білім көп ынтықты.

Жолын қылп алдыңғы агалардың,
Жүзеге асырды ол бар арманын.
Игеріп журналистік мамандықты,
Паш етті жарқын ісін замандастың

“Бозарал”, “Қайырлы таң” повестері,
Екібастұз кенші өмірін өрнектеді.
“Егес”, “Бөгет” аударып романдарын,
Ахатты орыс жұрты құрметтеді.

Жастар мен әдебиет газеттері,
Шындауды, жас дарынды шеттетпеді.
Әдебиет майданында біздің жерлес,
“Жұлдызға” сіңірген көп еңбектері.

*Мұбәрак Жаманбалинов
(1924)*

Железинка ауданында,
Бар Тәттімбет ауылы.
Топырағы құнарлы жер,
Өскен тал мен қайыңы.

Балалардың төл ақыны,
Мұбарактай аға елі.
Жасқа айтар мол ақылы,
Біздің ағай өнер кені.

Алғаш рет “Айна бұлак”,
Шықты өлеңдер жинағы.
Содан бері таудан құлап,
Жыр бұлағы тулады.

“Ертіс лебі”, “Менің інім”,
“Батыр ұстаз” поэмалар.
Өлең, жұмбак, ертегі мен,
Дастан, мысал, жаңылтпаштар.

Шағында да сексен асқан,
Таппай тыным еңбек еткен.
Жинаң елдің шежіресін,
Мол тарихты жария еткен.

Осындай бір ағай бар деп,
Мен ағамды мақтан етем.
Жақсы ағаның салған ізі,
Ұрпақтарға дастан екен.

Қалмұқан Исадаев
(1925)

Құт қонған Баянауыл топырагында,
Қалжа берген жас сәби Қалмұқанға.
Марқа пісіп, сар қымыз сапырылып,
Тамыз айы тамылжып тұрған шақта.

Катысып Ұлы Отан соғысына,
Торғыз жыл қызмет еткен Армияда.
Запасқа шыққаннан соң бетті бүрдые,
Біржола әдебиет майданына.

Сол кезде қанат жайды зор құрылыс,
Ертістен канал тарту болды үлкен іс.
Қыратқа Қараганды қаласына,
Жеткізу суды бұрып, бір қыын іс.

Қалмұқан танысты сол жобаменен,
Жаяулап сапар шекті арнасымен.
Он екі жыл бойына қалам тербеп,
Кітап жазды, очерк, мақаламен.

Көтеріп тың тақырып жазған талдал,
Пішенбаев Косымға кітап арнап.
Екібастұз көмірін ашқан жанның,
Өткізген өміріне терең бойлап.

“Айқыз”, “Сұнқар самғауы”, “Бетпе-беті”,
“Өткелде”, “Өрде”, “Арна” көпке жетті.
Жыл сайын бір кітаптан жазды аға,
Каншама ел өмірін әңгіме етті.

Асырып Абайдың да аруағын,
Еліне немістердің жыр сыйладын,
Мәрмәр тасқа қашатып "Тау қалғыпты",
Достықтың туын тігіп той тойладың.

Белгісі шексіз еткен адал еңбек,
Кияға келесіз сіз қанат сермел,
Кеуденіз толған орден, медальдарды
Қосамыз ән мен жырға жүрек тербел.

Қуандық Мәшінүр Жұсінов
(1941)

Атақты Мәшінүр Жұсіп немересі,
Бақ боп қонған атаның өнегесі.
Фалымдық, жазушылық қатар біткен,
Шабыттың шалқып асқан кенересі.

"Бір әйелдің өмірі", "Армандастар",
Повестер, өңгімелер, жазған дастан.
Ғылыми еңбектері бір-бір тәбе,
Ұстаздық қызметі де жүрттан асқан.

Жолын қуып жақсы әке-atalардың,
Ғылымға бетін бүрдү боталары.
Ұл-қызы кандидаттық түгел қорғап,
Мәшекен биіктеді жоталары.

Аманжол Шамкенов

(1927-2004)

Ақын келген дүниеге,
Асау Ертіс жағасында.
Ұзақ жылдар еңбек етіп,
Берген халқы бағасында.

Кітап жазып қырық шақты,
Сол өнерден бақыт тапты.
Менгерген ол сан-саланы,
Драматург, прозашы.

Студенттің сырын жырлап,
Шығарған ол етіп жинақ,
Өлеңменен роман жазып.
Поэмалар туған тулап.

Әңгіме арнап балаларға,
Тұған жерін жырға қосқан.
Түрлі-түрлі қойылымын,
Театрларда халық тосқан.

Тың туралы қалам тербеп,
Өз өлкесін дәріптеген.
Аманжолдай ақын ага,
Көшті өмірден, ғайып-ерен.

Рашазан Токтаров

(1935-2000)

Берекелі күзде туган,
Алып бірге ырысын.
Кара сөздің жүйрігісін,
Романның асқан пірісін.

Французша білім алғып,
Талай тілді менгерген.
Қalam алғып, журналист бол,
Мамандығы өзгерген.

Ертісінің перзенттерін,
Повесіне енгізген.
Екі-үш жылда роман жазып,
Елге еңбегін сіңірген.

“Жер ұлгісі”, “Фасыр наны”,
“Бақыт” пенен “Тұлпар сыны”.
“Терістіктің шұғыласы”,
“Сусамырдай” романы.

Бәрінен де биік тұрган,
Ерке Ертісі мұхит құйған,
Халқы бірак ерте айрылды,
Осындай бір мәндайлы ұлдан.

Белгібай Шалабаев

(1911-1990)

Баянның бір тұлегі бұл Белгібай,
Атына, атақ-данқы, білімі сай.
Дайындап талай дарын журналисті,
Жасаған туған жерге бұл сыйындай.

Декан болған, кафедра басқарған,
Жазушылық жүргегінде басты арман.
Повестері, әңгімелер жинағы
Кітап болып шығып жатты баспадан.

Мол мұра ол жасаған аудармасы,
Әдебиет тарихының жылнамасы.
Студентке оқулық арнап жазған,
Фылыми толып жатыр мақаласы.

Ұлы Отан соғысының ардагері,
Кеудесінде жарқырап ордендері.
Еңбек сіңген Одақтың мұғалімі,
Туған жердің сүйікті ақтангері.

Зейін Шашкин

(1912-1966)

Зейін десе зейінді туған ұлан,
Бітірген институтты Москвадан.
Ақындық шеберлігін ұлы Абайдың,
Зерттеумен, сын жазумен шүғылданған.

“Таң атты”, “Тоқаш Бокин”, “Темір казық”,
“Теміртау”, “Өмір тынысы” роман жазып,

“Сеніммен”, “Дархановтай докторы бар,
Бұлардың әрқайсысы бір-бір алып.

Тарихи тақырыпты қолға алған,
“Теміртауда” кен қазып, завод салған.
Фылым мен техниканың жетістігін,
“Сенімдей” романында баяндаған.

Бірнеше пьеса жазып аты шықты,
Тілі бай оралымды, сөзге мықты.
Проза әлемінде қалып қоймай,
Менгерген жас кезінен ақындықты.
Шығарған және жазып оқулықты.

Нұтфолма Шәкенов

(1928-1983)

Нұтфолла туған Ақсу ауданында,
Арманың жалғап жастық арманына.
Жасынан өлең жазып көзге түсті,
Оқу оқып жүргенде Алматыда.

Жиырма жыл Қызылордада ұстаз болды,
Әдеби мұрасы өсіп, білімі толды.
Журналистік өмірге бетін бұрып,
Акпарат әлеміне ашты жолды.

“Біздің жыр”, “Жүрек сөзі”, “Орамалы”,
Кім білмейді “Айғұлдей” поэмалы,
Жүзден асқан әндерге мәтін жазып,
Өлеңі жүректерден орын алды.

Серік Шәкібаев

(1926)

Павлодар қаласында туған Серік,
Көркейтті Шығыс елін көшіп келіп.
Жауапты қызметпен бірге атқарды,
Әдебиет майданына еніп берік.

Роман, повестері жарық көрген,
Жүрсе де біраз жырақ туған жерден.
Қасиетті топырағынан айналайын,
Осындай ұл туғызып, зейін берген.

Қадықарін Ұлдырысов

(1928-1978)

Ақтогай ауданынан тұлеп үшқан,
Көңілі ашық еді күнді қүшқан.
Еліне сәлем жолдап жіберетін,
Туған жерін сағынып, үшқан құстан.

Ерке өскен ерке Ертістің жағасында,
Фашық бол, сағым тұнған даласына.
Қанат байлап жіберген өскен елі,
Дарынды, зерек туған баласына.

Павлодарда бастаған енбек жолын,
Таныған сол кездерде он мен солын.
Отыздай үлкен-кіші кітап жазып,
Арнаған әдебиетке аз ғұмырын.

“Жазушы”, “Жалын” атты баспаларда,
Өнеге-үлгі болған басқаларға.
Мәтінін жазып өсем өуендердің,
Өзі дағы ән салған асқақ аға.

Аударып тұлғалардың өлеңдерін,
Алғысына бөленді өрелі елдің.
Аз ғана жасаса да саз жасаған,
Бақыл бол, асыл аға кеменгерім.

Қадыр Тайшықов

(1900-1937)

Баянның Қадыр аға бір баласы
Біледі оны елі, сай-саласы.
Жасынан білім қуып Ташкент барған,
Отыз жеті жыл жасап айналасы.

Әдеби қызмет етті газеттерде,
Ұмытпай туған елін жүріп шетте.
Мемлекеттік баспада редактор боп,
Пайдасын тигізіп еді қалың көпке.

Лақап атпен жазады фельетонды,
Талайлар өзін танып, қорқып, тонды.
Ән шығарып, жанынан күй шығарып,
Үн парактың кезінде жүзі толды.

Алланың нұры жауған жерден өнген,
Білім ап Павлодардай ардақты елден.
Құрметтеп шығармасын жастар оқып,
Айтады аңыз қылып көзі көрген.

Салжан Судханберген

(1914-1986)

Баянның Жаңажолдай ауылында,
Жоталы таулы өлкенің бауырында.
Дүниеге Сәлжан атты балғын келген,
Денсаулық ұсынуға қауымына.

Оқып, біліп түйгенін жазып кеткен,
Дәрігерлік салада еңбек еткен.
Фылыми еңбек қорғап, доцент болып,
Жазушылық дарыны қоса біткен.

Кітабы бар "Мақал-мәтел, нақылдар",
"Денсаулықты ойла" деген ақыл бар.
Шопан үшін қойын дәптер шыгарып,
Өсімдіктің дәрүлігін мақұлдар.

Асырып туған жердің абырайын
Жұмсаған иглікке ақыл- ойын
Қабыл ал, еңбек сүйгіш жақсы ұлдың
Өздеріңе ариған, халқым сыйын.

Мамын Әмірбеков

(1890-1973)

Момынды әлдилеген Баян жері,
Тербеткен бесігінде шалкар көлі.
Жасынан ән мен күйге құмар болып,
Туа біткен акындық қасиеттері.

Ауызекі шығарып айтқан өлең,
Өлең десе көнілі елендеген
“Пернедегі термелер”, “Кербез дала”,
Өлендер жинақтары жарық көрген.

Тұған жерін жырына қосқан ақын,
Өлеңіне тәнті боп алыс-жақын.
“Белестер” мен “Ақселеу” жинағында,
Жырлаған саятшы-аңшы табиғатын.

Нұрлыбек Байшуратов
(1887-1969)

Ақындық, өншілік пен қатар жүрген,
Ескіше, жаңаша да оқи білген.
Иса, Нартай, Толеудей ақындармен,
Айтысып, абыроймен топқа кірген.

Каһарман Тоқтаровқа дастан жазған
Дастанды “Ер Төлеген” деп атаған.
Ауыз екі айтылған өн мен жырды,
Жазып ап, үлгілерін жинақтаған.

“Қанды жорық”, “Казына” кітап болды,
Нұрлыбекке халқының көнілі толды,
Өн өнерін биікке шарықтатып,
Кейінгі жас үрпакқа ашты жолды.

*Нұрлыбек тұған Бескарагай ауданы бүрын Павлодар облысына қараган.

Қали Байжанов

(1877-1966)

Казактың саз өнерін дәуірлеткен,
Әнімен көңілдерді коктем еткен.
Жарылғапберді ұстазы Байжановтың,
Өлеңі Сарыарқаны дүбірлеткен.

Ән салса, көл толқыған, тау жаңғырып,
Кеткендей дауыл соғып, нөсер құйып.
Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса,
Әндерін орындаған көңілі сүйіп.

Жасында Екібастұзда көмір қазған,
Желтауда тау қопарып, тас қашаган.
Әнердің құдай берген арқасында,
Халықтың әртісі деп атақ алған.

Қатысып онқұндікке Мәскеуде өткен,
Аспанга әсем үнін әуелеткен.
Қалидың әншілігін естіген жұрт,
Құлақ түріп, танданып, елең еткен.

Марынғанберді Жұмабайұлы

(1851-1914)

Баянтау тегін емес Арқадағы,
Әр тасы әуелетіп ән салады.
Күмбірлете күй шертіп, көк терегі,
Әуезді саз күн нұрын қарсы алады.

Косылып сыр шертеді қамыс-құрак,
Сылқылдап, мың бұралып күміс бұлак
Бетеге, қалың көде, жусан-изен,
Әуенге егіледі көзін шылап.

Сызылтып, сыңсып акқу көлдерінде,
Бұлбұлы, бозторғайы белдерінде.
Арқардың дүбірлеген тұяғымен,
Бейне оркестр ойнайды жер бетінде .

Осындай нұрлы өлкеде туған еді,
Әншілердің саңдағы Жарылғапберді.
Қасиетімен сусындал өскен жердін,
Соңынан түлеп үшқан шәкірттері.

Табиғат аямай-ақ берген сыйын,
Өнердің менгеріпті ойы-қырын.
Сазгер, ақын, палуан, сері жігіт,
Сеуіпті мұсылманшылық тағы нұрын.

Ән биігі “Топайкөк”, “Шама”, “Ардак”,
Баянның саз өнері дейді ардақтап.
Киелі топырақтан үшқан әуен,
Казактың жүрегінде тұр қонақтап.

Құдайберген Әлсейітов

(1884-1933)

Ән салған домбырамен Құдайберген,
“Салған әні халқына үнай берген”.
Ортага шыға келсе тілін безеп,
Дүйім жұрт елең етіп, тындай берген.

Туған ол Железинка ауданында,
Жері сұлу табиғат аумағында.
Суырып салма ақын, әнші жігіт,
Атанған он жасынан ақын бала.

Көмейіне үя сап, ән мен өлең,
Күмбір қағып төгілген кеудесінен.
Өлеңді өзі айтқан, ән шығарып,
Кетпестей айтқан әні ел есінен.

Аralap Павлодарды, Ақмоланы,
Көкшетау, Семейде де ән салады.
Қараөткел, Қояндыда өлең айтып,
Жәрменкеге келген ел таң қалады.

Белгілі Құдайберген термелері,
Желдірме, хас жүйріктей кермедегі.
Хадиша қызы, Ыбыраймен айтыстары,
Өзіне абырай-атақ берген еді.

Жабай Тоганғыров
(1889-1978)

Төрт жасынан таныс бол Қалименен,
Бойына жастайынан дарыды өлең.
Жаңғыртып тау мен тасты ән салғанда,
Тындаған қашқан елік, акқан өзен.

Көмір қазған Екібас шахтасында,
Қатал патша не қылсын, мактасын ба?
Окоп қазып, Ригада жүргенінде,
Қара жұмыс Жабайға батпасын ба?

Оралып Павлодарға келген кезде,
Мүше болып кіреді үйіргеге.
Жұмат Шанинге ерген өнерлі өрен,
Танылды көп ұзамай дүйім елге.

Енбекі сіңген әртіс ол атанған,
Жүзден аса қазақтың әнін салған,
Бір орнында тұрмайды бұл дүние,
Өзі өлсе де өнері артта қалған.

Байғабыл Молиқбайев

(1896-1977)

Ақсудың Құркөл деген ауылында
Ертістің оң қапталы, бауырында.
Дүниеге Байғабылдай әнші келген,
Паш етіп өз өнерін қауымына.

Дос-жар боп Майра менен ата-анасы,
Думанға толы болған айналасы.
Ән үйреніп Майрадай әпкесінен,
Құркөлдің әнге тұнған сай-саласы.

Актер, әнші, режиссер бір басында,
Басқарған театрды ол жиырмасында.
Әдемі, биік шырқар дауысымен,
Ән қанатын қақтырған Арқасында.

Жеткізген бізге Естай, Фазиз әнін
Өрнектеп, Біржан сал мен Ақан сәнін,
Өзі де ән шығарып, тарту еткен,
Өнерпаздар айтып жүр “Домбырасын”

Ойнаған “Айман-Шолпан” пьесасында,
“Кыз Жібек”, “Еңлік-Кебек” бәрі осында.
Өнерін жалғастырган Шолпаны бар,
Павлодар театрының ордасында.

Шахан Мусин

(1913-1999)

Май ауданы , Үлкен Ақжар төрінде,
Шахан Мусин келген екен өмірге.
Еңбек сіңген, халық әртісі атанып,
Жастайынан қанат қаққан өнерге.

Негізін сап Семейдегі театрдың
Туган елдің мәртебесін асырдың.
“Айман-Шолпан”, “Еңлік-Кебек”, “Шұғаны”
Жаршысы етіп жиырмасыншы ғасырдың.

Алматының театрына шақырып,
Жүре берді талантқа нүр шашылып.
Сахналап талай бейне жасады,
Әктер бағы сом бейнеде ашылып.

Бірнеше рет кинода ол ойнады,
Төле бидей асылды да сомдады.
Мәскеудегі он күндікке қатысты,
Естен кетпес күндер еді-ау сондағы.

Ақын жанды дархан еді жүрегі,
Туган елі ер еңбегін біледі.
Қанша қыыр кетсе дағы жерінен,
Еліменен бірге болды тілегі.

Мақпұза Байзакова

(1926-1988)

Төкпе ақын елінің сүйіктісі,
Композитор, әктері, әрі әншісі.
Исадайын майталман сал-серінің,
Мақпұза еркелеткен сұлу қызы.

Казақтан тұңғыш шыққан актриса,
Шарбану сүйген жары дарынды Иса.
Осындай қос саңдақ әлпештеген,
Актриса, педагог бұл Мақпұза.

Дәріс алған бишілер мектебінен,
Балерина буыны бүктетілген.
Мемлекеттік опера театрында,
Баурады барша жұртты өнерімен.

Сомдады талай-талай басты рольді,
Таланттын Мақпузаның елі көрді.
Айсұлу, Баян сұлу, Қарлығаны,
Аңыздардан тірілтіп алып келді.

Педагог боп, соңынан шәкірт ерткен,
Мейірімі көп еді елге сепкен.
Исадайын ақыық әкеге арнап,
Кітап жазып, өмірін жырғып өткен.

Жалғаган ата-ананың ақ арманын,
Мақпузадай асылға ән арнадым.
Аруагы Исаның қолдасын тек,
Ұшырган жүрегімнен жыр жолдарын.

Қапиза Әбдегалиева
(1926)

Ән тулаған Ертістің толқынында,
Белгілі әнші Қапиза туған сонда.
Педколледж бітіріп Павлодардан,
Арман күшпін аттанды Алматыға.

Сырнайменен сыйылтып әнгө салды,
Майраның сіңлісі деп атақ алды.
Қазақконцерт әншісі болып жүріп,
Бірталай шет елдерді аралады.

“Алтын медаль” алған Неру қолынан,
Жалғыз әнші, жұлдызы туған оңынан.
Өз халқының әніменен шектелмей,
Ән әкелген, өзі барған жағынан.

Қытай барған, Үнді, Монгол еліне,
Сапар шеккен Достастықтар жеріне.
Еңбегінің арқасында құрметпен,
Кеуде толды медальменен орденге.

Суат Әбусейітов
(1929-1992)

Жалғастырып ағалардың,
Әнер жолын бастаған.
Актер болу, әнші болу,
Суатқа да басты арман.

Арман күшпін Алматыға,
Сапар шекті жас үлан.

Оза шауып, алға шығып,
Өзі құрбы жастардан.

Екі жарым мыңнан астам,
Айтсақ романс, ариясын.
Әсем әнмен әлдиледі,
Тербел қазақ радиосын.

Алтын қорда сақталған ән,
Игілігі халқымыздың.
Суат аға жүзіп өтті,
Әннің шалқар дариясын.

Болгария, Алмания,
Монголия, Чех жерінде.
Қалықтады қазақ әні,
Оған ешкім тең келмеді.

Суат десе, Суат еді,
Әннің таза мөлдірі еді.
Суат барда жақсы әнге,
Тындаушы жұрт шөлдер ме еді?!

Шапық Шекин

(1912-2004)

Баянның Шапық аға бел баласы,
Академик атанған ел данасы.
Жоқшылықтың тартса да зарын өзі,
Інісін дұрыс жолға салды ағасы.

Сезім серніңі

Жоқшылықта жол тартты білім іздең,
Ташкентке, Орта Азия қаласына.
Шапықты жуан тұқым үрпағы деп,
Тап болды бір белсенді наласына.

Қайсар жігіт, қайратты ер жүректі,
Өзі қалап комсомол тобына өтті.
Жалғастырып окуын Омбы барып,
Ақыры дипломға қолы жетті .

Ілеңің сүй менен қорын зерттеп,
Қапшағай бөгеніне сінірді еңбек.
Сібірдің өзендерін бұру жайлы,
Фылыми еңбек жазды қалам тербел.

Қарағанды Ертістің сүйн татты,
Пайдаланды еліміз зор қуатты.
Энергия көздерін зерттеп ғалым,
Тоқтатты Алматыда селді апатты.

Әйгілі академик атанғаны,
Сәтбаев ісін алға апарғаны.
Сексен төртке келгенде Шапық аға,
Атанған еді “Халық қаһарманы”.

Еңбегі екі жүздей ғылымдағы,
Талай жылдар марапат бүйірмады.
Қыындықты өрқашан жеңіп шығар,
Шапықтай Баянтаудың ер ұлдары.

Әбікен Бекшұров

(1901-1985)

Бұл Баян әйгіленген ұл-қызымен,
Әбікендей жап-жарық жүлдышымен.
Игеріп химияның сырын үққан,
Табиғат сомдап берген нұр жүзімен.

Әбікен білім іздеپ Омбы барған,
Институтты сол жерде тәмәмдаған.
Фылымға жастайынан бетін бүрді,
Білім алу талайға болған арман.

Жүзден астам фылыми жазған еңбек,
Тыңайтқыш, тұз жөнінен қалам тербел.
Профессор, атанып академик,
Шықты фылым шынына құлаш сермел.

Көтеш Райымбекұлы

(1745-1818)

Үш жүзге ақындықпен аты шыққан,
Жасынан өлең сөздің сырын үққан.
Көп тартып кедейліктің тақсіретін,
Басынан күн болмаған бұлт айыққан.

Өлеңмен өрнектеген бар шындықты,
Қарсыласын астарлы сөзben үтты.
Шешендік дара біткен қасиеті,
Болған жоқ нақыл сөзге одан мықты.

Сезім серніңі

Өлеңдері мазмұнды, мағаналы,
Ел-жүртты оны ұмытпай бағалады.
“Абылай, Ботақанды сен өлтірдің”,
Деп ханды да өлеңмен жазалады.

Айтыста аты шығып болды мәлім,
Қисынын, қыстырып сөздің мәнін.
Ауыз екі өлеңін ел жадында,
Сақтаған құйма құлақ дарындарым.

Көш басшы, поэзия тұңғышындай,
Өлеңі бізге жеткен жыл құсындай.
Осындай дара туған бабаларға,
Жөн болмас сырт қалуым жыр ұсынбай.

*Қобылан Борібайдайұлы
(1760-1840)*

Арқада Борібайдай болған ақын,
Ұстаған ақындықтың берік салтын.
Өнерге жастайынан баулып қосқан,
Баласы Қобыландай асыл затын.

Табылған бір басынан мың сан өнер,
Құйылған таңдайынан сыршыл өлең.
Сегіз қырлы, бір сырлы, жырау, әнші,
Бармағынан бал тамған күйші ерен.

Бұхарды, Шал ақынды ұстаз тұтқан,
Өзі де болған сері, бөлек жүрттан.
Үкілі домбырасы күмбірлеген,
Өн бойы жаралғандай ән мен жырдан.

Сақау Мәүкесілі

(1798-1875)

Баянда Майөзектей болған мекен,
 Сақау ақын сол жерде туған екен.
 Ақынның төғіз өлең, бес айтысы,
 Жатталып ауыз екі бізге жеткен.

Айтыста өткір тілді шешен болған,
 Шыншыл ақын, айтпаған сөзді жалған.
 Тоғжан мен Сақау ақын айтыстарын,
 Ұлы Мұхтар жоғары бағалаған.

Айтысқан Жанақ, Сәти, Жәмшібаймен,
 Үстемдікті өтіпті қамшылаумен.
 Торайғыров Шәймерден, Мәшіүр Жүсіп,
 Жеткізген өлендерін қол жазбамен.

Жапар Құттыбайұлы

(1828-1907)

Жапар өлең шығарған он жасынан,
 Әншілік ауылымен қоңсы қонған.
 Домбыраны үйреткен ақын Сақау,
 Өнері арнасынан асып толған.

Айтыста тапқырлығы басым болған,
 Күй шығарып, бірталай дастан жазған.
 Олжабай батыр жайлы айтқан толғау,
 Сегіз сері жоқтауы бар сакталған.

Сезім серніңі

Арабша оқып, жазып хат таныған,
Өлеңмен қоса өзі ән шығарған.
Суырып салма ақын ақыны,
Осындай жайсаң шыққан бұл Баяннан

Садуақас Шорманов

(1850-1927)

Шормандай атасының бауырында,
Өскен екен ол Баян ауылында.
Жалдамалы мұғалім дәріс беріп,
Түсіпті ойдағыдай гимназияға.

Садуакастың ақындықпен аты шыққан,
Таймаған қайырымдылық, адалдықтан.
Қазақтың данышпаны ұлы Абайдың,
Жырларынан үйреніп, пірі тұтқан.

“Айқапқа” көкейкесті жазған хабар,
Елдің жайы туралы мақалалар.
Болашақ өмір салтын насиҳаттап,
Бізге жеткен бір шағын кітабы бар.

Шөл суару, дала ертін жазған зерттеп,
Қазақты отырықшылық өмірге үндел.
Әкімшілік, сот құрылышы, билер жайлы,
Газетке жазып тұрған қалам тербел.

Осындай Садуақас болған зерек,
Әлі де бұл тұлғаны зерттеу керек.
“Махаббат”, “Мінәжаттай” толғаулары,
Ақындық мұрасынан қалған дерек.

Мұқан Машанұлы

(1854-1924)

Баянға аты мәлім молда Мұқан
Жасынан асыл сөздің сырын үққан.
Ауылда бала оқытып, ұстаз болып,
Құр алақан қалмаған ақындықтан.

Молда екен жөні бөлек өзге жұрттан,
Шоң, Торайғыр ауылы құрмет тұтқан.
Сұлтанмахмұт ақындық жолға түскен,
“Лепес қып түкірген соң молда Мұқан”

“Ұлы жорық”, “Үш бәнкер”, “Үш жігіті”,
Поэма боп акталды бар үміті.
“Қозы-Көрпеш-Баянның” жырын толғап,
Жыр нұсқасы толықтай бізге жетті.

Аударып араб, парсы ертегісін,
Өлең етіп жатқызған бар тігісін.
Қисса мен мысал өлең тағы жазып,
Жинаған ауыз екі сөз үлгісін.

Мұстафа Бұркітбайұлы

Тұған жылды маған да мәлім емес,
Біракта Мұстафа атын кімдер білмес,
Ақын, әнші, сал-сері елін сүйген,
“Бұркітбайдай” әні бар мәңгі өлмес.

Жалғастырып Біржанның ән дәстүрін,
Өнердің жинап ішкен бал-шырынын.

Жарылғапберді, Өтелбай, Бәйтен салмен,
Бірге жүріп көрсеткен әншілігін.

Жинаған халқымыздың мол мұрасын,
Жариялад қысқа-нұсқа новелласын,
Дос-жар боп Тәттімбеттей күйшіменен,
Қастерлеп, ардақтаған домбырасын.

Салық (Мұхамедсалық) Әмірханзеулы
(1860-1923)

Қысы- жазы жап-жасыл қарагайлы,
Өлкесі өріс, қотаны малға жайлы
Орманды алқап, Кереку өнірінде,
Елдің көбі біледі Малыбайды.

Салық ақын жасында жылқы баққан,
Жал-құйрығын сәйгүлік сыландатқан.
Табиғатпен тұтаса біткен өлең
Жас жігіттің жүрегін жалындарқан.

Әйгілі ақын болғанмен заманында,
Азғана шығармасы түскен қолға.
Кеңес келіп өртеген қол жазбалар,
Балта болып шабылды мол мұраға.

“Құсайын болыс” атты поэмасы,
Шындықты берген ашып, боямасыз.
Өлеңін өткір тілмен өрнектеген,
Ақынның болған екен ақ алмасы.

Иманжүсіп Құтпанұлы

(1863-1929)

Жігіттің серісі де, серкесі де,
 Халқының, бетке ұстаган еркесі де
 Әнші, акын Иманжүсіп туған екен,
 Керекудің Ақсудай өлкесінде.

Ән-жырға, шешен сөзге болған құмар,
 Суырып салып өлең тамылжытар.
 Біржан, Ақан, Үкіл Ыбырай мен,
 Балуан Шолақ әндерін еткен тұмар.

Жыр еткен теңдік пенен әділетті,
 Мұса мен Мәди жолын таңдал өтті.
 Шығарған өршіл, биік әндерімен,
 Зорлығын әкімдердің әжуа етті.

“Сармойын” әні арқау боп операға,
 “Кызы-Жібекте” айналды арияға.
 Жарасып, үндеседі осы әні,
 Жібекке сырттай ғашық Бекежанға.

Ұшырап талай рет ол құғынға,
 Ақмола, одан кеткен Жетісуга.
 Өмірінің соңында түяқ тіреп,
 Келіпті туған өлке Сарыарқаға.

Арқадағы бәйтерек, ұлы тұлға.
 Артық емес бар құрмет мұндай ұлға.
 Батыр туған бабамыз Иманжүсіп,
 Енді өзінді қосайық ән мен жырға.

Қабыл Исаулов

(1867-1935)

Ақын, әрі мемлекет қайраткері,
Заманының бұл Қабыш ақтанкери
Өкіл болып Орынбор қаласына,
“Алаштың” съезіне барыпты өзі.

Абырай, атағы бар дін ұстаған,
Кеңестік дәуірменен ұғыспаған.
Конфескеге ілініп Сібір асып,
Туган жердің дәм-тұзы бұйырмаған.

Жетекші болған Естай ақынға да,
Қызмет етіп Караоба болысында.
Исаның Қабышы айтқан деген сөздер,
Кең тараган халықтың арасында.

Мамын Әмірбеков

(1890-1973)

Баянның төл тумасы Момын ақын,
Өлеңге жастайынан болған жақын.
Газет-жорнал арқылы алдыменен,
Оқырманы таныған оның атын.

Туган жер табиғатын әнмен өрген,
Өлеңдер жинақтары жарық көрген,
“Белестер”, “Кербез дала”, “Ақ селеуі”,
Ақындар мұрасының қорына енген.

*Қимадиден Нылсанов
(1924-1980)*

Әкесі замандас боп Естайменен,
Таратқан өлең-жырын Құдайберген.
Шешесі де өнерге өуес болып,
Осындай ортада ескен Қимадиден.

Жаңабет ауылы бар Ақтогайды,
Ертіске жақын тұрған жағажайды.
Он төрт жастан ақын боп өлең жазып,
Өнерден қол үзбеген майданда да.

Бейнелеп ерлік істі майдандағы,
Жарық көрді бірталай дастандары.
“Дархан дала”, “Даланың шұғыласы”,
“Алпыс батыр” тамаша поэмасы.

Жырлады Баянауыл табиғатын,
Өн қылып ауылының азаматын.
Катысып айтыстарға, толғау жазған,
Шежіре де жинаған ол бекзатың.

*Есентай Ерботин
(1940-1992)*

Жастайынан еңбекке араласқан,
Есепші боп, ауылда мал да баққан.
Дала сырын ұғынып, бала сырын,
Бала ақыны атанып бақыт тапқан.

Сезін серпіні

Білім ап Қарағанды қаласынан,
“Өрнегін” тапқан сәби арасынан .
“Менің досым”, “Өнеге”, “Серік, Берік”,
Уыз жырлар құйылған сабасынан.

Журналистік атқарып қызметін,
Бүлдіршінге білдірген ақ ниетін.
Қалды өттең, жазылмай талай өлең,
Арналған балдырганға шын сүйетін.

Мейрам Асылгазин

(1948-1999)

Ақкөлдің түлегі едің талаптанған,
Аттандың Алматыға құшып арман.
Артында тілек тілеп қала берді,
Бауырың Мәулен менен Кәкөу анаң.

Әулиелі, киелі өстің жерде,
Жарасымды әзіл де сендей ерге.
Ауылыңның адамын кейіпкер ғып,
Кітabyңа енгіздің өзің демде.

Мақтан тұтып Естайдай өн еркесін
Араладың өнердің сенде өлкесін.
Аз жазсаң да саз жазған, тума талант,
Мақтан етер ел өзіндей сөз серкесін.

Айып Құсайынов

(1938-2001)

Ақтогайды Бөгенбай ауылында,
Дүние есігін ашыпты Айып аға.
Бар думанды өмірі, қызығымен,
Өткен еді Ақкөл мен Жайылмада.

Айып аға қашанда ел ардағы,
Жастайынан атанған мал маманы.
Өсіріп қой түлігін асылдаған
Үлесі қомакты оның гылымдағы.

Қарапайым ауылдың бір баласы,
Фалым болып өрледі өрге тасы.
Орынбасар болды ол Министрge,
Басқарды шаруашылықты сан-салалы.

Қаншама орден менен медаль тақты,
Көзге түсті ісімен болған нақты.
Жерлестері өмірін дастан етіп,
Шығарды Айыпқа арнап бір кітапты.

Әнвар Жапаров

(1937-1979)

Текті атадан тараған,
Суырылып шығып арадан.
Журналист болуды армандап,
Әнвар еді ең алғаш,
Мамандықты осы қалаған.

Сезім серніңі

Жасынан талай әңгіме,
Естігені көп-ті бабадан.
Аkkөл менен Жайылма,
Жазылмаған сыры мол.
Қаладан алыс шалғайда,
Қырды жайлап жатқан ел.
Қағазға әлі түспеген,
Даланың сыры, жыры көп.
Бабалар өткен соқпақтар,
Тарихтың қалған көзі боп.
Жазуга соны талпынып,
Қолына қалам ұстаған.
Журналистік қадамын,
“Пионерден” бастаған.
“Ақ самолет”, “Бала Қанаш”,
Әңгіме етіп баяндаған,
Қошқарбаев Рақымжанды,
Алғаш елге таныстырган.
“Социалистік Қазақстан,”
Журналдарда еңбек етті.
Әттең ғұмыр қысқа болып,
Арманына жетпей кетті.

Жылдек Агаділов

(1913-1970)

Партизан Павлодардан шыққан өрен,
Ерлігі соғыстағы жойқын ерен.
Қалса да жау тылында қаймықластан,
Партизан қозғалысын құрган екен.

Батыста, белорустық шекарада,
Офицерлік қызметін өтеп жатты.
Бір сұрапыл басталды екі арада,
Түтқылдан немістер соғыс ашты.

Жан жары Жамалменен партизан бол,
Брянск орманын мекендеді.
Дүниеге Мая атты бір қыз келіп,
Кіндігін жертөледе кескен еді.

“Партизан қызы” атандып аты шықты,
Туа салып шайқастың зәрін ұқты.
Соғыс бітіп оралды туган елге,
Жылбек батыр, Жамалдай жары мықты.

Жазып роман партизан өмірінен,
Шәріпов шықты оқырман көнілінен.
“Үш” партизан соңында ізі қалды,
Көркейіп Марат, Арман жиендермен.

Рая жалгастырган Жылбек атын,
Ол аяулы дәрігер асыл затым.
Естелік тақта орнатты туган үйге,
Дыбысбектей інісі тартып жақын.

Басталды бейбіт өмір, сан салалы,
Аспанда бейбіт құстар ән салады.
Женістің алпыс жылдық тойын бірак,
Павлодар “партизансыз” қарсы алады.

Кәдірхан Әбдікәрінов
(1927)

Тұтатқан жүрегімен өлең өртін.
Үнінде дауылпаздай болған серпін
Тума талант әншіні Кәдірхандай ,
Елі есіне алады дүркін-дүркін.

Катысып Алматыда фестивальға,
Ие болған лауреат атағына.
Әнші-актер Шідерті ауылынан,
Үні үйлескен қосылып домбыраға.

Атақты қазақтың хор капелласы,
Өнерге өркімнің де бар таласы.
Сол хорда жеке дауыс әуенімен,
Калдырыған ізі оның мол мұрасы.

Тыңдалап ескен шырылын бозторгайдың,
Бел баласы Ақкөл мен Жайылманың.
Естай туган өлкенің ән самалы,
Дарыған өн-бойына Кәдірханның.

Қализа Хамзина

Алғаш рет Павлодарда
Драмалық үйірме ашқан.
Өнерінің арқасында,
Ізгіліктің нұрын шашқан.

Театр болып құрылғанда,
Өнерге бет бұрылғанда.

Басты-басты роль сомдап,
Жұрт қол соққан Қапизага.

Сахнада нағыз шебер,
Дайындаған қаншама актер.
Лебяжінің театрлында,
Болған өзі режиссер.

Қалима апай Бекова да,
Бірге жүрді қатарында.
Мәдениет дамуына,
Үлес қосты облысқа.

Абай еліне барғанда

Семейге алғаш барғанда,
Арманды қосып арманға.
Киялым кеткен шарықтап,
Бақытты менен жан бар ма?!

Әр басқан сайын қадамды,
Ойлаушы ем ұлы Абайды.
Сол басқан із бе деп іштей,
Қададым сазға табанды.

Барғанда мұражайына,
Таңданып ақыл-ойына.
Сыйпалап көрдім әр затын,
Ескерту қалып жайына.

Еліктеп сөзін жаттадым,
Есігін өлең аттадым.
Албырт бір кезең еді ол,
Кітабын басқа жастадым.

Сезім серпіні

Шакырып құрбым ауылына,
Жол түсті бір күн Архатқа.
Ол да бір жатқан хикая,
Сиятын емес бір хатқа.

Орданың тауын аралап,
Барып ек сонда Үйтасқа.
Еңлік-Кебек саялап,
Тығылған екен сол тасқа.

Махаббаттың болған бесігі,
Үйтастың ашық есігі.
Жазылған ойып жартасқа,
“Еңлік-Кебек” есімі.

Қақ жарып сайын даланы,
Батысқа бастап жол жатыр,
Алдында Шыңғыс алқабы,
Қыратты, жота, таулы адыр.

Абайдай алғыр дананың,
Биікті екен тұрағы.
Семейден шыққан жол дағы,
Қырқаға өрлеп барады.

Асудан асып Күшікбай,
Абайдың келдік еліне.
Кіндік қаны тамған жер,
Қасқабұлақ төріне.

Селеулі аппақ ақ дала,
Толқиды желмен теңіздей,
Жакпар-жакпар, жоталар,
Алдыңнан шығар егіздей.

Киелі сөзге дауа жок,
Оқисың іштей өлеңін.
Елестер көзге мұнар боп,
Шыңғыстың бектер-белеңі.

Қыстауы болған Жидебай,
Мәңгілік жырдың тұрағы,
Киялдап кетсең аңдамай,
Алдыңда Абай тұрады.

Бөлмесі жазған өлең –жыр,
Тактасы тоғыз құмалақ.
Әр заты тұрар сыр айтып,
Ойыңды оймен қуалап.

Ел басының тұған күні

Қасиетті топырағың Үш қоңыр,
Дарынды мен таланттарға бай өнір.
Нұрсұлтандай дана берген қазаққа,
Шапағатын шашсын саған нұрлы өмір.

Тұған ел деп, Отан деген жүргегі,
Халқы оның сүйеуі мен тірегі.
Тұған күнің құтты болсын Нұр-ага,
Өзің сүйген елдің осы тілегі.



*Менің тұстас,
запандастарын*



*Даниял Ахметов
(1954)*

Көшесін шарлап талай Павлодардың,
Осында білім алып, сусындадың.
Ұлагатты ұстаз боп, шәкірт ерткен,
Тәрбиесін көп көрдің әз анаңың.

Құлшынып жастайыңдан бар жұмысқа,
Мастер болып істедің құрылышта.
Нұсқаушы, инженер боп, тәраға боп,
Әкімшілікті басқарып Екібаста.

Әкімі Қызылжардың, Павлодардың,
Премьер-министр боп жанған бағың.
Әрқашан елдің қамын ойлайды ер,
Халықтың іске асырдың армандарын.

Ұлы істе ұсақ-түйек болмайды,
Қырандайын шолып жүрсің шалғайды.
Сіз сияқты азамат арқасында,
Біздің радио, облысты шарлады.

*Қайрат Нұрнегісов
(1957)*

Карапайым мінезіңмен сүйкімді,
Біліміңмен тәнті еттің жұртынды.
Әрқашанда мактан тұтып жүресің,
Елің, жерің, қасиетті ұлтынды.

Тұлеп үштың ортадан тәрбиелі,
Әділдік, билігінді ел біледі.

Қамқорлық жасап жүрген талай адам,
Ықыласын, алғысын білдіреді.

Шыншылдық тua біткен қасиетін,
Барша жан әділетке бас иетін.
Әкім болып, халқыңа жақын болдың,
Арнайды ақын жүрек ақ ниетін.

Еңбек жолын жұмысшыдан бастаған
Адамшылық арнасынан аспаған
Ақыл, білім ұялаған бойына
Лайым тек жолың болсын, Жақсы адам.

Ұрыстың Жұмадекова

(1952)

Ойлаған ана қамын, бала жайын,
Көрсетуге көмегін әр кез дайын.
Ел басқарған айбынды, ару жанды,
Ұрыстыдай қыздардан айналайын.

Білім де, мәдениет саласы да,
Денсаулық, спорт оның арасында.
Отбасы, жас аналар мәселесі,
Сыйып түр қызметінің шаrasына.

Қайраткер ана десең жарасады,
Көркі де Ай нұрымен таласады.
Бір басына өнер де, өлең қонған,
Қыздарда Ұрыстыдан кім асады?

Бәкір Демеуов

(1959)

Бәкір туып, өскен жер Баянаула,
Бесігі болған талай ұлыларға.
Ата-баба қонысы қуат берер,
Кияға қанат қомдап үшқан ұлға.

Атқарған талай қызмет сан-салалы,
Гитара алып, шырқатып ән салады.
Сегіз қырлы жігіттің өнері көп,
Спортта да алдына жан салмады.

Үлес қосты көркейтіп Павлодарға,
Жетелеп, жақсы істерге, армандарға.
Ел үмітін актайтын азаматтың,
Алатын әлі биік асуы алда.

Шахмардан Әбілов

(1950)

Шарбақтыда қарагайлы Арбиген
Жері дархан, халқы шалқар ән сүйген.
Осындай бір шағын ауыл қазаққа,
Шахмардандай зор дауысты ұл берген.

Менгерген операның іші-сыртын,
Тандантқан Лондон, Париж, Мәскеу жүртүн
Сомдаған Онегинді, ұлы Абайды,
Танытқан бар әлемге қазақ жүртүн.

Сезім серніңі

Орындаپ бес жұздей ән, операны,
Ұстазы әншілердің аталады.
Еңбек сіңген әртісі еліміздің,
Жерлестің алар шыны алда әлі.

Байдалат Әубекіров
(1955)

Шідертінің бойында
Шағын ғана ауыл бар,
Шыққан одан тамаша ,
Байболаттай ғалымдар.

Көрмесе де жанары,
Көзі бардан көш артық.
Заңғар биік арманы,
Болашаққа жүк артып.

Загиптардың қоғамын,
Ұзақ жылдар басқарды.
Еңбек жазып ғылыми
Үлкен қызмет атқарды.

Композитор әрі ақын,
Жүргегінен жыр төккен,
Әншілігі тағы бар,
Сырнай тартып селдеткен.

Ән жинағын шығарған,
Туған жерін жыр етіп,
Көкірек көзі нұрланған,
Туғанында “шыр” етіп.

*Айым Қанафина
(1955)*

Бір кербез қызымыз бар Айымдайын,
Ауылында өскен әсем қайындайын.
Жасынан білім қуған, еңбек еткен,
Арудың өмір жолын пайымдайын.

Еңбек жолы үстаз болып басталған,
Комсомолдай одақты да басқарған.
Мәскеудегі мектепте оқып жоғары,
Көрініп жүр мәртебесі аскардан.

Сан алуан мәдениеттің жұмысы,
Болған емес бір сәтке де тынысы.
Біле ме еken бірақ өзі бұл Айым,
Әр күн сайын тындырғанын ұлы істі.

Жанашыр болып өнерліге жол ашқан,
Айым үшін артық емес жыр-дастан.
Демеп қолдан мәдениет желкенін,
Жүргінен сәуле беріп нұр шашқан.

Бағын ашып жас өнерпаз өрімнің,
Әрқашанда биіктерден көріндің.
Мәдениет өлкесіне бас болып,
Ай-Күні боп жүре берші елінің.

*Күлжан Ахметова
(1950)*

Алтын күзде мол ырыс пен береке,
Жел еседі егін жайды тербете.
Күлжан келіп ашты дүние есігін,
Бүгін Мұқыш ата үйінде мереке.

Комсомол болашақтың болды өткелі,
Өмір жолын осылай тізбектеді.
Абыройлы ақ, адал еңбегімен
Күлжанның жүрегінде гүл көктеді.

Екібастай кенді жердің түлегі,
Туган жер деп соғар әркез жүрегі
Комсомолдық құрылышты басқарып,
Өзі дағы өсті бірге, түледі.

Алматыда білім алды сусындал,
Ұмытылмас студенттік тылсым шак.
Партияның бітірді де меңтебін,
Еңбек жолы ашылды кең нұрға үқсал

Жалынды шак, алға ұмтылыш жылдары,
Ол жылдардан өшпейтүғын із қалды.
Қала, аудан, облыска қадірлі,
Сыйлайды ел, құрметтейді Күлжанды.

Күшат Қалайдасева

(1953)

Кездерімде қиналған,
Қолтығымнан демедің.
Жалт бұрылды жалған дос,
Қасымда қалған сен едің.

Бүгін міне, қолымда,
Кітабың шығып өрледің.
Шығармашылық жолында,
Шыңға шығып өрледің.

Бір қалыпты міnezің,
Байсалды да ақылды,
Қабыл алсын Күлшаттай,
Екібас халқы ақынды.

Ұл-қызың, жарың Серігің,
Мандайға біткен көрігің.
Солармен жайнап гүлдесің,
Фасырға жетіп өмірің.

Жеті сіңілі тірегің,
Қолқа, бауыр, жүргегің,
Орнында боп ата-ана,
Жүресің тілеп тілегің.

Құтты болсын мерей той,
Жырыммен шашу шашайын.
Жан досым келші қасыма,
Кеудеме ыстық басайын.

Сезім серпіні

Армысың, халқым, ел-жұртым,
Құшағында өскен гүліңбіз.
Куаныш бүгін біз үшін,
Елуге келді құрбымыз.

Арман Қани

(1954)

Каршадайдан сезіп сырын кеңестің,
(Тәуелсіздік ол кезде тек елес-ті)
Ұлтжанды боп үйым құрды бұл Арман,
Содан бері қарсы алдынан жел есті.

Комсомолдан, мектептен де қуылды,
Бодандығын ұлан ерте ұғынды.
Әділдік деп арпалысқан Мұсадай,
Кеудесіне нәзік сәуле құйылды.

Көмелетке толмай жұмыс істеді,
Баспасөзге шектеу қойып құштеді,
Кейінірек ол ұшырған жыр құсы,
Газет-журнал беттерінен түспеді.

Мүше болып “Азат”, “Семей-Невада”,
Келіп түсті “Қазақ тілі” қоғамға.
Арман ақын еркіндікті ансаған,
Енді алғысын айтады бұл заманға.

Фалия Балтабай

(1948)

Құрбым едің бірге қalam тербеген,
Бүгін міне, өрге тасың өрлеген.
Қолың жеткен табысың мен женісің,
Келген ерен еңбекпенен, терменен.

Бойында бар ұлтжандылық, намысың,
Бәз біреулер күндер кейде табысын,
Ер азамат көтере алмас ісіңмен,
Артқа тастап кетіп жүрсің жабысын.

Қазақ бала бақшасы мен мектепті
Ол жылдары керексіз ғып шеттетті.
“Мирас” атты қоғам құрған едік біз,
“Қазақ тілі” қоғамы онда жоқ тіпті.
(Дей алмаймыз еңбегіміз бос кетті)

Жедік таяқ партияның тұсында,
Шындық жүрді қalamсалтың ұшында.
Карашаның жетісінде парадсыз,
Жәй серуен етейік деп, бас имедік қысымға

Егемен боп келді бәрі қалпына,
Көрегендік біте бермес жалпыға.
Міне, осылай Екібаста Фалия,
Талай еңбек етіп еді халқына.

Тұспей қолдан қағаз, қalam қаруы,
Биіктерден көрінді Ертіс аруы,
Талай-талай игі істерге ортақ боп,
Тиіп жатыр шапагаты, дәруі.

Сезім серніңі

Оралып Астанадан қalamызыға,
Жұрсің бүгін басшы бол арамызыда.
Жолдас болу, ганибет серік болу,
Өзің сынды Фалия дара қызға.

Құтты болсын, мынау тойың арқалы,
Өлеңімен Дәмет тарту тартады.
Қalamыңың желіменен желпінтіп,
Дүркіретші, Астананы, Арқаны.
(1998 жыл)

Бекен Қызығарин (1941)

Қандай таң алаулаган күні қандай,
Бекен тұр көкжиектен көзін алмай.
Томпиып, тойған қозы маужырайды,
Таңғы нұр шуақ төкті қырды шарлай.

Көк шығып қалған екен, оты қаулап
Бусанып көгілдір қыр жатыр аунап,
Қай жердің шебі шүйгін, шалғыны мол,
Өрісті шолды түгел жатқан аулак.

Қарсы алып жүрттан бұрын бұла таңды,
Өзі сүйген даланың ұлы атанды.
Еселі еңбегімен, ерлігімен,
Куантып отыр Бекен Ұлы Отанды.

Тасытып ел ырысын, ел дәuletін,
Данққа бөлеп Отан, ел сәuletін.
Сол Бекен тәрбиелеп отыр бүгін,
Жас буын, ізбасарлар әuletін.

*Faфура Махицтова
(1949)*

Ойы терен, әсем сөзді серпілткен,
Тектілік бар, өн бойында өрлікпен.
Атқарып жүр өзі сүйген қызметін,
Әрбір ісі пара –пар ғой ерлікпен.

Салт-дәстүрді жалғастырып ісімен,
Айтарынды қабагынан түсінген.
Әрқашанда елгезектік көрсетіп,
Камқорлығын аямаған кісіден.

Еңсерген елу бестей жасты бүгін,
Арқалап замананың артқан жүгін.
Бекенмен бірге жасап бұл өмірде,
Жапырағын жая берсін ұлы-қызың.

Кемел жаста тасып нұрын-қайратын,
Өмір гүлің жарқырасын, жайнасын,
Құтты болсын туған күнің, Faфура,
Тойынызды ел-жүртүң боп тойласын.

Салтанат Құсайынова

Енбекке жастайынан араласқан,
Өндірісте қадамы ғұмыр-дастан.
Қайраты мен жігері жасымайтын
Жаралғандай жаны бар асыл тастан.

Жан-жары Серікпенен қол ұстасып,
Келеді талай белес, асуды асып,

Сезім серпіні

Жеткізіл туыстарын, қос ботасын,
Тұлеткен ана қаздай бауыр басып.

Өжет болсын өзіндегі, сіңділерің,
Еңбекте ермен қатар тәккен терін.
Камкор боп, үлкенге де кішіге де,
Шуактайдан шашқан елге мейірімін.

Жаны сұлу қазақтың бір қызысыз,
Теріндегі Арқаның жұлдызысыз
Мерейленіп жылына оралатын,
Тұған күндей көп болсын қызығыныз.

Зұбайра Ибраева

(1958)

Қауызынан ашылған гүл секілді,
Ортамызда Зұбайра нүр секілді.
Жайдары, жарқын жүзді мінезімен,
Өрдайым мактан етем мен көркінді.

Өзіне білімі сай, акылы да,
Камкор ол жатқа және жақынына.
Нағыз ару қазақтың асыл қызы,
Жырга арқау болатын акынына.

Колдайтын асыл жары Пазылбегі,
Кожадан шыққан әulet аргы тегі.
Мирасы мен Олжасын азамат қып,
Жарасар бірге салған өлеңдері.

Ғалымбек Жұматов
(1950)

Еңбекпен, есендікпен елу астын,
Сөз тізіп, маржандайын меруерт тастын.
Сен дағы бір талантты бөлшегісін,
Ақын Иса жаралған топырақтын.

Әрбір күнің ардақты ғой алтыннан,
Бата-тілек алып жүрсің халқынан.
Құттықтаймын бүгін туған күніңмен,
Ақ тілекті қабыл ал, әпкең Дәмет атынан.

Жанаң Қанкина
(1964)

Жанардың жүрген жері мерекелі,
Үйінде от басында берекелі.
Сабырлы, шаңырақтың қазығы деп,
Алға үстап достары оны үлгі етеді.

Осындай болса шіркін алған жарың,
Сақтаған қасиетті салттың бәрін.
Ұл өсіріп Бауыржан, Рауандай,
Тал бойына жинаған өмір нәрін.

Шебер үстаз соңынан шәкірт ерткен,
Санамен сезім перне күйін шерткен,
Көтеріп көніл ашып, ой серпілтіп,
Сырласып, жүрегінді майдай еріткен.

Мәрзия Шапатова

(ордендер шоғыр)

Мына дала менің өмір дастаным,
Осы жерде тірлік тойын бастадым.
Осы жерден бақыт таптым, шаттықпен,
Тұзын татып, қызықтап ай, аспанын.

Киыр-қиыр осында өтті жолдарым,
Ерлік толы енбек толы жылдарым.
Кең даланың төскейі мен қырында,
Жатыр менің айтылмаған сырларым.

Кейде дархан, кейде қатал даламыз,
Сар даланың сары белі панамыз.
Алғаш рет ақ таяқты ұстаған,
Жастьқ шақты жиі еске аламыз.

Киындықтан жасымадым, жасқанып,
Бар жұмысты жүрдік елде басқарып.
Ол бір шақтар қын кезең болды ғой,
Ер-азамат қан майданға аттанып.

Женіс келді, ел жайнады, жер түлеп,
Ексең енді, гүл бақша мен егін ек.
Жомарт жердің мәртебесін асырып,
Отан үшін маңдай терді төгіп өт.

Деп толғанып Мәрзия апай токтады,
Кан серігі Жағыпар да қостады.
Әнбекімен елге сыйлы екеуі,
Зиыл тағы артық берді жоспарды.

Субектен өнерпаз қыз Қазына туған,
 Сіңлісі Бақыт өнші жолын қуған.
 Қатысып, лауреат боп оралады
 Әлемдік Мәскеуде өткен фестивальдан

Елу бес жыл үстаздық еңбек еткен
 Балаға жүргегінің нұрын сепкен.
 Елінің еңбек сіңірген мұғалімі,
 Белгісі қеудесінен орын тепкен.

“Ағарту үздігі” деп атақ алған,
 Жаны жарқын жарапан аппақ нұрдан.
 Ардагер елге сыйлы ұлкендерден,
 Басқарып “Нар тұлғадай” қоғам құрған.

Өмірі үлгі өнеге кейінгіге,
 Тәлімгер, жасқа қамкор, мейірлі де,
 Бақыт Субекқызындай апамыздың,
 Бұйыртсын жүзге келіп жасын бізге.

Зара Қожахметова

Бір қызы Керекудің Зарадайын.
 Мәйегін асыл сөздің аямайын.
 Жүректен жарып шыққан ақ тілекпен,
 Жыр жазып, апамызды аялайын.

Білім нәрін үрпаққа сусыннатқан,
 Өмірі жақсылықпен жылжып аққан.
 Әйелдер лигасына төрайым боп,
 Аналардың мерейін асқақтатқан.

Дәстүрін ұлтымыздың дәріптеген,
Әжелер ансамблі көрікті әнмен.
Жаңғыртып тұсау кесер, бесік әнін,
Жастар да үлкендерге еліктеген.

Сәні боп қалада өткен мерекенің,
Бастауы ақ әжелер берекенің.
Әйгілеп бар аймаққа келе жатыр,
Қазақтың кәшелі бір ел екен.

Ерлан Арын

Өмірі жыр-дастанға татитындай,
Жұлдызы жарқыраған нұр-асылдай.
Атқарған аукымды ісі қарап тұрсан,
Басқалар жасар оны бір ғасырдай.

Атақ та жеткілікті бір басында,
Орда бұзған отыздың ортасында,
Азамат бопabyройлы қызмет етіп,
Нағыз галым қырықтың қырқасында.

Фылымның жолын қуып сырын ұқты,
Менгерді шәкірт ертіп ұстаздықты.
Денсаулық, мәдениет, спорт, өнер,
Экономика, тарихқа бірдей мықты.

Қорғанысың сүйікті ана тілдің,
Халқына қалтқысыз қызмет қылдың.
Еселеніп еңбегің өссе берсін,
Қызығын көрсін елің сендей ұлдың.





*Сөз бастаң
шешендер,
Ел бастаң көсөндер*



Абылай хан

Алауыздық жайланаң қалың елді,
Бір қауызға сыйғызып, жинап берді.
“Абылайлап” Шарышқа қарсы шауып,
Женіспен казақ колын бастап келді.

Жайнаған екі көзі шоқтай жанып,
Ашу-ыза қайнаған кеудені алып.
Суырылып жонғарға қарсы шапқан,
Ақ сұңқардай жан екен ханға лайық.

Ханы қамқор болмаса, ел өспейді,
Ешбір жан Абылаймен тенденсейді.
Айла мен аскан ақыл арқасында,
Тежей білді Қытай мен Ресейді.

Үш жүздің басын қосқан кеменгерім,
Колбасшы, саясаткер ерен ерім.
Елдікті, еркіндікті қорғап өткен,
Ұмытпай көсемдерін келеді елің.

Казакқа құт-береке болған хансын,
Айбарлы, абыройлы, асыл жансын.
Халқынның азаттыққа қолы жетті,
Арманы орындалды, бабалардың

Елім деп тұган ер Кене

Елім деп тұган ер Кене,
Колбасшы едің өр кеуде
Бекініс салған орысқа,
Болмады маза өлкемде.

Ата-баба салтымен
Ақ киізге көтерген.
Абылайдан кейінгі,
Ең соңғы хан ерте өлген.

Дұлыға киген басынды,
Тасқа да соқтың ел үшін.
Қынапқа салмай қылышты,
Қанды да тәктің жер үшін.

Қолбасшы болдың сұңғыла,
Алдыңа жанды салмадың.
Соңынан ертіп жаужүрек,
Жиырма мың сарбаз сайладың.

Байтақ бір жатқан даланың,
Бір жағын Ресей омырып.
Екінші жақтан өзеуреп,
Қара қытай шығар тебініп.

Сарыарқада салып ұрысты,
Бермедің қолдан қонысты,
Діні мен тілі бөлек деп,
Кетірмек болдың орысты.

Азаттық туын көтердің,
Жауыңа күнде атойлап,
Патшаның кетті мазасы,
Крестің он жыл ойран сап.

Қапыда іштен шалатын,
Айлакер патша пиғылы.
Азаттық үшін алысып,
Дүшпанға салдың қиғылық.

Кенесары-Наурызбай,
Арғы тегі-Абылай,
Алашта асып туған ер,
Жауына жайдың тасында.

Аруакты баба риза бол,
Жайынды айттым жастарға.
Заманында хан Кенең
Елді ерлікке бастаган.

Әйгілі бүкіл әлемге,
Қазақтың байтақ жері бар.
Бабалар бақыл болындар
Бүгінде азат ұлың бар.

Қанжығалы Бөгенбай

Тәуке ханның тұсында,
Жалғасқан жен ұшында.
Әбілхайыр сұлтанмен,
Доннан қашқан казакқа,
Қырғидай болып шүйілген
Еділден әрі асырып,
Дүшпанның сұсын қашырып,
Ерлікпен даңқын шығарып,
Атанған батыр Бөгенбай.
Қарақұмда өткен Құрылтай,
Үш жүзден көлды жинаған.
Үлкен жиын дүрмекте,
Колбасы етіп батырды,
Тәуке хан еді сайлаған.
Осыдан кейін батырдың,

Басынан бағы таймаған.
Қаһарман хан Абылай,
Батыры болған Бөгөнбай.
Ұлытаудың бойында,
Ұлы жеңіс жолында,
Елу жылдай үздіксіз,
Қолбасы болған Бөгөнбай.
Жұзден астам шайқаста ,
Шайлықпаган жүрегі.
Халқының болған тірегі,
Қанжығалы Бөгөнбай,
Ұраны болып қазақтың
Есінде мәнгі жүреді.

Қаракерей Қабанбай

Хан Абылай “Дарабоз” деп атаған,
Өмірі оның болған екен қан майдан.
“Ақтабан шұбырынды” басталған кез,
“Халқым” деп ер Қабанбай атойлаған.

Атанып “Қабан батыр” бала жастан,
Шайқаста талай-талай ерлігі асқан.
Жан серігі Гауһардай батыр ана,
Оның да батырлығы жыр мен дастан.

Асқан ерлік көрсеткен жау шебінде,
Үш жүзге ұран болу , ол тегін бе?
Батыр екен Қабанбай әuletімен
Сүйсінген барша жұрты ерлігіне.

Бәсентиін Малайсары

Әрі бай, әрі батыр Малайсары,
Мәмлекер, тархандығын ел айтады,
Гауһардай қарындасын батыр тұған,
Қабанбайдың қосағы деп айтады.

Болыпты Малайсары ру басы.
Арғынның Бәсентиін бір арысы.
Әкесі Тоқтауылда батыр болып,
Өлтірген буындырып жолбарысты.

Қапыда хан Абылай тұтқын болған,
Мәмлекер болып батыр сонда барған.
Халқының азаттығын аңсаған ер,
Сол жолы “тархан” деген атақ алған.

Жоңғардың Алатауы- ел есінде,
Алтын Емел асуы белесінде.
Өкшелеп жауды құған Малайсары
Кез болған мерген қалмақ жебесіне.

Қас батыр “елім” деген, “халқым” деген,
Ел үшін жан пида деп антын берген,
Малайсары мерт болған осы асу,
Аталады батырдың атыменен.

Батыр Баян

Бір жорықта қоршауда,
Қалған екен Абылай,
Антарылып тұрыпты,
Жаужүрек ер табылмай.

Сезім серніңі

“Жауға шабар кім бар”, - деп
Қапаланды Абылай.
Осы сәтте жебедей,
Сарыала атқа қамшы ұрып,
Жауға атылды жас қыран
Жігіттің атын сұрасан,
Уақтан шыққан ер Баян.
Қанжығалы Бөгенбай,
Қаракерей Қабанбай
Батырга берген өнеге
Батылдығы, ақылы,
Өзгеше біткен өр кеуде.
Елінің қамын ойлаган,
Ел үшін жаудан таймаган,
Сөзге шешен, кеменгер,
Болған екен ер Баян.

Шақшақұлы Жонібек

Көп тындалап аз сөйлейтін ердің ері,
Қазақтың шешен, ділмәр Жәнібекі.
Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен,
Жігіттің ер Жәнібек актангері.

Бетпе-бетте қалмаққа айбат шеккен,
Ақ алмасы қолында жарқ-жүрк еткен.
Есесін жібермеген ешбір жауға,
Ерлігі аңыз болып бізге жеткен.

Жонғардың хонтайшысын жекпе-жекте,
Түсірген аттан сүйреп алғы шепте.
Каратаудан Алтайға асыра қуып,
Келмеген дүшпан содан беттеп бізге.

Болса да одак ішкі Ресеймен,
Қазақтың даласына енгізбекен.
Бітімге орыстарға өзі барып,
Бекініс салуына жол бермеген.

Елім деп еңіреген ер Жәнібек,
Ерліктің туы болған ол асыл тек.
“Тархан” деп атақ алған қолбасшыны,
Күрметтеген ел-жұрты “көсемім” деп.

Малыбайұлы Олжабай

Жоңғардан азат етіп Түркістанды,
Сыр бойында қазактар ұрыс салды.
Осы жолы ерекше ерлік еткен,
Күрметтеп, қадірледі Олжабайды.

Жасыбай Олжабайдың жиені екен,
Түркістан жорығында ерлік еткен.
Қапыда ол Баянтауда қаза тауып,
Олжабай қас жауына тым өшіккен.

Жауышан ел-жұртының өшін алған,
Жер аты “Қалмаққырған” содан қалған.
Желбіретіп ақ туын Абылайдың,
Тау ішінде қамалға ойран салған.

Шайқаста қарсы шыққан Қалден-Серен,
Хонтайшы еді ол дағы өжет ерен.
Өзін атпай мылтығын көздеп атып,
Олжабай хонтайшыға кеңдік берген.

Риза боп, алтын жабдық ат мінгізген,
Абылайды тұтқыннан азат еткен.
Сарыарқаның төсінде жауға ойран сап,
Осындай Олжабайдай батыр өткен.

Жасыбай батыр

Сан мындаған қалмақты,
Мыңға жуық жасақпен.
Бөгеп тауда Жасыбай,
Ұстап түрған асырмай.
Өжет еді, ер еді,
Мергендігі дара еді,

Кекдомбақ тау түбінде,
Шойынкөлдің шетінде.
Ойсыратып қалмақтың
Негізгі күшін жеңеді.
Асудан биік асады,
Қайраты асып-тасады.

Тынығып батыр алмаққа,
Дұлығасын шешеді.
Андаусызға батырға
Құба мерген садағын,
Тығылып тұрып кезеді.

Қалмақтың оғы тиеді.
Жасыбай анғал ер еді.
Ердің құнын жоқтауға,
Олжабай батыр аттанды.

Кырды құба қалмақты,
Олжабай батыр аруақты.
Содан бері бұл жерді,
“Қалмаққырган” атапты.

Жасыбайды жерлейді,
Арулап сол асуға.
Олжабай мен Бөгенбай,
Малайсары ол да бар,
Үш қайынды үш батыр,
Егіпті дәл басына.

Шойынкөлді өзгертіп,
“Жасыбай” деп ат берген,
Қалмақты қырып салмаққа,
Осы жерде ант берген.


Менің туған өлкемнің,
Бар тарихы осындай.
Қазір қазақ елінің,
Мактанды Жасыбай.

Қаз дауысты Қазыбек

Орта жүзде төрт тірек,
Соның бірі Қазыбек.
Халқының мұнын жоктаған,
Тua салып “елім”,-деп.
Төбе би болған жүртynа.
Тірегі болған ұлтына,
Қызыл тілден өрнек сап.
“Жеті жарғы” жасасқан,

Сезім серніңі

Шешендік өнер шебері,
Асып туған зор тұлға.
Ақылшы болып жандарға,
Кол үшын созған әрдайым,
Қысылып келген жандарға.
Елшілік еткен, мәмлекер,
Беделі биік қайраткер.
Шиеленген істің түйінін,
Қазыбек келсе шешті дер.
Коңыр қаздың даусындай,
Қанқылдаң тұрган даусы бар.
Даналық қонған басына,
Сәуегей баба Қазыбек
Бәрімізді қолдай гөр.





Ақындар шығмы айттысқа



Қазақстанның 60 жылдық торқалы тойына орай “Қызыл ту” газетінің бөлім менгерушісі Мұхаметжан Дауренбековтың үйымдастыруымен еткен Баянауыл ауданы Егіндібулақ сегізжылдық мектебінің директоры мен Екібастұз аудандық “Алға” газеті редакторының орынбасары Дәмет Смайылованың (Қарашашева) айттысы. 1980 жыл. Тамыз айы.

Зекебай Салтанбаев:

Таныс ем сыртыңыздан Дәмет сізге,
Көруге себеп болды бүгін бізге.
Алайық алдыменен амандастып,
Не жетсін дидарласқан дәм мен жүзге.

Аман ба, ауыл, қала, ел аймағың?
Ағызған сары алтындей жер қаймағын,
Бейнесін Екібастың жырға қосып,
Өмірде ерге тартқан бер айғағын.

Тындаібық табысынды тасқындаған,
Алыптай алға тартып бастың қадам.
Өндіріп жер бетінен арзан кемір,
Одаққа атың шығып, асты баған.

Мал да бар, егін де бар, салтың да бар,
Аукымды ауданыңнан алдыым хабар.
Адуын ақын қыз деп естуші едім,
Жігітпен айттысуга жаны күмар.

Ақын қыз, жоғары шық, жәйлі жерге,
Соктықтың айттысам деп әйгілі елге.
Шарпысып осы жолы бір көрейін,
Барың сал, шамаң келсе бәйгі берме!

Сезім серпіні

Арнайы іздеп келіп Екібастан,
Ұлы той құрметімен есік ашқан.
Кезенген “көпсайысқа” сөз семсерін,
Құдаша қызы екенсің ерлігі асқан.

Ақынның ақ мылтығы-өлең, терме,
От таста мықты болсан, сезімді ерге.
Біржан да жас Сараны жаңылдырған,
Үн қатып сөйлегенде сегіз перне.

Он тоғыз бунағы бар домбырамның,
Сезімді көкейінде қондырамын.
Күйдіріп, от деміммен дуылдатып,
Мұз сөзбен дірідетіп тондырамын.

Ауданым құтты мекен, тарих қуса,
Әріде ақла жырау Бұхар туса.
Көтеріп ән күмбезін кейінгіге,
Кеткен ғой Жарылғап пен Жаяу Мұса.

Сөздері зәмзәм бұлақ акқан балдай,
Шежіре Мәшінүр Жүсіп жатқан талмай.
Жарқ еткен Сұлтанмахмұт жарық жұлдыз
Арайлы нұрын шашып атқан таңдай.

Отаны ақын, ғалым, талай мықты,
Қойылған бұл Баянға ат лайықты.
Қазақта тұңғыш шыкқан президент,
Бар әлем білер Қаныш Сәтбаевты.

Аман тау, Ақши, Ашы, Корық, Далба,
Мыңғырып жер қайысқан тұлік малға.
“Жиырма бір”, “Жайма”, “Алексеевкада”
Лықиды жылда алтын дән борық, қамба.

Сан рет миллиардка қатынастық,
Откен жыл тым ерекше алға бастық.
Бес миллион жеті жүз мың пүттан аса,
Отанға табыс еттік алтын астық.

Көл-көсір елім осы, орман нұлы,
Кересің қайда барсан қызық дуды.
Бесжылдық жарысында жеңіп алдық,
Орталық Комитеттен Кызыл туды.

Ойында болса маған қояр сұрак,
Ал сейле, салайын бір жайлап құлак.
Баянның енші алған отауысың,
Әйтсе де, асқақтамай, байқа шырак!

Дәмемт Сmailova: (Карапашева)

Зеке аға, есенбісіз іздеп келген,
Қанықтың болмасам да бұрын керген.
Амандық агадан деп кезек бердім,
Мендағы шыққаным жоқ осал жерден.

Ел аман, бейбіт еңбек саласында,
Жер түлеп, ардақты Отан аясында.
Айтысам деп келгенде ағажан-ау,
Дәметте бар өнерін аясын ба?

Бәйгеден қосқан аттың бәрі үміткер,
Сөзден дес бермей келем көп жігітке.
Тен түсіп, қос бәйгені алсақ нетті,
Бес тігіп пе ед ауданың тек “жеңіп бер”.

Қазақтың шанырағы өр Баянның,
Білемін ерлерінің көпке аянын.

Ел болған соң, лайықты ер өседі,
Ірге бөліп, тарылма, текке аяулым.

Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда,
Сізде көп, менде айтатын табыс аз ба?
Табысым, тасқындаған ырысымды,
Айтайын сарапшы жұрт, таныстарға.

Шындығы Баян емес, Екібастұз,
Жайланаған жері тегіс ен кұла тұз.
Көркем жер, сұлу тауы болмаса да,
Еңселі ерді мактан етеміз біз.

Жерім бар байлық тұнған, қонысы күт,
Малымыз дәл сіздердей көрмейді жұт.
Жыл сайын Отанымның қоймасына,
Көп совхоз құйып жатыр миллион пүт!

Елдің көркі, елдігі адамымен,
Игі істерді атқарған қадамымен.
Социалистік жарыста озып шығып,
Биыл да Қызыл туды аламын мен.

Баяннан отау тіктік енші беріп,
Сол отауды дәл бүтін келші көріп,
“Степной”, “Комсомол” мен “Қарасуым”
Тандантып отыр қазір көршілерін.

Кол жетті талай-талай табыстарға,
Келеміз үнемі алда жарыстарда.
Одақта екі мәрте ту жеңіп ап,
“Екібастұз” болды үлгі жарысқанға.

Совхозыңды айта ғой тен осыған,
Жұлде алып қатарыма кеп қосылаған.
Менімен тен түсерлік бір ісің жок,
Айтысуға ағажан, олқысынам.

Ауданың ауданыммен жарықталы,
Шырқалған естілген жоқ табыста әні.
Мал, егін, қай салада жеңіп шықтың,
Айтшы көні, болса егер намыстарың.

Алпыс жылдың ел шықты белесіне,
Толып жатқан табысым ел есінде.
Екі бірдей Еңбектің Ері бізде,
Тәжірибе алуға аға, келесің бе?

Өргізген тұлпарларды саяғынан,
Шопанның күт дарыған таяғынан.
Қаленов, Қызғариндай Еңбек Ері,
Қалайша шыға алмады Баяныңан?!

Толтырган бетегенің түбін төлмен,
Әр жұз қойдан жұз жиырма төлім өрген.
Мәрзия Шапатова тарлан шопан,
Кеудесін өрнектеген ордендермен.

Торқалы тойға тарту дайындалық,
Меселін көпшіліктің қайырмалық.
Сен болсаң ет жостарын еңсере алмай,
Толқын соққан балықтай қайырладың.

Биылғы жарыс тойға арналады,
Түсінген бір серпіліп, қарманады.
Тағы да осы жылы қалып қойсан,
Ауданың қай уақытта ондалады?

Түлетіп кең даланың тесін тілген,
Редхер, Тұрсыновты жөн ғой білген.
Милиардқа тасқынды үлес қосқан,
Айта берсем таусылмас алған жүлдем.

Ағалардың дәстүрін ұстал мығым,
Келеді жалындаған жастар бүтін.
Алғашқы “Қарлығашым” “Қарасуда”
Менгерген техниканың зерттеп тілін.

Тракторшы бар сіңілім Нагима атты,
Білерсіз елім сенген депутатты.
Аттестатпен еңбекке араласып,
Ауылдан өз бақытын ол да тапты.

Асая Ертіс арнасын кері бұрған,
Таршылық көрмес елім енді судан.
Қолдан жаңбыр жауғызып тыңдалада,
Жүгеріден тонналап өнім жиған.

Ал енді, өзінізге кезек бердім,
Бүйірған айрылманың жолындыдан.

Зекебай Салтанбаев:

Болдың ба ақын қызыым айттып бәрін,
Бел алған кемшіліктің сездім зәрін.
Тойында алпыс жылдық Қазақстан,
Табыспен келтірейік сездің нәрін.

Тым дұрыс Қаленов пен Қызғаринді,
Мактауың тракторшы қыздарынды.
Майталман маңғаз малшы толып жатыр,
Проценттен орындастын жүз жарымды.

Үндеуін шұбартаулық шопан жастар
Куаттап Баянтауда біздің Асқар.
Қой санын көбейтуде екінші тың,
Құрылды бригада “Армандастар”.

“Ақку” мен “Жұлдыз” жаңып жарқырады,
Ақтылы қой өргізген шамшырағы.
Қайысқан қара жердің сауырынан,
Көлдеген су жайылып сарқырады.

Мергенбай аға шопан Жұнісбеков,
Алғандай қой қорасын күмістетіп.
Көрдім мен құлап жатқан баздарынды,
Береді деп тосып жүр кім түзетіп?

Мүше боп үкіметке ісі лайық,
Қозы алған жүз отыздан Сарыбаев,
Бір тойда “Москвичті” сыйлыққа алған,
Шопан бар “Жаңажолда” Серікбаев.

Ел болсаң қой-қозыдан құтылмайсың,
Аузында ак май болса ұтылмайсың,
Етке мал Екібасқа тапсырмасак,
Тойып ап осындей “құтырмайсың”.

Жылқының көңіл бөлмей бағасына,
Қымызды көрмейді елің нанасың ба?
Картасын комбинатта қаппен құртып,
Жасайсың қанталапай қазысына.

Бізде өскен бұл жылқының құлагері,
Данил мен Мәуияның мандай тери.
Отыз жыл өздерінен бұрынныңрак,
Атанды совхозында Еңбек Ери.

Сезім серніңі

Көрсеткен үлгі-әнеге ағалықты,
Білсекіз Мәжит аға Махановты.
Жаз жайлап, қыс қыстаған жылқыменен,
Ел беред еңбегіне баға мықты.

Ерлікпен қындыққа қарсы тұрып,
Көрсеткен ұлы еңбекте озат ғұрып.
Белгілі облысқа ардагер бар,
Теміршот Макин, Титан Оразғұлов.

Бар жерде жаңа зәулім мектеп үйі,
Өркендей оку, енер, еңбек би,
Балтабай Сыздықов пен Рахымғали,
Өзендей тоғытады төкпе күйді.

Батиха, Темірбекі, әнші Сара,
Төлеш пен Нұркен даусы жеке дара.
Өүесқой композитор Сәдіғазин,
Насыров шыққан шешен топты жара.

Табиғи тума дарын режиссер,
Сердалин Мұқатайды білесіндер.
Басқарып келеді халық театрын,
Сендер де үн қосындар, ілесіндер.

Ізденсең қоян-қолтық қала жақын,
Жасауға, жаңартуға бар ғой хакын.
Ойынды ортаға сал, бердім кезек,
Тірелген тіл ұшында болса қапын.

Дамет Смайилова: (Қарашашева)

Ақынмын сөз сабактар қапы қалмай,
Екібас-кочегарка аты қандай!

Клубтарың отынсыз жабық тұрар,
Деп естідім көмірді жеткізе алмай.

Витт, Қадыров, Возный Еңбек Ери,
Шахтерлар елге әйгілі маңдай тери.
Досмағамбетов, Сәрсенбин орта буын,
Жастарға үлгі-өнеге тартқан желі.

Әр совхозға қалада қамкоршы бар,
Науқан сайын болмайды кадрга зар.
Тракторшы, комбайншы, құрылышы,
Егін жинап, қой қырқып, үй түрғызар.

Тоғыз көл, Ақкөлменен Жайылмада,
Шабындық береке ол жайылғанда.
Көлдің маңы демалыс аймағы бар,
Жастар жүрер сайрандал қайырында.

Колда барды сіз жүрсіз үқсата алмай,
Баян өсем үстаса сүркүн алмай.
Торайғырдай совхозың сасып жатыр,
Шығара алмай қоқсығын неше жылдай.

Көріп едім көшесі көшкен жұрттай,
Үйдің сырты кек сағал жауын құрттай.
Өйгілі Сұлтанмахмұт зиратына,
Сын айтамын қалайша жүзің жыртпай?!

Маңайында неге жоқ қайын, терек,
Мақтаныш қып айтқаның кімге керек?
Әлде сол ауылыңың салты ма екен,
Көнді құндал, өсірмес жасыл желек.

Молшинге басқаратын сельсоветті,
Тым курса кенесінді берсең нетті.

Өлгендердің қабірін ұмытпасын,
Өзінді жазғырамын сол себепті.

Аскак еді бір кезде армандарын,
Бастамасын қостадың Шубартаудын.
Амал не көп үзамай “Арман” сөнді,
Шоқтығын көре алмадың шығар таудың.

Әйгілі “Алексеев” сіз ұсынған,
“Карлығаш” тұтып еді уысына.
Бригада қай жаққа үшүп кетті,
Тығылған ба тауынцың куысына?

Біздерден үлгі адуға “Армандастан”
Бір кезде іздел барды талай жастар.
Бастауынан тастауы тез болды ғой,
Шопанды естімедім әйгілі Аскар.

“Карлығаш” қыздар құрған звеномыз,
Жаңалықты үйреніп, ізденеміз.
Көмшаттың ізін қуған қыздар жок па
Баяннан оны қашан біз көреміз?

Ардақты, әдепті елдің баласымыз,
Кезекті ізетпенен біз береміз.

Зекебай Салтанбаев:

Ал, тында мен шешейін сауалынды,
Қайтарма, әлде болса дауалынды.
Басқарып Корашева “Алтын дәнді”,
“Сәтбаев” совхозында ту алынды.

Сырнай жак, суылдаған қарындастым,
Сәт болсын талабындан жарылғасын.

Байлап қой аяғынан қыздарыңды,
Сенің де ұшып кетпей “Қарлығашың”

Атақты төрт орденнің кавалері,
Болудың Еңбек Ері дәмегері.
Сағадат Исқақовты естіп пе едің,
Тың дала “Нивасының” командири.

Баяным, асфальт көше, бақша-баулы,
Кайтеміз куа беріп ұсақ дауды.
Менгертіп комбайнды ұлдарына,
Жасап жүр Чади, Карлье маржан тауды.

Біздерде үйірме көп айдар таққан,
Жастары жалын атып өнер баққан.
Айманов Шәкен, Шанин, Куат, Суат,
Секілді жүргегінің отын жаққан.

“Қыр гүлі”, “Баян сұлу” ансамблім,
Еліңе ойын қойып барса бүгін.
Жібермей бір жыл күтіп ұлғасін ал,
Жетерлік жастарыңда болса білім.

Үйінде Мәдениет азан-казан,
Магнитофон шуынан кетер мазаң.
Ауданнан бір ансамбль шықпаған ба?
Ұфып ал, кемшілікті баса жазам.

Ен дала ең жан сактадың канал құрып,
Жән таптың ауылыңа суды бұрып.
Жолдарың бірақ қандай жаман еді,
Жолаушы шегін түйер шұрық-шұрық.

Сәлем айт, жол жәндеуши болса егер,
Бермесін мәліметті алдап бекер.

Сезім серпіні

Қаланың арқасында қалт-құлт етіп,
Жүргенде жолаупы ақын сынап кетер.

“Стиляг” қалаңда да жүр алақтап,
Шаштарын жалпылдатпай жай таракта.
Аракқа кейбіреуі тойып алыш,
Жүреді-ау шаршы топта қирандалап.

Екібас өршіл қала таласым жок,
Барғанда өзің сынды қарасын көп.
Жоқтығын мейманхана жасырмадың,
“Ақкөлге” амалсыздан баراسың деп.

Конақ үйін бастапсың он жыл бұрын,
Сонда да іс бітпепті ырын-жырын.
Аэропортың ойыншық зор қалаға,
Күлкім келді сын толмас көріп түрін

Сәйлесу қыямет кой телефонмен,
Байланыс жок, әрі өтем, бері өтем мен.
Падалко деген басшы байланысшы,
Сыбағасын алса ғой фельетонмен.

Қалаңды көпіртіп ең мақтап ақын,
Көргенді айтатұғын бар ғой акым.
Сыраларың көшеде көпіріп тұр,
Балаға қайда газ-су автоматың?

Дамет Смайловса: (Карашашева)

Ақын сайрар, жоқ қой бұл тілде сүйек,
Кем-кетікті тіліңе еттің тиек.
Маңызды ірі ісімді көзге ілмейсін,
Сынасақ табылмай ма үсак-түйек.

Каламыз бой көтерген жаңа алыш,
Одақ түгіл шет жұртта жатыр танып.
Екінші БАМ атанды Екібасым,
Әйгілі жер жүзіне ГРЭС салып.

Көреген көсем ойы жүзеге асты,
Орал менен Орталық араласты.
Электрмен екеуін жалғастырған,
Қалайша мақтамайын Екібасты!

“Богатырім” жобалық қуатқа енді,
Жылына 50 миллион көмір берді.
Брежнев жолдастың бізге жазған,
Құттықтаған таяуда хаты келді.

Бізде көп үлгілі істер айтар елге,
Данқы кеткен жайылып талай жерге.
Коммунистік тәрбие беру іci,
Өріс алды шарықтап күннен-күнге.

Кәсіпорын үйым мен өр мекеме,
Қамқорлығын жасайды өр мектепке.
Бала бақша қалмайды назарынан,
Бұл дәстүр кең тараған дүйім көпке.

Сізде аға, ұстазсыз ғой шәкірт ерткен,
Хакимзянова атағы болар жеткен.
Гаврюшин өндірістік вожатыйым,
Жастарға өз еңбегін үлгі еткен.

Келем деп хат жазып ем арнал сізге,
Жетпепті он күн өтті өлі күнге.
Ауданда байланысың нашар екен,
Десен де “жөнделеді, күдер үзбе”.

Шопандар хабар күткен күндең, айлап,
Шағымы еңбекшінің бұған айғақ.
Көлік жоқ, почташы жоқ отарларға,
Сәлемдеме жіберер буыш-тайлаң.

Қозы алса, жуз отыздан Сарыбаев,
Мактауга қойшы жетер бізде лайық.
Жәкібай Бекеновпен тең келмейді,
Сертінен жуз отыз бес көрмес тайып.

Құрығы бұл құданың тым ұзынды,
Мен өзім жақтырмаймын бос ызынды.
Құдашаң көмір қазып шөліркесе,
Торсықпен жіберсөңші қымызынды.

Тағы да көп мақтадың қойларынды,
Май жеген аш болмайды, ойға үғымды.
Кекөніс, картоп іздеп жылда жүрсің,
Күз болса, шарлап қырды-ойдағымды.

Сізге де кезек бердім тұтып құрмет,
Айтыңыз жақсы істерді құлаш сермел.
Алпыс жылда атқарған ауқымды істі,
Тындейын қуанышпен жүрек кернеп.

Зекебай Салтанбаев:

Демежан, кетті-ау маған сының батып,
Ертеден зіл түйгендің біліп жатып.
Сөз ұяты еткірлеу шапалактан,
Жіберді ғой бетімді дұылдатып.

Көнгерлі біракта акын адам,
Алдырмас айлалыға алқымдаған.

Патуаға келейік екеумізде,
Секілді айтыс түйіні жақындаған.

Ақынның қалам “жалы” бір күйзелмес,
Болса егер лайықтымен бір жүтіндес.
Мінімді бүкпелемей бетіме айттың,
Деген бар “Сын түзелмей, мін түзелмес”

Барған соң Егіндідей бұлағыма,
Төрбиелі құт қонған тұрағыма.
Жеткізермін бұл сынды езің айтқан,
Аудандық басшылардың құлағына.

Сыным батып кетсе егер етпеші айып,
Мәймөңкелер мен емес жуып-шайып.
Екібаста ескерткіш қойылса ғой,
Ашқан оны деп жазып Пішенбаев.

Дәмет Смайловая: (Карапашева)

Ал, аға табысты айттық тасқындаған,
Жерде дән, қалықтаған аспанда ән.
Кемшілік, олқылықтың сырын аштық,
Ақындық туралықпен жасқанбаған.

Алпыс жыл! Тарих үшін аз уақыт,
Отанға сыйласп өткен шалқар бақыт.
Мерейлі, торқалы той келді міне,
Қарсы алайық жырменен шашу шашып.

Алпыс жыл асқарында Қазақстан,
Айналды ордасына Бақытстан.
Біз сенің кішкене бір бөлшегіңбіз,
Білінбес салмағымыз мол ағыстан.

Той мынау дастарханы кең жайылған,
Мен дағы хабар бердім өз жайымнан.
Көл-кесір, ағыл-тегіл, береке-ырыс,
Күн шығып, айым тұган мандайымнан.

Шабыс тілеп тыншымас тұлпардайын,
Бұл дурмекке мен дағы сый арнайын.
Ақын-аға, есен-сау боп тұрыңыз,
Осыменен сөзімді тәмамдайын.

Зекебай Салтанбаев:

Құдаша, не десең де жасымаймын,
Кезінде менде сайдың тасындаймын.
Қоғамның бар табысы баршаға ортак,
Қысылып, аңы сейлеп ашынбаймын.

Бұл айтыс келе жатқан дәстүр, ғұрып,
Атымды Мәшінур қойған лепес қылып.
Шайқасып, жеңе алмайсың ұстазыңмен,
Жол босат келе жатсам былай турып.

Бақ берсін, есіп бедел, берекеніз,
Ер көңіл қызда болсан әсері екенсіз
Құтты боп Қазақстан ұлы тойы,
Жасасын алпыс жылдық мерекеміз.





*Касиетті тұған жер,
жырдың нәрі сенікі.*



Жыр көші

Жыр көші, түнеп кетші маган келіп,
Берейін халқыма ерен өлең өріп.
Көзі ашылған бұлактай болар ма еді,
Көкірек кеудем сол сөт сәулеленіп.

Жыр көші, ілестірші керуеніңе,
Каламұш жетермісің сермеуіме.
Киелі өлең сені айналдырман,
Біреудің тәлкек етер ермегіне.

Жыр көші, сәл азырақ аяңдашы,
Бүйдалап жетегіңе таяу алышы.
Тенізге өзен болып құйылмасам,
Болайын, сол теңізде мөлдір тамшы.

Мұған елім

Тесің мынау көз тұнатын егіннен,
Аспаныңдан алтын арай төгілген.
Байтак җерім, айтар әнім, дастаным,
Бақыттымын ырыс қонған жеріммен.

Фасыр бұрын қандай едің қазағым,
Тарттың талай тарихтың да азабын.
Түйе жуні-шидем шекпен киген деп,
Бүгінде тек кітап қылып жазамын.

Орнағалы мандайыңа зор бақыт,
Өз дегенін жасап жатыр сал уақыт.
Дәулетің мен шалқып-тасып байлығың,
Алға карай келесің сен нық басып.

Ауыл мынау, қаладайын гүлденген,
Сөүлетімен қалалар да түрленген.
Еңбекпенен өз бакытын жасаған,
Айналайын, күрыш білек ерлерден.

Мақтанышым, қасиетті мекенім,
Сенде сездім бакыттың не екенін.
Еркін елсің, мен де еркіндік ансағам,
Алда ұлы мақсатым бар жетемін.

Мектебім

Алауын жағып жүректің,
Жаныма менің гүл ектің.
Аяулы асыл мектебім,
Сағыныш сені жыр еттім.

Сусындал білім нәрімен,
Өзіңнен ұшып самғадым.
Мерей той күні, мінекей,
Шәкіртке толы жан-жағың.

Ұшырған талай түлекті,
Құтты болсын мерекең,
Асқақтай берсін мерейің
Ақкөлім менің, құт мекен.

Ақкөл мектебіне Балтабай Ақжанов бастаған түлектері
көмек көрсетіп, үздік окушыларға стипендия тағайындау жөнінен
бастама көтерді.

Ақ бесігім, әулиелі Ақкөлім
Айттар сырым, ақ тілегім көп менің.

Күттү болсын бастамасы баландның,
Көтеретін ел еңсесін, мектебін.

Сенен үшқан талай асыл азамат,
Кейінгіге өнегесі аманат.
Ауылдың тасытындар мерейін,
Ақкөліңнің әлемге атын шарықтат.

*Екібастұз мектебіне жарты гасыр
(1954-2004)*

Ұлы Абай атындағы бұл мектеп,
Талай үрпақ түлеген гүлдей көктеп.
Екібастұз төрінде шамшырақтай,
Қара шаңырак білімнің нәрін сеппек.

Армысыздар, ұлагатты ұстаздар,
Бармысыздар, ханымдар мен мырзалар.
Күттү болсын мектептің мерей тойы,
Бұлдіршіндер, тұлектер, ата-аналар.

Білім нәрін үрпаққа сусыннатқан,
Жарты ғасыр уақыт жылжып аққан.
Күнгейі мен көленке кездері бар,
Мектеп бұл, жаңа өмірде жолын тапқан.

Мектеп бұл, кеңес кезі тұралаған,
Сонда да шаңырағы құламаған.
Ұлтжанды азаматтар араша бол,
Нәсібін тартып алған бұла таңнан.

Қасиеттің тұған жер

Жылт-жылт етіп мандайынан күміс тер,
Кен копарып жатыр дархан жұмыскер.
Қара алтынның қазынасын ақтарып,
Екібастұз бастап жатыр ұлы істер.

Құрылыстар күнге қолын созады,
Жұмыс қызу, бір-бірінен озады.
Сапар шегіп бір айдан соң оралсан,
Көшे бойы танымастай болады.

Жарқыратып, жайнатып дала төсін,
Бастадың жаңа бір іс, елге тосын.
Әлемде тендесі жоқ ГРЭС салып,
Тандантты Екібастұз қас пен досын.

Тер сіңген жер, армысын асыл белім,
Кен үстінде отырган ардақты елім.
Атақ-данқын жайылған жер-жаһанға,
Көмірлі, қазыналы туған жерім.

Шұрайлы Шілдерті мен Жайылма елі,
Бауырында Майқайындай алтын кені,
Асау Ертіс арнасын жетелеген,
Атақты каналымның бар ма кемі.

Айналаң көз сүрінтіп, өркен жайған,
Ғажап құм шығып жатыр Қарасордан.
Дарындары атағын аспандатқан
Іргенде, жер жаннаты сұлу Баян.

Арқаның ортасынан орын төпкен,
Сан ұлттың өкілдері мекен еткен.
Мерейің әрқашанда үстем болсын,
Қастерлі, қасиетті ата-мекен.

Кел, Екібастұзға

Жүректе оты лапылдаған,
Жүзінде жастық жалындаған
Жастарды көргің келсе,
Кел, Екібастұзға.

Қара алтынды қолымен уыстаған,
Жарыста алда боп, ту ұстаған
Жастарды көргің келсе,
Кел, Екібастұзға.

Жерінің байлығы тасыған,
Дәулетке сен ие, жас ұлан.
Дүбірлі енбекті көксесен,
Тезірек жеткейсін, асыға.

Күтеді сені жас қала,
Келе бер , жасып, жасқанба.
Тағдырдың жолы сан тарау,
Жол ашық әр кез жастарға.
Кел, Екібастұзға.

Қазыналы байтасым

Армысыздар,
Куат бол, нұр шашқан ер,
Шуағыңа, сәулеңде бөленді ел.
Қырық жылдық, мерей тойың құтты болсын.
Екібастұз өнірі құт қонған жер.

Мұржаларың тілдескен аспан-көкпен,
Бақытын тапқан халқың зор еңбектен.
Бүгінгі тойға шашу, тарту жасап,
Ұл-қызың өнге салып, өлеңдеткен.

Ерлікпенен, бірліктің жаққан отын,
Жаңғыртып Екібастұз АЕС атын,
Бір ғана Қазақстан жері емес,
Бар өлем көріп отыр шапағатын.

Станция тұрақты істеп жұмыс,
Болған емес, тоқтауы, босқа тұрыс.
Екібастұз көмірін қуат қылыш,
Елге игілік, береке, жасады ырыс.

Құтты болсын мереке, энергетик,
Атак, даңқың жайылды шетке жетіп.
Әр жыл сайын табысың тасқындаған,
Сол табысты айтамын өлең етіп.

Мың жылдыққа сеніммен басқан кадам,
Энергия, қуатқа болма алан,
Қазыналы қара алтын, Екібастұз,
Танданып бас иеді, саған ғалам.

Мұржа салушылар

(“Энерговысотстрой” участкесінің мұржа
салушылар бригадасына)

Мақтан тұтып құрылыста болғанын,
Айтты бізге бригадир толғанып.
Міне, біздер мұржа салып жатырмыз,
Үш жүз отыз метр белгі, жобалық.

Кызу еңбек, ГРЭС маңы шалқыған,
Қымбат қазір әрбір минет алтыннан.
Мұржа салған монтажшыны көрініз,
Биіктеге тез жетсем деп талпынған.

Мың-мың тонна ауыр темір бетонды,
Мұнаралы кран тағы көтерді.
Батырлық та, батылдық та керек қой,
Ел алдында борыштарды өтеуге.

“Шығыс” кеніші

Маңдайынан мәлдір тамшы ағып тер,
Еңбек етіп жатыр шахтер, жұмыскер.
Кара алтынның қопарған қыртыстарын,
Еңбегімен даңқы шыққан нағыз ер.

Кеніш мынау аты шыққан әлемге,
Жеңістер бар, спортта да, өнерде.
“Восточный”-“Шығыс” деген атынды,
Бүгін міне, қостым тағы өлеңге.

Әр участке, әрбір адам жұмыльш,
Корпорация жұмылған бір жұдышық,

Жылдар бойы қара алтынды өндіріп,
Күннен-күнгө ғулденеді құлпырып.

УТКР- жарқын істі бастайды,
Жаңа әдіспен кен қопарып тастайды,
Ленталар шыр көбелек айналып,
Біркелкі тас көмірді ұнтақтайды.

Екібастұз өндіріп көмір кенін,
Берекесін келтірді бүкіл елдің.
Куат болып таралып бар өнірге,
Еңбегімен ерледі кеншілерім

Чыт досызы жарасқан

Қаласың Екібастұз кен пейілді,
Түрлі ұлт гүлдендірген бұл өнірді.
Үшінші мыңжылдыққа қадам бастың,
Шырқаймыз ән мен жырды біз көнілді.

Тағдырымыз тоғысқан халықтармыз,
Еңбекте биіктеге шарықтайды.
Бірлікпен берекелі өмір суріп,
Фасырдың аспанында қалықтаймыз.

Казактың нұрлы аспаны аясында,
Бейбіт өмір бар ұлттың баласына,
Ұсынып адаптың, дәмін тұзын,
Тартқаны қонағына жарасады.

Тыңдаймыз ілтипатпен басқа ұлт әнін,
Халқының келтірген соң нақыш сөнін.
Қай ұлтсың, қай наследсің жатсынбайды,
Казағым бөліп беріп жарты дәнін

Павлодарын, армысын,

Гүлге оранған армысын, Павлодарым
Жүргегімнің тубінен өн арнадым.
Тәуелсіз ел төрінде тұрленесін,
Орындалып аңсаған армандарын.

Төсінде жұлдызысын Сарыарқанын,
Бағы жанды баянды ұл-қызының.
Жаңа келген ғасыр мен ғасырларға,
Паш етіп жеткізе бер қазақ үнін.

Карт Ертісім Мұхитпенен ұласқан,
Ағысыңа куә болған нұрлы аспан.
Әр тасына, жартасына үн қатып,
Толқындарың көк терекпен сырласқан.

Достық пенен бірлік болып ұраны,
Барша ұлттың басын қосқан ұланы.
Дүбірлетіп дала төсін ұлы іспен,
Халқың сенің сән-салтанат құрады

Күт мекен

Сездірген сағыныштың не екенін
Павлодар асыл менің күт мекенім.
Сапардан оралғанда шалғынға аунап,
Гүлінді иіскеймін, тәу етемін.

Әркендерген елімнің бір қызымын,
Көретін алда менің көп қызығым.
Каламменен бірге өсіп ер жетемін,
Тұрлен, гүлден жарқырап бак-жұлдызым.

Жетемін саған сағынып

Көгілдір нұрға малынып,
Фонтаннан моншақ тағынып.
Өсемсің, сұлу Павлодар,
Жетемін саған сағынып.

Ертістен ескен самалың,
Көркемі сенсің даламның.
Тасыған дәулет, сәuletің,
Өзіңнен бақыт табамың.

Қазақстан Алюминий

Алғашқы алып Қазақстан жерінде,
Алюминий Павлодардың төрінде.
Қырық жылдың қырқасына жетті ол,
Шықты талай одан Еңбек Ері де.

Құрылышын салды бүкіл ел болып,
Жолдамамен келді жастар лық толып,
Вагондармен боксит кені ағылды,
Ұлы Торғай даласынан жол болып.

Алпыс төртте алынды алғашқы өнім,
Қазынасын сапырган байтақ жердің.
Қанатты металл кетті гарыш асып,
Танытып қазақ деген елдің атын.

Бұл күнде алюминий бағы жанды,
Ең сирек кездесетін металл алды.
Ұжымы Қазақстан Алюминийі,
Табыспен мерей тойды қарсы алды.

Мерей тойда асқақтасын мерейің,
Әрқашанда биқтерден көрейік.
Алюминий заводы ерлерімен,
Салтанаттың шашуларын терейік.
(2004 ж.)

Павлодардың бір күні

Ұлы Ертістің өнірі,
Екібастың көмірі,
Майқайыңның алтыны,
Аксуда қуат жарқылы,
Трактордың дұрсілі.
Міне, осындағы өлеумет,
Алпыс бес жыл тарихта
Павлодардың бір күні.

Ардагерлер

Армысыз, ардагерлер, ардақтылар,
Сыздықтап, соғыс жайлы сыр актарар.
Алпыс жыл асқарынан асса дағы,
Сүм соғыс ет жүректі аландатар.

Айналып батырларым құлпы тасқа,
Кешегі солдат бүгін сексен жаста.
Сиресе де қатары мұқалмаған,
Ардагерлер әлі де тұрсын қапта.

Ардагерлер, қеудең толы ордендер,
Қан майданда қындықты көргендер.
Отан үшін от-жалынға оранып,
Жанын қылп, жеңісті алып бергендер.

Алтын заң

Алтын заң, Ата заңым.
Халқымды нұрландырған.
Әр ұлттың азаматы,
Салтанат-сайран күрған.

Еркіндік, татулықтың
Улгісін көрсеткен ел.
Бейбіт күн мамыражай,
Бесігін тербеткен ел.

Ата заң-Алтын заңым,
Егемен құқық берген.
Ел Басы, баста елінді,
Сенеміз соңыңа ерген.

Кекбайрақ аспан түсті,
Қыраны қанат керген.
Шаңырақ шайқалмасын,
Алтын дән өрнек өрген.

Мейманға құшак ашқан
Кеңпейіл қазақ халқы.
Кеңбайтақ жеріне сай,
Дәстүрі, әдет-салты.

Болашақ үрпақ үшін,
Қызмет ет, Алтын заңым
Әр күнің бейбіт болып,
Қазағым атсын таңын.

Еңбек мерекесі

Жастар бүгін көңілді екен ерекше,
Сенбілік қой, еңбек тойы мереке.
Жастық жігер, жалындаған от өрен,
Дәulet, ырыс, жасап жатыр береке.

Бақыт тапқан, шабыт тапқан еңбектен,
Жомарттықты аямапты нұр кектем,
Сенбілікті дәстүр етіп тамаша,
Игілікті істерменен ержеткен.

Қарт атамыз шығып бүгін далаға,
Жас шыбықты еккізіп жур балаға,
Қасиетін қайран жердің жеткізіп,
“Кастерле”, -деп құйып жатыр санаға.

Жұмыл, жұмыл, көтерейік жабылып,
“Еңбек” атты зор майданда табылып,
Дүбірлі той, жарасты той емспе?
Өр жыл сайын қарсы алайық сагынып.

Құрыш қолдар табыс кілтін бұрады,
Халқымыздың жарқырады шырағы.
Табысты еңбек қарқынын тасқындағып,
Еңбекші елдің келе жатыр ұланы.

Чытаз

Сәуле бол құйылған санаға,
Ой берген бақытты балаға.
Еңбекке, ерлікке баулыған,
Әліппе үйреттің данага.

Ашылыш кеуденің бұлағы,
Мұғалім сыныпта түр әні,
Асқақ ой, қиялды жетелеп,
Шәкірттер жанымен ұгады.

Егінші, малшыны, ғалымды,
Ұшқышты, ақынды, дарынды,
Баулыдың биікке самғатып,
Ұлы ұстаз от беріп жалынды.

Білмейсің тынымды өр кеште,
Дәптерлер үйілген түр десте.
Білімнің дәніндей егетін,
Сабактың жоспары бар есте.

Өр таңы еңбектен басталған,
Өр сабак артық-ау дастаннан.
Анамыз өмірге өкелсе,
Білімге ұстазым бастаған.

Ауылым Шідертінің жағасында

(Сыныптасты Галилек Айтмаевқа және ауылдастаролы)

Ауылым Шідертінің жағасында,
Шайтанкөл, Жақсыат, Шабдар арасында.
Су тасып, сай-салаға жайылғанда,
Мекендең акқу қонған сағасына.

Камыстың арасынан, шүрегеймен,
Жұмыртқа іздеп талай жүгірген ем.
Алғашқы өлеңімді өзенге арнал,
Арнасын анаға өкеп теңеген ем.

Әркімге де жер-ұйық ата-мекен,
Сол жақтан арайлап таң атады екен.

Естен кетпес балалық қызық дәурен.

Ұялап көкірегінде жатады екен.

Шідерті Асан қайғы тоқтаған жер,

Исабек ишан атам аттаған жер.

Ұл мен қызың даңқынды жайып елге,

Ақындар өлең арнал мақтаған жер.

Дарыған өулиелік қасиеті,

Талай жан адұнына кеп бас иетін.

Арқаға келген тоғыз өулиеден,

Ишан атам білдірген ақ ниетін.

Ақкөлім, тоғыз көлім, туған жерім,

Жайылма өсіп-өнген, ардақты елім.

Келмесем алыс жолдан ұзағырақ,

Сағынам ауасы мен саумал желін.

Ауылым Шідертінің жағасында,

Тал-шілік бойлай өскен сағасына.

Ауыл бүл өнерлі де өнегелі,

Дарытқан соның бәрін баласына.

Айналдым қасиетті топырағындан,

Өрнекті үйренді анам жапырағындан.

Жылдытып жүргегімді жібересін,

Жақсылық күтіп дәйім үрпағындан.

Мастық шақ

Маңдайынан күміс тамшы тәгіліп,

Ерен еңбек деңгейінен көрініп.

Кала салып, қой жаясың далада,

Іздерінде гүлдер қалар егіліп.

Сезім серпіні

Думандарда сен құрасың серілік,
Жарыстарда көрген жоқсың жеңіліп,
Ел бакытын күзетесің көз ілмей,
Білім нәрін құмарланып, сіңіріп.

Қайрат қандай ашқан талай кен көзін,
Алып көштің басындастың сен бүгін.
Мыс қорытып, балқытасың болатты,
Әкелердің жалғастырып ерлігін.

Ауыл мұнды

Төуелсіздік тәтті үғым таңдайыма,
Бірақ сызы батып түр мандайыма.
Титықтап, тұралаған елді көрсем,
Жан қалмастай көремін маңайымда.

Қаптады жасанды көп кеменгерлер,
Қайда жүр кешегі әттең нағыз ерлер.
Арам пиғыл қалталы болып алды,
Айнала толып кеткен саудагерлер.

Істеген сұмдығына ақыл бойламайды,
Таптайды, намысты олар ойламайды.
Есесі есіл жүрттың кетіп жатыр,
Мал мен жан болып бүгін ала қайғы.

Мол еді ауыл үшін күн көрісі,
Тарылды асы-сусы, мал өрісі
Көмірге, электрge малын беріп,
Көбейді; ұры-қары, “жын-перісі”.

Жабылды бала бақша, мектеп қанша,
Құлазып үйлер құлап, ку молаша.

Күн көріс үшін қала сағалайды,
Жаутандап ел адамы жас балаша.

Момын ел, ауылда ғой басым қазак,
Кезінде өрге өрлеген тасың қазак.
Нарықтың қыспағына түсіп тұрсын,
Мал құнсыз, ас кенеусіз жасып қазак.

Қытай мұлкін аласың бір малыңа,
Бірер қап үн жүқ болмас жүрнағыңа.
Жылдар бойы теңгенің бетін көрмей,
Киындықтың шырмалдың шылауына.

Егін ексең жетпейді жағар майың,
Техниканың саттың ғой шұрайларын.
Төуір деген малыңды базарға сап,
Ашпа-жалап жаныңмен шыр айналдың.

Мұңынды айтсам жаным қан жылайды,
Сорақы істің сұрауын кім сұрайды.
Жеке меншік жағып тұр жылпостарға,
Ал жалпының жағдайы күлдýрайды.

Өліптің артын бағып әлі келем,
Кайраңға килігіп тұр мінген кемем.
Көтерер ел жағдайын күш-куаттың,
Бары-жоғы белгісіз, қалай сенем.

Біреулер май асайды, кекіреді,
Біреудің киері жоқ секіреді.
Осынау келенсіз бір кезенді ойлад,
Ақынның қарс айрылар көкірегі.

Сары уайым шығармас тығырықтан,
Күтылар жұрт өлі-ақ бұл құрықтан.
Ұзак-сонар созылған нарық кездей,
Аяқтаман өлеңді торыққаннан.

Тәуелсіздік тәтті ұғым тандайыма,
Әттең сызы батып түр мандайыма.
Бір жыл еткен үміттің шоғын көрсем,
Пілте болып оралам шалғайына.
(1998 жыл)

Шілдерімі

Күшокыдан бастау алып,
Қарағандыны қызып-жарып,
Кең даланы бойлай ағып,
Шығанакқа қуйған өзен.

Мұздыбұлак, Сарыапан,
Қарасу мен Сарыбұлак.
Бесқұдық пен Бала жылға,
Шілдертіге сыйға берген.

Қарасу боп Жалаулыға,
Жетеді де етер тұрак.
Ертістен соң екінші өзен,
Сыбыдыр қакқан жасыл құрак.

Өткел бермей тасығанда,
Жайылатын Жайылмаға,
Тік жарқабақ ойпат болды,
Бұрынғыдай жайы бар ма?

Ағынды өзен айдынына,
Ақку мен қаз қонар ма енді?
Суат болған жайылымға,
Арна суға толар ма енді?

Жағада өскен тал-терегі,
Бұрынғыдай жайқалар ма?
Шідертіні шідерлеген,
Нәубетті ақын айта алар ма?

Кар сұымен, қызылсұы,
Құйылмайды гүрілдекке,
Бала кездің бар қызығы,
Жоғалғандай енді текке

Шыбынды көл, Тұзды өзектің ,
Бізге сұы қосылмайды,
Нұра жақтан ағып келіп,
Шідерті енді жосылмайды.



*Табиғатым-сырласыл,
Мұған дағам
Жыр басы.*



Кысқы кеш

Кысқы кеш-ай,
Күн батады қызарып,
Көлеңкелер бойын жазды,
ұзарып.

Көлегейлеп кек мұз
бетін жауыпты,
Сылаң қакқан көктемдегі
қыз -арық.

Ауыл үсті көкшіл түтін
көлбеген,
Артық-аудың шуы да
жоқ көлденен.

Тыныштықтың үнсіз
әкеп базарын,
Қайып тігіп тастағандай,
жерменен.

Дала да үнсіз ақ көрпесін
жамылыш,
Ақ ұлпасы қызғылат
нүрга малынып.

Аспандағы ерке жүлдым
көрінді,

Сезім серпіні

Терек мұлғіп,
ақ жамылған келіндей
Аяздың да түр ызғары
білінбей.

Терезеге ою-өрнек салыпты,
Табиғаттың шебер қолы
ерінбей.

Дала сазы

Күз келді, қызу еңбек, қызды қырман,
Қырманнан күні-түні ағылды дән.
Дән тауын, еңбек туын шарықтатып
Қырманда қыз -жігіттің салғаны өн.

Күз келді, сары айдында кеме жүзіл,
Келеді дән дариясын еркін сүзіп.
Дала күйін шертеді тәтті өуенмен,
Мотор үні ағылған тынбай жүріп.

Күз келді, құстар үшты жылы жаққа,
Мың бояу күбылады кірсөң баққа.
Табиғат сағынышы сары түс бол,
Кимастай жазбенен түр, қоштаспаққа.

Күз келді, соқа күзгі егістікте,
Шәп шабылды мая көп еңістікте.
Тыраулап тырна үшүп бара жатыр,
Үш бұрыш жасап сонау кеңістікте.

Ақша қар

Сықыр-сықыр аяқ асты
ақ мамық,
Күміс жамбы күн нұрынан
түр тамып.
Терек мұлгіп,
ақ жаулығын киіпті,
Шашу шашып, Аяз ата
жүр ағып,
Төсеп тастап жерге
жібек көрпесін.
Аяз әлек, ертеп мініп бөртесін,
Сақалының сипап мұзды
күрсауын.
Желіктірді боран сынды
еркесін
Ерке десе ерке екен шынымен,
Секіреді кейде күні-түнімен
Ән салады, ыскырады,
 уілдеп,
Кең даланы жаңғыртты-ау,
үнімен.
Сақалына жармасқасын шыдамай,
Ақырады ашуланып атасы.
Ішін тартып долданады
жылайды,
Ақылсыздың еске түсіп қатасы.
Аяз ата уатқансып, шақырып,

Сезім серпіні

Шымшып беттен,
айтады екен акылын
Тентек боран екілене лактырып,
Қар сұлуды қатырады, акырып.
Ауа қандай,
шып-шыңылтыр, тап-таза,
Шатыр-күтір сынар ма екен,
Масқара!
Сақ сауысқан
жақсы хабар жеткізді,
Балмұздаққа толып түр деп асхана.
Кызығына
қыстың, көніл тоймайтын,
Ақша қармен жаңа жылдар
тойлайтын.
Ағыл-тегіл ырыс болған ақша қар,
Ақ бидай ғой,
қамбаларға сыймайтын.

Ақ керпесін ысырып, жер түледі

Ақ керпесін ысырып, жер түледі,
Күн нұрына ынтық боп гүл күледі.
Сылдырына бұлақтың құлақ түрсен,
Тәтті сырды наздана білдіреді.

Білінбейді ызғары қыстың мұлде,
Ораныпты тал-терек үлде-бұлде.
Көктем өзі жырлайды ақын болып,
Тыңдайықшы, бөленіп сазды күйге.

Кеп-кегілдір бусанып атқан таңы,
Жасыл түске еніпті-ау ауыл маңы.
Тіршіліктің тынысы кеңі түсіп,
Тамыр бойлап жүгірді өмір қаны.

Жазды аңсау

Жазғы бақтың шуы біткен ортайып,
Сұду терек бойынан да өр тайып.
Жас шыбықтар меніменен тете өскен,
Қалғаны ма, шыныменен “қартайып”.

Қысқа күнде келдім талай аландап,
Жазды аңсал түр ма деп ем бар аймак,
Ақша қар да кіл асылды кигізіп,
Өміріне келтіріпті-ау ынғайлад.

Көніл қалды-ау құлазып, бірак-бірак,
Жазғы кеште біз болған талай қонак,
Бос түр екен орындық, бос түр екен,
Кеткеннен соң сен алыс менен жырап.

Ауыл таңы

Таң алдында шықтым дағы далаға,
Аң-таң болдым, үқсадым жас балаға.
Аспан асты тұнып тұрган тыныштық,
Таңғажайып, бейне жұмак, саф ауа.

Ауыл усті, ак көрпе, ак мамықтар,
Бетке, қолға қонам деп қар қалықтар.
Ерке желде, еріксіз тына қалған,
Ақ таңды дейді маған қарсы алып қал.

Тыныштықтың патшасы өзім болып,
Үнсіз тұрдым ғажапқа көзім тұнып.
Бозша талдың бұтағы тәжім етті,
Асыл моншақ тағынған ару болып.

Аспаннан нүр жауып түр айналаңа,
Аппақ кілем төсенді ару дала.
Тамаша ертегідей елді іздесен,
Ауыл таны әрқашан қызықхана.

Қыстың басы желтоқсан

Қыстың басы желтоқсан
Ыңғырық жел үн қосқан.
Жапалактап жауып қар,
Тұнжырайды күнде аспан.

Бұрсаң қағып сұықтан,
Секіреді сауысқан.
Жем іздеген торғайлар,
Бұтадан-бұта ауысқан.

Ақ жібекке малынып,
Ақ сөлдесін жамылып,
Шырайланды шыршалар,
Ақ маржан моншақ тағынып.

Терезені оюлап,
Қырау салды өрнекті.
Күміс қарды омбылап,
Бала тапты ермекті.

Желтоқсан бұл ызғарлы,
Желтоқсан бұл муз-қарлы.

Тұн қызырып тез батыш,
Ертегідей тұн үзарды.

Тамашасың желтоқсан,
Ұласатын қаңтарға.
Сырғанайды балалар,
Мініп алыш қар тауға.

Жаңа жыл

Жаңа жылдың ақ қары,
Жапалақтап жауып тұр.
Мешін жылың жетектеп,
Аяз Ата шауып жүр.

Ақша қармен оранып,
Ауыл жатыр момақан.
Ақша қармен нұрланып,
Соқты акқала балақан.

Бейбіт елдің тұтіні,
Түйдек-түйдек тік үшқан.
Кой жылымен қоштастық,
Мешін келді ғарыштан.

Жаңа ғасыр, жаңа жыл,
Келді еліме жарқырап.
Қазақ елін мақтан ғып,
Айтып жатыр шартарап.

Павлодардың төріне,
Мұз қалашық орнады.
Ертегінің елінде,
Киял құсы самғады.

Сезім серпіні

Құтты болсын Жаңа жыл,
Құтты болсын келген жыл.
Күлімдесін Ай мен Күн,
Кек аспаннан төгіп нұр.

Қалықтайды ақша қар,
Ақ қанатты қәбелек.
Молшылық жыл болып кел,
Ақ қарынды себелеп.

Жаңа жылмен мол бақыт,
Жазылсын ақ мандайға.
Ырыс пен құт береке,
Тати берсін тандайға.

Әр шаңырақ табысы,
Тасқындасын, сел болсын.
Шаттық пенен қуаныш,
Ағыл-тегіл, көл болсын.

Тұған-түйс аман боп,
Орындалсын ой-арман.
Үміт пенен ақ тілек,
Тілейік біз Алладан.

Құтты болсын, Павлодар, жаңа жылың,
Сайрандастын, төсінде ұлы-қызың,
Жаңа ғасыр, тәртінші жылың туды,
Таусылмасын тататын дәм мен тұзың.
(2004 ж.)

Ұскірік

Ұскірік,
 Қарал ем құлақтанып тұрган күнді,
 Қылышым еске түсті бала күнгі.
 Кершінің баласымен бәс тігісіп,
 Темір жалап ойдырғам қайран тілді.

Ұскірік,
 Бет домбырып, көзде жас, қызыл мұрын,
 Аяздың аты қысқа, құрығы ұзын.
 Ширыққан үні қандай, ызың-ызың.

Ұскірік,
 Жоқтан барға манқ етіп қара тәбет,
 Тығызып панарапты үйдің ырын.
 Бәріне өктемдігін жүргізбекші,
 Бүгін билік тигенге ұскірігің

Жыл құсы Наурызек

Жыл құсым, армысың!
 Хош келдің Наурызек.
 Өзінді көптен біз,
 Асыға күтіп ек.

Көктемнің құсы деп,
 Наурызды әкелген,
 Арнадық жыр саған,
 Қабыл ал, Наурызек.

Көгілдір белдердің,
Аптапты шөлдердің,
Сөлемін ап келген,
Армысың, Наурызек

Көктем

Кыз көктем көгілдір нұр ораныпты,
Сағым ойнап, кен дала ояныпты.
Табиғаттың әрленіп еңі кірді,
Туған жерге қаз-үйрек оралыпты.

Күрак көктеп, шегіртке шырылдады,
Күйеу көктем, жайлауға ұрын барды.
Қырға толып трактор еңбек қайнап,
Терек бүрлеп, исі мұрын жарды.

Сай-сала серпілді ақ көрпесінен,
Жылға толы жылт-жылт су еркесінген.
Бозторғайдың шырылы басымырак,
Осы таңның дегендей еркесі мен.

Суга тесеп бауырын қос акқу мәз;
Еркелеп бір-біріне қылады наз.
Қыздырып күн алқапты бара жатыр,
Қарсы ал, келе жатыр, шыбынсыз жаз.

Көгілдір көк, жерменен сыбырласқан,
Көк майса, көк тоғайра тәнеді аспан.
Бойына сұлулықтың жиган бөрін,
Маусымның көріктісі-ау көктем асқан.

Берекелі көктем бол

Төгіп өтті ақ жаңбырын ала бұлт,
 Әр тамшысын сіңірді дала күліп.
 Шалшық суға іркілген ауладағы,
 Түсіп кетті бір балақ түріп.

Даланы көрген алғаш қозы-лақ,
 Жүтіреді енесіне ол маңырап.
 Көктем құрты буынына түскендей,
 Биши қыздай былқылдайды атырап.

Селт еткізіп үйқыдағы бүршікті,
 Алтын табақ төгіп нұрын күн шықты.
 Жауыннан соң жасанып қыр үстіне,
 Шыға келді, кемпіркосақ айшықты.

Тыныш тандар тарқамасын осылай,
 Бейбіт құстар самғай берсін шопшымай.
 Бакшага өкеп қос уысталп дән септім,
 Береке бол келсін көктем, тузын ай.

Наурыз келді

Аралап наурыз желі қырат қырды,
 Сайларда сыңғыр қағып бұлақ күлді.
 Кек сағымнан көгілдір кейлек киіп,
 Керекуте күлімдеп көктем келді.

Жұздестік өзінменен нұр көктемім
 Исіне құмар болып гүлдестенін.
 Тындашы, сылдырлаған судың жырын,
 Акку-қаз сұнқылына үнде斯基нін.

Ұмай ана-Жер ана

Армысың, Ұмай ана-Жер анамыз,
Бас иіп, сені күтіп қарсы аламыз.
Бетіңе, бедеріңе дақ түспесін,
Сактауға сені мәңді жан саламыз.

Ұмай ана қауышып Күн нұрымен,
Гүл дестемен өрнектелді бұрымы.
Қыр көгеріп, бүршік жарды тал-терек,
Бейшешектің желбірейді тулымы.

Хош келдің, наурызым, шық төріме,
Құт-береке ала кел сен Жеріме,
Күн менен Тұн теңесіп, көктем жетті,
Жасарып Ұмай ана кірді өндіне.

Көрі қыс пен жас көктем

Көрі қыс та өлегін салып жатыр,
Беріспей, алысада көктем батыр.
Әпжыландай ыскырып зәрін тәгіп,
Ақтық демін тәгуде аяз пақыр.

Шымшып бетін баланың мазалады,
Ашық-шашық жүргенді жазалады.
Кеудесіне қондырып көк сұңғні,
Тау-тасты пана іздеп аралады.

Касаң қардың қарқыратып көбесін,
Күннің нұры көздең атты жебесін.
Ер “Әбдікей” алтын күрек желі бол,
Көрі қыстың қуып жетті елесін.

Жігіт көктем көрі қыспен алысқан,
 Күн менен Жер сағынысып табысқан.
 Торғай біткен қар суымен шомылды,
 Көктем келді, жыл айналып ғарыштан.

Қыран ұшар қияза

Тау шыңына ұмтылар қыран қандай,
 Қанаттары жетер ме оның талмай.
 Суылдаған қанатқа үн қосайын,
 Биікке самғасыншы өнім қалмай.

Жарқ-жүрқ етіп отты көз қарағанда,
 Кызыл алау аспаннан тарағанда.
 Қөлеңкелі кек тастың бектерінен,
 Кашқан тулкі жан сактар пана бар ма?

Көгілдір мұнар басқан тау мен тасты,
 Салт мініп, қарт жолаушы асуды асты.
 Сылдырап тау бұлағы сыр шертеді,
 Тәнті ғып, ынтықтырып кәрі-жасты.

Тау тұні мактал қара самал ескен,
 Байғыздың әуені де кетпес естен.
 Келтіріп көз алдыңа сан суретті,
 Арыла алармысың тәтті елестен.

Адам да құс сияқты үшқан түлеп,
 Биікті қалап тұрарап сүйіп жүрек.
 Тау мен тас мұқалмайтын жігер берген,
 Қырандай құз қияны тұрган тілеп.

Айдын

Айдын беті тып-тыныш, толқын тынған,
Ойнайды кешкі сәуле су бетінде.
Керіліп, сылқ-сылқ күліп дірілдейді,
Айдың нұрын көшіріп келбетіне.

Тал төнеді сұлуға сұқтанғандай,
Төңкөрілген тақия аспан қандай,
Бір-біріне наздана сыр шертеді,
Кекше құрақ еркелеп тұрған жандай.

Жағада жігіт отыр іңкөр болып,
Арманы айдындағы айға қонып.
Су сызып сұлу аққу келді жүзіп,
Айнала кетті әп-сөтте әнге толып.

Құтты болсын, гүл Наурыз

Қыс айналып жаз келді
Көлге үйрек, қаз келді.
Ұлыс күні қуаныш,
Әзіл күлкі, наз келді.
Құрт, ірімшік, ақ келді.
Наурызбенен бақ келді,
Жақсылығын ап келді.

Құтты болсын жыл басы,
Құтты болсын гүл Наурыз.
Ақын соны жырлашы,
Ән тындауға күмармыз.

Төбемізден күн күлген,
Боталады боз інген.
Қыс үйқыда жатқандар,
Күн шуағын сезінген.
Түрленеді бар аймак,
Таң атады арайлад.

Наурыз көже ұсынды,
Ақ жаулықты өжеміз.
Сыйлап ұлкен-кішіні,
Кастерлейміз, ішеміз.
Молшылықтың көзі ғой,
Сабамызды пісеміз.

Мұра қылыш атамыз,
Тал егіп жүр көшеде.
Су құяды немере
Өзі еккен көшетке.
Тойдырады бәйбіше,
Дүйім жүртты сүр етке.

Көктем күні

Жылымық ауа секкенде қардың көбесін
Төбеден төніп қадады күнде жебесін.
Беріспей жүрген ызығарын қыстың көрдің бе?
Қалдырыш кетпек, ең болмаса, елесін

Жапалакташ жауып түр “құс қанаты”
Жетпей-ак жерге, айналып бұра барады.
Шұбарланып жатқанын өне қараши,
Жотаның күнгей алабы.

Бұтағы талдың түрленген көкшіл тартып,
Бас иіп тербеледі, әнін айтып.
Шатырдың жиегінде көк сұңгілер,
Моншақтай домалайды сүян сарқып.

Алма кезек дуние шыр айналған,
Жаңарғанда бар дуние шырайланған.
Толықсыған табиғат толғатуда,
Үміт күтіп арайлы атқан таңдан.

Тылсым түн

Түн тамылжып төніп түр ғой тәбемде,
Тынцылды алған бұл мазасыз өлең бе?
Әлде менің жүргегімді толқытқан,
Махаббат па, әйгілі бар әлемге?!

Тылсым түн аямалты бар нұрын,
Текші ақын, жүргегінің гүл жырын.
Қос қайыңдың саясында қос ғашық,
Ақтаруда асыл жарға жан сырын.

Жұлдыз жауып кетер ме екен, япрай,
Тас тәбемде төніп түр ғой жапырлай.
Құс жолынан бөлінді де бір жұлдыз,
Ағып түсті көкті тіліп, жасындей.

Жоғарыда, биікте деп жұлдызым,
Тәтті сезім бойды тербел мен түрдым.
Тылсым түннің құшағында от шашып
Жазылмаған қала берді бір жырым.

Жаңа гасырға сәлем

Армысың жаңа гасыр,
жиырма бірім,
Айқайлап, арындал келген.
Әуелі басынды иіп,
Амандас елмен,
Қауыш көне жермен!
Уақыттың бастан өткізіп едік
талайын.

Үн қоспай қайтіп қалайын.
Улестіріп жүрген,
Жақсылығынды жая кет,
Керегімді тауып алайын.
Күтеміз күнде,
Бір үміт атар таңнан да.
Табынып тағдыр жалғанға.
Тіршілікке жетер
Ештеңе жоғын ойланбай.
Кетеміз-ау тұбі арманда!
Гасырым,
Сағатпен санап тағатсыз күнді,
Тосып жүрміз, тосын келердей.
Өмірдің берекесіз акқан
Ағынымен,
Өтіп жатыр күн еленбей.
Фарышқа жетіп,
Ғаламатты ауыздасақ та,
Еліміз жасап, жеріміз тозбай,
Адамзаттың алдына
тартар сыйын,
Бейбіт күн, баянды бақыт болғай!



*Ата-анап ардақтым,
Асыл жарыл
Манатым.*

*Сая бағыл Айзатым,
Алтын босағал-
Шарбактым.
Жүректен шыккан
Жырымды,
Өздеріңе арнаадым.*



Анаңа

(Анаңа Шокен Біләмәкозының рухомы)

О, ана қымбаттысың өзің неткен,
 Тербеген жүрегімді жаның қектем.
 Кызыңды аялай бер, аймалай бер,
 Гүліңмін ғой өзіңнің бағында өскен.

Кеудеме салған әнің сәуле берген,
 Жанымды әсем үнің әлдилеген.
 Адалдық, жақсылық пен өділеттік,
 Анашым ақ сүтіңмен бірге келген.

Алтын күн аспанымнан нұрын төккен,
 Өзің де аялайсың гүлінді еккен.
 Сен үшін, халқым үшін, елім үшін,
 Еңбекте аямаспын терді төккен.

Ана емес пе әннің басы, сез басы,
 Ұл мен қызы өмірінің жалғасы.
 Ана емес пе бізді әкелген өмірге,
 Аналардың төгілмесін көз жасы.

Әкесе

Балауса бала кезден,
 Өзіңе табындырдың.
 Тау-тасты бірге кезгем,
 Сол кезді сағындырдың.

Тіледің ақ жүрекпен,
 Биікке самғауымды,



Ел басы Нұрсұлтан Назарбаевтың Айзатқа
бата беріп тұрған сәмі



Манатпен болған бал күндер



Студенттік шақ. Жездем Хамит, әпкем
Гүлбаришын, қызы Сәтия, інім Әлдебек



Әкем Бабылбек, анам Шокен,
немеренің атты Аргын



Манаптың ағасы Болат, жекегесі Нұржанас Қайынбайұлы: Асхат,
Жанболат, Жанам, Мұрам, көпілдердің: Мерзеппін, Ажар, Гүлсін



Әкем Бабылбек, ішірім: Әндеңек, Абай, көпіндөртім: Бикең, Гүлшандыра,
сіңгішкірім: Назима, Нәзіма, Светлана, Карлыгаш, күйегү балаларым;
Балғадек, Жапузық, Оразбек, Қазбек және олардың балалары,
наналының шебересі Диас



Айзатқа алты ай



*Кайындарым Жанат, Асхат, Манат, келінім
Ажар, Айзат, Алтынай және Дәмет*



Болгария сапары (2000 ж.)



Москүде (2000 ж.)



Айзат папасы Манамен



*Роза Рымбаева, Айзат Карапашев,
Рамазан Стамгазиев (2002 ж. Алматы)*



Айзаттың Италияда болған кезі (2004 ж.)



Айзат (2004 ж.)

Сезім серпіні

Өзіңнен үйрендім мен,
Тебіреніп, толғануды.

Ұшыртып қиял құсын.
Арманға от алдырдың.
Сүрініп қалмау үшін,
Намысқа ат салдырдың.

Ашқызып білім кенін,
Кеудемді нұрландырдың.
Сүйсін деп туған елін,
Жүрекке бердің жалын.

Жаның нұр-көктем көңіл,
Бақытқа бірге аттаған.
Сыйлаған маган өмір,
Армысың, ардақты адам!

Ардақтың эке

Мен үшін бақыт,
Мен үшін шаттық әкелген,
Айналдым алтын,
Ардақты асқар әкемнен.
Гүл болып толып,
Ән болып күліп жүргенім
Өзіңнің арқан,
Өзіңнің ыстық көлеңкен.

Адалдық пейіл,
Күн мерей дала көнілің,
Көрсеткен маган,
Соқлағын мына өмірдің.

Тебірене толғап,
Биікке самғап үйреттің,
Құпия сырын,
Ашуға шалқар жерімнің.

Қакпадың қолды,
Ұстауга айды ұмтылған.
Жүректе тұрар,
Мәңгілік сенің зор тұлған.
Есейіп кеттім,
Еркесен келіп асылсам,
Сағыныш болар,
Балалық шақтан бас ұрган.

Жан-жарым, Манатым

(1999)

Аңқылдаған, ақ көңіл, аяулы едің,
Ерте кеттің көңілім қаяу менің.
Өзімде еңбек етіп жүрсем дағы,
Мен сенің ығында едім, саянда едім.

Шығардың ер жігіт боп, елге атынды,
Аямай бойда қажыр-қайратынды.
Басынан жалғызыңың құс ұшырмай,
Ойлаушы ең алдыменен Айзатынды

Жан ұшырып, құтқарған құлыншағын,
Тағдырдың тартар сыйын ұрыншағын.
Көзіндегі әкесінің көреді ол,
“Манат” деп атынды атап бұрылса кім.

Сезім серпіні

Жолдас-жора келгенде қуанады,
Сәби көңіл алданып уаңады.
Менің моншак тамшымды көріп қалса,
Есейеді, әп-сәтте мұңаяды.

Манатұлы дегенге марқаяды,
Ат орнында түяқ боп тай қалады.
Қайтейін осыны ойлап, тәубе деймін,
Үміттеніп көңілім жайланаңды.

Тұыстары, достары алар еске,
Бірақ-бірақ оларда окта-текте,
Уақыттың жазбайтын жарасы жоқ,
Жар көңілі сактайды мәңгі есте.

Еске ашу

Өзгерген жоқ дүние, қаз-қалпында,
Көктем келді, тағы да қаз қанқылдал.
Тек сен үшін күн сөніп, ай тұтылды,
Бәйтерегім шарт сынды, қалды құлап.

Айлар жылжып, мінекей болды жылын,
Сағынумен, аңсаумен өтті күнім.
“Папам болса, шіркін-ай”, -деп армандал,
Еске алып, жылайды сені ұлын.

Саған айтқым келеді жан сырымды,
Тыңдар ма едің құлақ сап бар мұңымды?
Ұзақ түнде көз ілмей, сені ойлап,
Арнап жазып келемін мен жырымды.

Кейде күтем келердей алшаң басып,
Жерге кіріп кетер ед өңшең пасық.
Айта алмадың қайтейін, әділдікпен,
Қара ниет жандардың бетін ашып.

Олар да болар ертең сормандаілы,
Әзірше, кісімсініп тайрандайды.
Зауалын бір Алланың өзі берер,
Келер күн не боларын ойланбайды.

Мазарың мәрмәр тастан сала алмадым,
Білемін, барға риза, асыл жарым.
Атыңды атап, ұмытпай жүру үшін,
Баланды адам қылу бар арманым.

Кеңкендейсің алі де жолаушылап

Біреу жылар өмірде, біреу күлер,
Басына тұспеген жан нені білер.
Ардақтымды бауырына басып алып,
Томпайып жатыр міне, екі кез жер.

Күліп кіріп, күңірене шықты дүшпан,
Қапыда қайран ерді қан құштырған.
Шалқаң қағып сұмырай жүрген шығар,
Зауал күннің келерін күтсін, мыстан.

Іштен шыққан жау жаман деген еді,
Дәм-тұзынды бөлісіп жеген еді.
Карақшыны қанды қол құдай табар,
Жалғандікі жалғанда қайтар тегі.

Жер ойылмай қалай жүр қара жүрек,
Тағдырынан тілей ме ол да тілек?!
Мына жалған, өмірден тиетіні,
Біле ме екен жиырма кез ақ шүберек.

Аз күн сайран саларсың, тойынарсың,
Сен де бір күн өлік боп жойыларсың.
Шейіт болған Манатым пейіште боп,
Отына сен тозақтың қойыларсың.

Көңілім күп, жүрегім құрак-құрак,
Оралады ойыма сан мың сұрап.
Бір адамның алдынан кесе өтпеуші ең,
Жазығың не, білейін кімнен сұрап?!

Аңқылдаған ақкөңіл аяулы едің,
Дос-жаранның алдында бар беделің.
Төрден орын беретін алдыменен,
Құрмет тұтып, ардақтап, жүрген жерің.

Кеткендейсің әлі де жолаушылып,
Есік қақса отырам әрең шыдап,
Бірге жүрген достарды көрген сайын,
Кос жанарды аламын жасқа бұлап.
Көңіл құпті, жүрегім құрак-құрак.

Адам жетпес жалғанда арманына,
Шыдап тағдыр көнеспің салғанына.
Медет қылып Айзатты тәубе етемің,
Карашығым, аман-сау қалғанына.

Aғал едік, аңғал ек

Шаңырағыма жай түсіп жұрт тынышта,
Бөтен біреу кенелді мол ырысқа.
Бір- ақ кеште бакыттың бал қаймағын,
Сыпыртқызды қаскөйлер бір орысқа.

Бәрін жақын, дос көрген аңғал басым,
Айыра алмай жүріппіз кім дос-қасын.
“Кас қылмайды қасқырда жолдасына”,
Деген мақал алдамшы, адыра қалсын.

Еңбегі еш, тұзы сор болған екен,
Жақсылыққа жақсылық бекер ме екен.
Откен күннің қасіретін ойлап кетсем,
Жүрек тулап, дүниеге сыймай кетем.

Жесір мұнды

Жесірге тойға бару қандай қыын,
Ескермес қайғы-мұнды ондай жиын.
Шақырғанға зар болып отырғанша,
Барып көргің келеді жұрттың сыйын.

Біреу күліп қарайды шекесінен,
Біреу сұрақ қояды төтесінен.
Енді бірі қызғанып, қорғаштайды,
Айырылып қалардай көкесінен.

Біреулер шымшылайды бетін бұғып,
Біреулер мұсіркейді жайынды ұғып.
Жиылып келіншектер өсектейді,
Сыртыннан тілдерінің бізін сұғып.

Сезім серпіні

Құрдас қайда кешегі қутындаған,
Жарың барда, жалпылдап, жылтындаған.
Көзінің қызығымен сынай қарап,
Баладай сөреден кеп құрт ұрлаған.

Кешегі қонақ қайда, шакырысқан,
Дәм-түзды бөле жарып сапырысқан.
Есесі қайтпайды деп есептейді,
Шақырмай қойса егер “жесірстан”.

Ағайын барында екен алыс-беріс,
Аралас, қатынасың барыс-келіс.
Бірге туган туыстан айналайын,
Ара-кідік болса да ұрыс-керіс.

Нагашыға өуелден жарымадық,
Бөле-жиен болса ғой сағынарлық.
Қызығы кеткеннен соң бұл жалғанның,
Басқаларды қайтеміз ауызға алып.

Сейілді бірте-бірте жаңа достар,
Асыл жарым екеуміз басын қосқан.
Ескі достар әйтеуір баяғыша,
Алдымызға аялап дәмін тосқан.

Араласып ағайын, аталас деп,
Бір аудан, бір ауылмыз Карапаш деп.
Жақсылығын істеді аямай-ак,
Біріне үй, біріне жұмыс іздең.

“Айзат” деп базар ашты, етіп еңбек.
Куанды “жер” алдым деп сүйіншілеп.
Қызығын өзі көрмей кете барды,
Сендерді бір құдайым жебесін деп.

Алланың берем десе несібі көп,
Әйелдің мен сияқты жесірі көп.
Баланың тандайына берер түбі,
Козыға артық шығар бір түбір шөп.

Сенің дағын әшүйлар

Бақ барында басымда,
Жапырлаған қасымда,
Дос-жараным қайдасың?
Куанышты бөліскен,
Құттықтаған женіспен,
Дос-жараным қайдасың?
Аяулымнан айырған,
Өш әпермей жауымнан,
Дос-жараным қайдасың?

Күнде қызық қүнде той,
Тарылмады пейілім,
Той тарқады, қызығым,
Дос-жараным сейілдің.
Қайғы бұлты торлады,
Жегідей жеп жанымды.
Бөлісетін дос-жаран,
Өсек етті барымды.

Жақсылықты асырған,
Халқым болса қасымда,
Көш керуені түзелер,
Сонда іздел табарсың
Іргені аулақ салғандар,
Достықты еске аларсың.
Не болады демейік,

Дүние шіркін қу жалған.
Байлықпенен, барлықпен,
Есептесер дос тағы,
Керек емес ол маған.

Ағайынның ат ізін,
Салар кезі азайды,
Алған-берген сыйлығын,
Жіпке тізіп санайды.
Бір-біріне мұң шағып,
Қайтпас пұлға балайды.
Сезіп жүрмін барлығын,
Кең дүние тар бүгін.
Ойламайды екенбіз,
Келетінін зар күннің.

Болашақты болжайтын,
Бола алмадым әулие.
Байлық қуып жасымнан,
Жимаппын мол дүние.
Ер мойнында қыл арқан,
Қыл арқанды шірітпес,
Жігер берсін жаныма,
Жеткізетін баламды,
Куат берсін бойыма.

Адал дос пен көленкे,
Осы сәтте сыналадар,
Ұлым, енді саған серт,
Мен қара нар, сен бота.
Ұлы көштен қалмайық,
Қыран болып самғайық.

Әлсіздікті білдірсөн,
Қарға-құзғын басынар,
Мандайым асырызса,
Сенің бағың ашылар,
Сенің бағың ашылар.

Ақ бесік алғы

Ақ бесігің күттү бесік, тал бесік,
Куанамын, қолбауынды мен шешіп.
Мұрын жарған сөби иісің бүркүрап,
Көніл шіркін көтерілер мың өсіп.
Ер жетерсің жігіт болып сенде өсіп.

Әлди, әлди, әлди-ай,

Жөргегінді жуып, таза жаямын,
Балапаным сенен нені аярмын,
Ұйықта ботам, күш жиып өс бойыңа,
Ақ бесігің жып-жылы үядайын.
Ал, мен барып, өкене шай қояйын.

Әлди, әлди, әлди-ай.

Ертек айту саған әлі ертерек,
Әр нәрсеге үмтүла біл, бол зерек.
Ықыласпен әнге құлақ түресің,
Сәбиім-ау, саған дағы ән керек.
Әлдиіме бөлеңе ғой, пек жүрек.

Әлди, әлди, әлди-ай.

(1989ж. Наурыз)

Бір жаста шыңтық, қызығын

Еріп шығып көшеге,
Той-тойлаған балапан.
Былдыр-былдыр тіл қатып,
“Кой-койлаған” балапан.

Тәй-тәй басып аяғын,
Көтер дейсің балапан,
Көрінгенге қызығып
“Әпер” дейсің балапан
Бәріне де көнеді,
Манат деген бұл папан,

Пана көзін

Езуіңден жиылмасын шат күлкі,
Азамат бол, ел-жұртыңа жаны ізгі
Ата-анаң ардақтаған Айзатжан,
Даңқың асып, кейінгіге бол үлгі. (1989ж. мамыр)

Екі жаста үлем

Екі жасқа келдің міне, құлыным,
Омыртқаны бойлай біткен жұлыным.
Әке-шешең достарымен бірігіп,
Тұған күнін тойлап жатыр ұлының.

Құлдырлаған құлыншағым,
Әр нәрсеге ұрыншағым.
Көрінгенді сұрамشاғым,
Балдай төті шырын шағың.

Бауыр етім балапаным,
Айдай балам, Айзатым.

Былдырлаған айналайын тіліңнен,
Папалаған, мамалаған үніңнен,
Бал қылышың жан-жүйкемді босатып,
Иіскелеймін, күніменен-түнімен.

Қайырмасы:

Денің сау бол, өсіп ер жет боташым,
Елдің ал тек ақ алғысын батасын.
Кімнің мынау ұлы десе жарқырап,
Көрсетердей мамасы мен папасын.
(1992 ж.)

Бақытты бол, балам

Айзатым бақытты бол, ғұмырлы бол,
Ата-анаң тілейтүғын тілегі сол.
Алдыңдан ай мен күнің қатар тусын,
Бақытқа бастайтүғын ашылсын жол.

Өмірдің баспалдағын бастың жаңа,
Үйретер өмір деген ұлken дана.
Ақылды ел сүйсінер азамат бол,
Биіктен көріне біл, Айзат бала.

Құлыншақ үшке міне, келдің бүгін,
Бойыңа сіңіре біл ана тілін,
Күн сайын қуантасың бал үніңмен,
Тебірентіп ата-анаңың ет жүрегін.
(1993 ж.)

Ботақаным, қозым

Бес жастасың бүгін,
Айналайын ұлым,
Берсін Алла саған,
Бақытты, ұзак ғұмыр.

Анаң сыйлар саған,
Жүрек жарды жырын.
Мәңгі жайнап, солмай,
Өссін өмір ғулің
Аман болшы әр кез,
Балапаным, күнім.

Патшадайын күтіп,
Жеткіздік бес жасқа,
Ақылды бол енді,
Тентек болма босқа.

Қолқанатым өзің,
Ботақаным, қозым,
Айзатты өнге қосқан,
Таусылмасын сөзім.

Құлыншақ деп, Айзат деп,
Папаң еркелетеді.
Күнде кәмпіт тасиды,
Кетік тісті не етеді?

Құлыным деп құшактап,
Сүйер тоймай өзінді.
Айзат солай деді деп,
Дәріптейді сөзінді

Құтты болсын бұл тойың,
Туған күнің бүгінгі.
Шоколадқа тойып ап,
Соға бер, соқ ойынды.

Құтты болсын қадамың

Көз тиер деп, асыл моншақ қададым,
Тіл мен сұктан аман болшы, қарағым.
Ақ ботадай, тәй-тәй басқан өмірге,
Құтты болсын, сәтті болсын қадамың.

Күміс күлкіңнен,
Жұпар иісіңнен.
Бал-бұл жүзіңнен,
Айналайың боташым.

Сен туғалы бақыт келіп кірді уйге,
Жан-журегім бөленгендей ән-күйге.
Ақ жүзіңнен тәгілген бал шуақтан,
Шаттық нұрға малынды бар дүние.

Атар ақ таңым,
Айтар мақтаным.
Ақтарар сырым,
Таусылмас жырым.

Айзатқа тілек

Өнерде жансын Айзат, бақ-жұлдызың,
Болса еken, он-шактыдай ұл мен қызың.
Өмірде әрқашанда жолың болып,
Таусылмасын жүз жылдай дәмің-тұзың.

Өмірдің баспалдағын бастың жаңа,
Үйретер өмір деген үлкен дана.
Ақылды ел сүйсінер азamat боп,
Биіктен көріне бер, Айзат бала.

Калықтып кекте қыраны,
Шарықтап көркем жыр әні.
Айзаттай сері жас әнші,
Егемен елдің ұланы

Қадамыңа гүл бітсін келген қауым,
Ойлаған жас Айзаттың болашағын.
Өнерлі өреніміз шығар шынға,
Ертеңіне ел сенім артқан сайын.

Үкілейін, қадамбыраңды қарағызы

Домбырама үкі тақ деп сұрадың,
Үкілейін, үкідейін қарағым.
Қолың создың өнер деген биікке,
Құтты болсын, кекке өрлесін талабың.

“Мәңгілік” бар десек өнер мәңгілік,
Дүниені құлпыртар ол сән қылып,
Сенде өнермен өмірінді үштастыр,
Бар әлемнің пенделерін таң қылып.

Адал ұлсың ақ үмітке бөлентен,
Ана әлдиін естіп естің өлеңмен.

Биік мұрат, алыстарға жетерсің,
Өн маржаның сүзіп алып тереңнен

Сен жұлдызың, анаң айың көктегі,
Ақ тілегі саған нұрын тәккені.
Бақ талайың жанған емей немене,
Көктеп шықса, көктемеде еккені.

Біреу сауда, біреу басқа көсіpte,
Соның бәрі тандайында, нәсіpte.
Әлмес өнер құғаныңа қуанам,
Әйтеуір тек бақытыңдан кешікпе.

Байлық қусаң еріп кетер мұз болар,
Басқа көсіп татар дәмің тұз болар.
Халықпенен бірге жасар асылың,
Ақыл, білім, өнер, ғылым сол болар.

Тең ұстай біл ақыл менен білімді,
Еңбектенсөң менгерерсің ғылымды.
Қайда жүрсөң қасиетте, күрметте,
Домбыра мен туған ана тілінді.

Үкілейін, домбыранды қарағым,
Әрбір басқан қадамыңа қарадым.
Осы айтқан зерделесөң сөзімді,
Ел-жүртүңңың кәдесіне жарадың.

Піріміз сен

Шырт үйқыдан естимін үнінді ерек,
Ақ бесікке тербеттім сені бөлеп.
Адал ұлан бола гөр деп тілеймін,
“Әумін” десін періште сөзімді елеп.

Шаршағанда демеу болар иісің,
Шаңырақтың патшасысың, биісің,
Бір қауызға қос жүректі сыйғызған,
Ата-анаңың табынатын пірісің.

Шарбақты

Батыс Сібір, жасыл орман
Шығар күнді тосып алдан.
Қоныс тепкен Шарбақтысың,
Ресеймен қонсы қонған,
Тату көрші ардақтысың.

Бұйра толқын топырағың,
Малға толы атырабың.
Сая болған мал мен жанға,
Қарағайлы ормандарың.

Мәмбеткөлің, Қабантакыр,
Костакыр мен Ащытакыр.
Сейтен көлмен Маралдының,
Айдын көлі шалқып жатыр.

Ақын Естай еткен арман,
Маралдыда сұлу Хорлан.
Бүкіл қазақ жастарына,
Махаббатта гимн болған.

Ер шығарар елдің атын,
Жайып жүртқа салтанатын,
Жырга қосқан Маралдысын,
Мұз-ағандай дарынды ақын.

Павлодардың шығысынан,
Танды бұрын қарсы алатын.
Туған елмен бірге жаса,
Биік болып, асқақ атын.

Болат аға

(55 жас мерей тойда)

Алтын босағамыздың ,
Алтын діңгегі аға.
Манаттың ізі боп,
Келіп отыр бала-шага.

Екібастұз деген қалада,
Манаттың шанырағы тұрады,
Аман-сау тұрса,
Мынау Айзат деген бала.

Құтты болсын елу бес,
Мерей жасыныз.
Аман болсын,
Кадірлі ғазиз басыныз.

Шат-шадыман,
Түрмис кешіп өрдайым,
Жаңа мыңжылдықтың,
Жарты ғасырын асыныз.

(2001 ж.)

Нұржамал

(50 жас)

Абысын емес енесін,
Айдында жүзген кемесін.
Ағайынның арасын,
Жақындастып келесін.

Төрт тірегің төрт ботан,
Елден алған көп батан.
Ағамызбен бірге атсын,
Күліп күнін, нұрлы таң.

Жиырма бесті екі рет,
Тойла, енді төрт рет.
Немере мен шөбере,
Қызықтарын көріп өт.

Зор денсаулық тілейміз,
Ұзак болсын ғұмырың.
Тербеліп бесігін,
Өсе берсін, ұл-қызың.

Болат аға қасында,
Жарқырай бер Нұржамал.
Шарбактының шырайы,
Ақ тілекті қабыл ал.

Жанат

Манатқа тартып тұған бауырысынц,
Көтердің бірге бізбен зор қайғысын.
Қылышына қараймын, қайран қалам,
Калай тартқан кірпияз, тазалығынц.

Өзім деген кісіге көлдей ісінц,
ЖактЫРМАҒАН адамға бермес түсін.
Қызмет барысында ағандайсынц,
Қаратпайтын басқанынц беті-жүзін.

Әр істе абырайлы бағаң аскан,
Еңбекке араластынц ерте бастан.
Тірегімсін, өзіме, акылшысынц,
Деген гой “асыл тастан, акыл жастан”

Алтынай, Ернар екі балапанынц,
Бар сүйкімді Ажардай асыл жарынц.
Жұмысынц әрқашанда өрге басып,
Ойға алған орындалсын армандарынц.

Кондыр қозын- бауырын

Куаныш сен келгенде дүниеге,
Той тойлап әкең жүрді күнде-күнде.
Кожа ата Әлдебек деп есім беріп,
Бөледі анаң сені тек үлдеге.

Үш қызды алға салып тұған ұлсынц,
Өрдайым айынц туыш, күнің күлсін.
Біздерге үш қыз, екі ұл бауыр сыйлап,
Тені бол, қатарыңынц алда жүрсін.

Арғындаі қажы туып берді Бикен,
Айнұрың әлпештеген, қыздан ұлкен.
Екеуін тәрбиелеп, бағып қақты,
Бабылбек өкем менен анам Шөкен.

Өзіме үқсал тұған қоныр қозым,
Әрқашан мактап етер ұлғі сезім.
Жарқырап шаңырағыңың оты лаулап,
Кызықта Нұрмұхамет шәбересін.

Джім Абай

(“40 жасқа тағанаға”)

Соңымнан тірек болған бауырымсын,
Әпкеңнің көтересің ауыр ісін.
Жарқырап бак қетпесін мандайыңнан,
Әрқашан сарқылмасын қуат-кушін.

Асхат пен Аяндайын қос балапан,
Айналдық үшар екі қанатыңнан.
Гүлшаһрадай жарыңмен бірге жасап,
Жұлдызың нұрын тәксін аспаныңнан.

Қырық жас құтты болсын бүгін келген,
Алдыңда апа-жезде, аға-женғен.
Біз үшін әлі бала болсандағы,
Алғысын алып жүрсің дүйім елден

Денің сау ұзак болсын өмір жасың,
Күн сайын өрмелесін өрге тасың.
Қасиетті, киелі жерде естің,
Еш жамандық көрмесін ғазиз басың.

Армысыз, алтын құшық ағайыным,
Дос үшін өрбір күнің той мен жиын.
Алған-берген өмірде ештеңе емес,
Келгенің осы тойға үлкен сыйың.

Арғын қажы Бабылбектегі

Бабамыз Шара би де, бай да болған,
Солардың қасиетінен журнақ қалған.
Қымыздың қорын құйып асқа апарып,
Исабектей ишаннан бата алған.

Өулиелі Ақкөлде туып өстің,
Бал сұын Шідертінің үрлең іштің.
Бала жастан пәктікпен, адал болып,
Арабша оқып, имандылық жоға түстің.

Иман боп Екібастұз мешітіне,
Шапағат нұрын шаштың көпшілікке.
Орындал мұсылмандық шарттың бәрін,
Арғын қажы атандың жиырма бесте.

Мейірімді жүзінен нұр төгілген,
Алғыс алып жүресің ығғи елден.
Денің сау, бақытты боп, ұзақ жаса,
Көркейіп Нұрмухамет ұрпағынмен.



Кылтышын, біз де қызы
бон, бой тұзедік



Сырласу

Сен дегенде телегеймін, теңізбін,
Шалқар көлмін, айдынға акқу өргіздім.
Сен дегенде таусылмайтын бұлақтын,
Сені құшу үшін таудан құлаштын.

Сен дегенде кек күмбезді аспанмын,
Басқа жандар жете алмайтын аскармын.
Сен дегенде саялы бақ орманмын,
Бір өзіңе жан сырымды ақтардым.

Сен дегенде мәлдіреген тұнықтын,
Жәудіреген жанарымнан сыр үктын.
Сен дегенде тербетілген қайыңмын,
Аспанында адастырмас айыңмын.

Сен дегенде даладаймын, дарханмын,
Сезілмейді менде ешбір қайғы-мұн,
Бірак, бірак, еңкейді деп шалқайма,
Мениң жаным шарт сынатын шар айна.

Алғаш саған тіл қаттым

Жаздым өлең, жарым саған жүректен,
Саған деген махаббатпен, тілекпен.
Мынау тұнді тамылжыған сыйға ал,
Тамылжыған тәтті болсын тілектер.

Жарым дедім, алғаш саған тіл қаттым,
Шын жүректен сені сүйіп ұнаттым.
Тылсым тұнде атой салған кеудемде,
Көзін аштың махаббаттай бұлақтын.

Сезім серпіні

Көктем тұні демеуші бол жаныма,
Жақсы ниет сыйлағайсың жарыма.
Қайғы болмай, қап-қара тұн, мақпал тұн,
Жұлдызыңдан шашу шашы тағыда.

Сазының болдың тап бүгін

Күй толы менің көкірегіме үн қосқан,
Фажап-ак еді, сондагы мақпал тұнгі аспан.
Тың-тыңыш жатқан көл көнілді шайқадың,
Мен толқып тұрып, өзінмен ғана сырласқам.

Сол шақтан бері зымырап талай өтті күн,
Арманың менде жолында келем, жоқ тыңым.
Балалық кездің сазы ма едің сол бір сәт,
Орттен де ыстық сағыныш болдың тап бүгін.

Мен сені іздегенмін

Мен сені іздегенмін,
Гүл басқан бактарымнан.
Мен сені іздегенмін,
Сағынған шақтарымда.

Мен сені іздегенмін,
Құт қоныс қыраттардан.
Мен сені іздегенмін,
Бұлактан сыр ақтарған.

Мен сені іздел келем,
Бақытты табар жолдан
Үмітті үзбей келем,
Арманға жүрек толған.

Мен сені іздеп желдім,
Карсы ал, тосып алдан.
Атар таң секілденіп,
Алыстан ағарды... арман...

Көңіл күйі

Көңіл шіркін,
Көлсің сен кей кезде.
Бақытты ғып қоясың,

Ал, тарылсан ғазде,
Куанышты,
Су сепкендей жоясың.

Мен сені түсінбесем,
Кешірме білмесімді.
Ал, кейісем,
Сезесің күлмесімді.

Тарылтпашы, жабығып,
Досың түгіл қасынды.
Қаларсың әлі-ақ сағынып,
Ұмытып кетіп ашуды.

Әйтеуір тек,
Қызғаныш отын жақпа,
Қызғаныштан,
Ортенген жандар жоқпа?!

Дұшпанынды,
Журейін тандандырып,
Журегімді,
Демінмен жандандырып,

Сезім серпіні

Дархандығын,
Жанымның жайып салып,
Достарымды сүйсінтіп,
Жауым болса,
Жасырын жылмандаған.
Алайын оларды да
тамсандырып,

Бір тылсым дуниеге,
Орайын, қыспай бұып.
Тұңғиық тереңіме,
Бойлатпай үстай тұрып.

Көңіл шіркін,
Тынбашы,
Тыннымсыз жыр бұлак болып.

Тындайын достар сырын,
Сезімнің,
пернелерін бұрап тұрып.

Адамзат анасы боп,
толғанайын.
Уақыт көштеріне құлак түріп.

Ұнатамын

Ұнатамын айлы тұнді аспанды,
Сезім сырын толқытатын көңілді.
Достарыммен сырласуды ұнатам,
Бірге жүріп шалқытатын өмірді.

Ұнатамын дала гүлін жайнаған,
 Жас жүректе жігер оты қайнаған.
 Алаулаған қызғалдақты ұнатам,
 Фашық жандар бір-біріне сыйлаған.

Ұнатамын аскар биік тауларды,
 Арман алға, қияларға самғайтын.
 Күміс балақ тау қыранын ұнатам,
 Биіктерде қос қанаты талмайтын.

Ұнатамын бәрін де табиғаттың,
 Жасыл орман, жұпарын сая бақтың.
 Ерен ісін, ерлігін ұнатамын,
 Жақсылыққа жаны үйір адамзаттың.

Кейде көңіл

Кейде көңіл өсіп жеддей есесін,
 Кейде тулап, тасты алмастай кесесін.
 Кейде шалқып кемерінен төгіліп,
 Кейде арман дариясын кешесін.

Тұнжырасан, қара бұлттай түйіліп,
 Кетесің-ау жалған іске күйініп.
 Селт еткізер сезімінді жақсыға,
 Қаласың тез, жас балаша сүйініп.

Көңілдің дос терезесін қаққанда,
 Ызғар қашар, қалтыратқан акланда,
 Шуак түссе, дос жүректің түбінен,
 Ай мен жұлдыз жарқ еткендей аспанда.

Қайран досым

(Бес жыл жатахана баласінде бірге түрсан күрбым
Маттайлық Нұргайша Рұстембекована)

Қайран досым, қайда екен сол тәтті шак,
Айрылмаған, ашылмаған от құшак.
Сырласқанда таусыламайтын сырымыз,
Тиылды ғой кеткен соң біздер жырақ.

Көктем еді бір болған кештеріміз,
Есімде әлі “естелік” дәптеріміз.
Егіз гүлдей құлпырып өскен досым,
Жазылмаған кітаптың беттеріміз.

Қайда сол бір тал-қайындар бүр ашқан,
Ажырамай кундер қайда сырласқан?
Сөл ғана бір қуаныштың өзіне,
Атой салып, “сүйінші” деп сұрасқан.

Ұмыттың ба, қалайша сен ұмыттың?
Бірге емуші ек, тәтті елесін ұміттің.
Жеткізгенше асық болып сыр қылып,
Көз қызығын тастап кеткен жігітті.

Қайран досым, ән бастадық думанда,
Қызғалдақты тердік бірге қырларда.
Қызып кеткен сияқты еді біз барсак,
Қызу еңбек қайнап жатқан қырманда.

Содан бері жылжып етті жыл талай,
Сырғып өмір өз көшімен байқалмай.
Сенсіз қалай жүре аламын деуші едін,
Түсінбедім, Нұргайшажан, бұл қалай?!

Киялдағың қызы

Кездестім арманымдай ару қызға,
Жарқылдан нәркес көзі тұнған сырға.
Сол қызбен жерде емес, таң алдында
Келістік біз Шолпанда жолығуға.

Содан бері жүректе,
Арман болып қалдың сен.
Жарқыраған алдымда ,
Жұлдызым боп жандың сен.
Күндер маған көңілсіз
Кім кінөлі болғаны,
Саған деген арнаулы,
Қызыл гүл түр солғалы.

Күндіз-түні ойлаймын,
Кайда жүрсің бақыттым.
Таң Шолпаны туып түр,
Жетпеді ме уақытың?
Іздеп сені шарладым,
Жұлдыздардың әлемін,
Кайда екенсің арманым,
Жоқ па айттар сәлемің?

Бақыттарың құс жөліндай балауса,
Гүл сезімдер тәтті үмітке тола алса,
Арман деген аяулы шақ емеспе
Аяулылар ак кептер боп оралса.

Аппақ, көңіл қайдасын,

Есімде жок,
Сәбіліктің ерке істері,
Есімде тек,
Қайық ескен күндерім Ертістегі.
Есімде жоқ өкпелеткен күндерім,
Түсінбесем, кеш мені.
Есімде жок,
Бойжеткен ем тым ерке,
Көктеп өлдө кетті ме екен ,
Мен іздеген гүл ерте?
Албырт сезім,
Аппақ көңіл қайдасын?
Жоғалттым ба,
Жастық шақтың айнасын?
Өзің ізде,
Енді өзің тап айласын!
Менің жаным,
Арман куып қалмасын.

Естен кетпес сол шактар

Кеш еді бір, тып-тымық бір кеш еді,
Әлсіз ғана ерке самал еседі.
Ай аймалап, жұлдыз куліп тұргандай,
Естен кетпес сол сүйгенің кешегі.

Естен кетпес шактар еді, сол шактар,
Енді ойласам, кезден жасым моншактар.
Бірге өткізген қайда кетті сол уақыт,
Қайда кетті, қуанышы мол шактар.

Әрбір айтқан сөздеріңе табындым,
Қайда кеттің мен өзінді сағындым.
Шаттығыма, бақыттыма ортақ бол,
Көкірегімде жұлдыз болып жағылдың.

Бақыт болсаң бақыттым бол баянды,
Шаттық болсаң, шаттығым бол аяулы.
Куанышқа көнілімді күпті ғып,
Жүргегіме сала көрме қаяуды.

Кездеспелік

Атақ та жоқ, ақшан да жоқ кезінде,
Не үшін сүйдім, беріліп мен сезімге?
Әр кеуден бе, сенің мені табынтықан,
Әлде менің қиял қуған кезім бе?

Отті күндер, кездеспедік екеуміз,
Екеуміз де алдамшы үміт жетегінде еkenбіз.
Мен сүйіп ем, армандал ем сен жайлы,
Енді міне, екеуміз де бөтенбіз.

Кеттің мұлдем, есте қалды бұлдыр күн,
Әйтсе дағы, хабарынды білдіргін,
Сырттан сынап бар жайымды білер деп,
Жақсылыққа талпынумен мен журмін.

Қайдан сен кез бол едің

Айтшы жаным,
Қайдан сен кез бол едің?
Көнілің наз,
Жүзің жаз жайдары едің.

Сезім серпіні

Корғасындаій балқыттың,
Жадыраттың,
Сен жайында,
әлі өлең жазбап едім.
Жараган жүректі сен бе едің?
Бірге болған кездерде,
Сезбеп едім.

Сезімімнің
шертетін нәзік қылышын,
Айтшы жаным,
Қайдан сен кез боп едің?

Арманы сен жігіттің

Мен бір қызды ұнаттым,
Атын білмей өуремін.
Қайдан іздеп табамын,
Қайда екенсің сөулешиң?

Күні-түні ойлаймын,
Жетегінде үміттің.
Таппай сені қоймаймын,
Арманы сен жігіттің.

Кеттің ғой күрсіндіріп,
Жанарыңа бір сыр бүтіп.
Алыстап кеткен сайын,
Өзіңе сүйсіндіріп.

Әр таңнан үміт күтіп

Алдында ақтарылдым,
Барымды жайып салып.
Сенбеймін дей көрмеші,
Көнзіліме қаяу салып.

Ақпейіл, ақжарқыным,
Жүрегің ашық жансың.
Қабылдал ала көрші,
Тілегін ғашық жанның.

Әр таңнан үміт күтіп,
Куана қарсы аламын
Сүйем деп сені жаным,
Әлемге жар саламын.

Көрмесем бірер сағат,
Қалмайды бойда тағат.
Ұшып-ақ жетер едім,
Болса егер менде қанат.

Қаракөз

Жанарың,
Тұргандай нұр құйып,
Тұңғиық,
Жатқандай сыр тұнып,
Карадым кезіне,
Жүрекке от құйыльп.
Мәлдірін қараши,
Тұнық-ау.

Әр таңнан үміт күтіп

Алдында актарылдым,
Барымды жайып салып.
Сенбеймін дей көрмеші,
Көңіліме қаяу салып.

Ақпейіл, ақжарқыным,
Жүргегің ашық жансың.
Қабылдап ала көрші,
Тілегін ғашық жанның.

Әр таңнан үміт күтіп,
Куана қарсы аламын
Сүйем деп сені жаным,
Әлемге жар саламын.

Көрмесем бірер сағат,
Қалмайды бойда тағат.
Ұшып-ақ жетер едім,
Болса егер менде қанат.

Қаракоз

Жанарың,
Тұрғандай нұр құйыш,
Тұнғылқ,
Жатқандай сыр тұныш,
Карадылм көзіне,
Жүрекке от құйылып.
Мәлдірін қараши,
Тұнылқ-ау.

Сезім серпіні

Теренде жатыр сыр,
Тұныш-ау,
Тартты да әкетті,
Өзіне.
Фашық боп,
Қалдым ғой көзіне.

Жалт қарады,
Жалт етіп жанарлары,
Бұлқынып жүре берді,
Кеудемнің жанар тауы.

Бакытқа кенелгендей,
Бой балқып тұра алмадым.
Қадалып қарашыққа,
Көзімді ала алмадым.

Тұңғиық,
Әкетті ертіп тереніне,
Ерікті енді өзіне беремін де,
Мен сұлу меруертті теремін де.

Қарашық нұр ойнаған,
Ботакөз таңгажайып,
Сыр тұнып мәлдірейді,
Көз айна тандандырып.

Пәтті мұң

Қағазға есімінді,
Жазамын қайта-қайта.
Құрбыымды жалықтырдым,
Сен жайлы айта-айта.

Батпадым тіл қатуға,
Өкінем, жастығыма.
Жауапсыз махаббатым,
Айналды тәтті мұнға

Көгілдір салым

Балауса сезімге ой салып,
Нұр болып жанымды баурадың
Келер деп сен маған гүл алып,
Жолыңдан көзімді алмадым.

Қайда жүрсін,
Көгілдір сағымдай.
Жалт еттің,
Үшқан бір бағымдай.
Жүрсің бе алансыз,
Сол сәтті сағынбай.

Жұлдызды әлемнен іздедім,
Фашықтық сәлемнен іздедім.
Сағымға айналып кеттің бе?
Әйтеуір күдерді үзбедім.

Сезім серпіні

Аппақ ай, туғанда ағарып
Жарқ етіп сенің жанарың.
Көгілдір сағымға оранып,
Сағындым келсөнші қарағым.

Есінде ме?

(Сенүүше)

Есінде ме жан досым,
Бірге өткізген балалық,
Сол бір кезді еске алыш,
Тал шыбықпен шабалық.

Есінде ме жан досым,
Әліппенің беттері.
Алғаш ұстап қаламды,
Қолдың дір-дір еткені.

Есінде ме жан досым,
Еккен қайың қектемде,
Біздер еккен шыбықтар,
Бәйтерек бол кеткен бе?
(Қайта оралсақ өткенге)

Есінде ме жан досым,
Он жетіге толған шак.
Оку бітіл қектемде,
Аттестатты алған шак.

Есінде ме жан жосым,
Студент бол қуандық.
Бірге шығып серуенге,
Күнде бірге оралдық.

Сол бір тәтті күндерді
Ұмытуға болмайды.
Ізгі достық бар жерде,
Ізгі ниет солмайды.

Бұрындық қызы

Бұлғап қолын алдан,
Шакырады арман.
Саған деген сезім,
Оттай лаулап жанған.

Сылдырындай бұлактың,
Алғаш маған үн қаттың.
Бұрындық қызы өзінді,
Көргеннен-ақ ұнаттым.

Сел боп ақты сезім,
Қалмады еш төзім.
Бақыт құсым сенсің,
Махаббатым өзің.

Бойдақ жігіттерге

Жігіттер, айхай шіркін жігіттер-ай,
Сендерге жетпей жүр ме үгіт тегі-ай.
Қашанғы кек аспанра телміресің,
Колға кеп қонады деп көктегі ай.

Гүл көктем келді тағы сылқым жігіт,
Қараши айналаңа көзді тігіп.
Арулар алқа –қотан отырғанда,
Ортасынан қойсанышы отау тігіп.

Сезім серпіні

Кашанғы жұмыс басты боласындар,
Әмірден аласың бар, бересің бар.
Газет оқып шалқып жата бермей,
Керегені керуді ойласаңдар.

Он үшім бала кезім

Көбелек қуып доп тепкен,
Балалық кетпес мәнгі естен.
Ойнақтаған он үштей,
Менде өттім белестен.

Он үшім бала кезім,
Албырт шақ, бұла сезім.
Ауылын іздел барам,
От жалын он сегіздің.

Күйылыш нәзік нұр көктен,
Балалық дәурен бір көктем.
Бұрымын жұлқи тартатын,
Бойжетер ертен қыз біткен.

Он үшім бала кезім,
Албырт шақ, бұла сезім.
Ауылын іздел барам,
От-жалын он сегіздің.
От-жалын он сегіздің.

(Айзат он үшке толғанда Павлодар, Екібастұз, Ақсу қалалары мен аудандарда жеке концерттік бағдарламасын бергенде туған өлең).





*Эні бар және эн
жазуға лайықты
өлеңдер*



Айзаттың, әні

Ардақтаған ұлымың ата-анамның,
Нұрсұлтандай атадан бата алғанмың.
Атым Айзат Манаттың мен ұлымың,
Өнерімді мақтан ғып айта аламың.

Туған жерім бесігім,
Аштым өнер есігін,
Өзің қолда ағайын,
Әулиелер жебесін.

Бала жастан атандым әнші Айзат,
Перштеміз қолдаумен жазыпты хат.
Анам демеп, қолдаумен халқым демеп,
Өнеріме бітірді менің қанат.

Туған жерім бесігім,
Аштым өнер есігін.
Өзің қолда ағайын,
Әулиелер жебесін.

Қараторғай халқыма болсам деймін,
Қүйкүлжытып өсем ән салсам деймін.
Мансап-байлық дегенің керек емес,
Өнеріме ел тәнті болса деймін.

Туған жерім бесігім,
Аштым өнер есігін.
Өзің қолда ағайын,
Әулиелер жебесін.

Сезім серніңі

Ел басынан бата алдым тоғыз жаста,
Жақсылыққа тәнірім өзің баста.
Адал ниет ағайын аман болсан
Арқаланып ән салам шаршы топта.

Туған жерім бесігім,
Аштым өнер есігін.
Айзат менің есімім,
Домбыра алсам, көсілдім.
Шарбактыдай ауылым,
Жанат, Асхат бауырым.
Болат ата, Қанатты,
Күрметтейді қауымым.

Тентегім інім

(Баят Нұраев)

Еркелейсің, әпкелейсің тентегім,
Таусылмайды, айтар сөзің ертегің.
Бұрымымды жұлқи тарта қашасың,
Сен сияқты желаяққа жетер кім?!

Жарқырасың күнің,
Жарқын шықсың үнің.
Арқа тұтқан мені,
Тентегімсің інім.

Бауыр ыстық екендігін білдірген,
Таласа жеп, теруші едік бұлдірген.
Менің тіккен отауыма соңымнан,
Іздеушім бол келерінді кім білген.

Қайырмасы:

Жігіт болдың ел сүйсіне қарайтын,
 Өнің қандай, жанға самал тарайтын.
 Өпкенден де жақын тарттың жезденді,
 Тентегім-ау, қимастықпен қараймын.

Қайырмасы:

Тұған елке

Дүниң жазған Эмвирда Аңғархеевич

Жер аナンың бұйырган бір бұрышы,
 Мен өскен жер ата-баба қонысы.
 Құмарлана жұтамын саф ауанды,
 Арман еткен жер үйігым дәл осы.

Ақ жауын сабалаған,
 Сахара самалың-ай.
 Тау-тасты аралаған,
 Балғын шақ балалық-ай,
 Айдың сүт сәулесімен,
 Анашым шомылдырган
 Тұған жер көркемсің сен,
 Жаралған асыл нұрдан.

Тұған жерім жазиралы байтағым,
 Өзің жайлы мактанышпен айтамын.
 Сағынғанда, кіндік қаным тамған жер,
 Топырағына аунап-қунап қайтамын.

Танысу кешінде

Бақыт құсы қалықтап жүр осында,
Конады ол қайсымыздың басымызға.
Арумыз, азаматтың ел сүйсінер,
Сыңары ақку құстың қасымызда.

Кел, сырласайық замандас,
Кел, сыр ашайық замандас.
Жатырқамай, жатсынбай,
Көрген жерде амандас.

Заманаға лайық жас бол естік,
Біріміз ақ Баянбыз, бірі ер Тәстік.
Кездеспей асыл бейне арман болған,
Танысу кештерінде біз жүздестік.

Қайырмасы:

Өмірде өттік талай белестерден,
Естідік сыйқырлы үнді самал желден.
Біреуге ерте, біреуге кеш жететін,
Бақытты бағалайық басқа келген.

Қайырмасы:

Бабамыз алтыбақан теуіп өскен,
Қыз-жігіт табысатын керуен көште.
Бұл заманға тап болған біздер енді,
Риза бол тарқасайық осы кештен.

Күлгүшшак

Дүенін жазған Қрина Аксенова.

Берді атам бір құлыншак,
Менің туған күніме деп.
Барып тұрған өзі ұрыншак,
Деді маған ол күлімдеп.

Саған тартқан еркетотай
Кемпіт жеуді ұнатады,
Мойнындағы қоңырауы ,
Сені үйқындан оятады.

Е-е-ей,
Шақырамын қураулап,
Кел қасыма сыландалап.
Жүр екеуміз қайтайык,
Қырдан қызыл тұлқі аулап.

Жібек жалың қандай өсем,
Жүгіргенде жедей есер.
Жарысайық кел, екеуміз,
Жүйрік болып менде өсем.

Жирен қасқа ай мандайлы,
Енесінен бір аумайды.
Қант пен кемпіт берсем ғана,
Маған өзер жақындайды.

Е-е-ей,
Шақырамын қураулап,
Кел қасыма сыландалап.
Жүр екеуміз қайтайык,
Қырдан қызыл тұлқі аулап.

Сезім серпіні

Сенде ерке, менде еркемін,
Асып тұр тек тентектігің.
Мектептегі мені ізден,
Сен сағыныш жүр ме екенсің?

Ұқсайды екен мінезіміз,
Екеуміз де сүйіктіміз.
Сенен тұлпар менен батыр,
Шықса деген тілегіміз.

Е-е-ей,
Шакырамын қураулап,
Кел қасыма сыландарап.
Жүр екеуміз қайтайык,
Қырдан қызыл тұлкі аулап.

Мен баламын ұрыншак

Әні Црина Аксенованиқі.

Мені мамам ботам дер,
Папам дейді құлыншак.
Өзі дейді ұрыншак,
Мен баламын ұрыншак.

Соғып алам басымды,
Тегіп алам асымды.
Саусағымды кесіп ап,
Мөлт-мөлт төгем жасымды.

Ұнатамын билеуді,
Домбыра да тартамын.
Болашағы, жұлдызы,
Болсам деймін Арқанын.

Екібастұз мекенім,
Соны ән ғып өтемін.
Туған жерім тамаша,
Жарқын менің ертеңім.

Бестік баға ап келіп,
Куантамын үй-ішін.
Дайын маған өйткені,
Алма, банан сүйіншім.

Тәтті жегіш баламын,
Әр нөрсеге талабым.
Бейбіт өмір мәңгілік,
Гүлдене бер заманым.

Том мен Джерри

Зүнінә жазған Ирина Аксенова

Мысығымды Том дедім,
Көрдім дағы кинодан,
Джерри деген тышқанды,
Ұстал алды ол қоймадан.

Ұстады да қақпақыл,
Домалатып ойнады,
Інге қашып тығылды,
Джерриім де болмады.

Том мен Джерри,
Том мен Джерри
Мяу, брысь.

Сезім серпіні

Джерри нағыз айлакер,
Том өлі жас бала ғой.
Екеуіне сүт берем,
Тәбелеспей бөле ғой.

Том тымактың астына,
Кіріп алып қорқытты.
Джерри шығып астауға,
Төгіп кетті іркітті.

Том мен Джерри,
Том мен Джерри,
Мяу, брысь.

Тышканым мен мысырым,
Бар осындай акылды.
Күнделікті беремін,
Кемірсін деп акырын.

Сынса егер ойыншық,
Том мен Джерри кінәлі.
Жаттау берсе мұғалім,
Кітаптың жоқ парагы.

Том мен Джерри,
Том мен Джерри,
Мяу, брысь.

Екіbastұз мекенім,
Соны өн ғып өтемін.
Тұған жерім тамаша,
Жарқын менің ертеңім.

Бестік баға ап келіп,
Куантамын үй-ішін.
Дайын маған өйткені,
Алма, банан сүйіншім.

Тәтті жегіш баламын,
Әр нәрсеге талабым.
Бейбіт өмір мәңгілік,
Гүлдене бер заманым.

Том мен Джерри

Дүнгін жазған Ирина Аксенова

Мысырымды Том дедім,
Көрдім дағы кинодан,
Джерри деген тышқанды,
Ұстал алды ол қоймадан.

Ұстады да қақпақыл,
Домалатып ойнады,
Інге қашып тығылды,
Джерриім де болмады.

Том мен Джерри,
Том мен Джерри
Мяу, брысь.

Джерри нағыз айлакер,
Том өлі жас бала ғой.
Екеуіне сүт берем,
Тәбелеспей бөле ғой.

Том тымактың астына,
Кіріп алып қорқытты.
Джерри шығып астауға,
Төгіп кетті іркітті.

Том мен Джерри,
Том мен Джерри,
Мяу, брысь.

Тышқаным мен мысығым,
Бар осындағы ақылды.
Күнделікті беремін,
Кемірсін деп ақырын.

Сынса егер ойыншық,
Том мен Джерри кінәлі.
Жаттау берсе мұғалім,
Кітаптың жоқ парагы.

Том мен Джерри,
Том мен Джерри,
Мяу, брысь.

Кім кінәлі

(әні *Бекен Жанақаевтың нағаре інісі*
Естайқікі)

Өткен кунді ойлап мұлде,
Ойға батам күнде-күнде.
Қол ұстасып біз қыдырған,
Елестетем айлы түнді.

Кездесеміз мүмкін өлі,
Үміт алдан шақырады.
Сенсіз өмір өтіп жатыр,
Айтшы жаным, кім кінәлі.

Жыл күсындай алыс кеттің,
Сағындырып күндер өтті.
Қос аккуудың сынарындай,
Кімге қидың сол жүректі.

Сен едің ғой сырласарым,
Сен едің ғой тынбас әнім.
Сол бір кештің белгісіндей,
Көктегі аймен сырласамын.

Көктемде келген маҳаббат

Келдің бе, ару көктем сөүір айым,
Жүрегін ғашықтардың тербел дәйім.
Кеудеме нұрлы сөуле кеп құйылды,
Такқанда сырғаларын сұлу қайын.

Көктемде келген маҳаббат,
Жанады жүрек алаулап.

Жүргенде
Ойсыз, алаңсыз,
Жанымды алдың сен баурап.
Кектем боп келген,
Кектем боп келген,
Кектем боп келген ,
Махаббат.

Кездестім өзіңменен нұр көктемде,
Ертістен есі кетіп, сең қошкенде.
Қайта алмай ауылымға аландаймын,
Селдегіп сезімімді сен өпкенде.

Кайырмасы:

Өзгеріп кеткендей-ақ бұл дүние,
Бөленип, түсті жаным өзге күйге.
Әртейді өзегімді бір от жалын,
Жанымға баяу басып сен келгенде.

Әлкей Марғұлан

*(Әлкей Хаканғызының 100 жылдық мерей тойына орнау
2004 жыл.)*

Армысыздар, зиялы текті қауым,
Ардақтаған, аялап, ұлыларын.
Сый-күрмет сіздей асыл тұлғаларға,
Ізетпен тәжім етер, Павлодарым.

Арғы бір тубі Баяннан,
Мақсаты биік, ой-арман.
Әлкейдей ғалым ағаның
Айшықты ізі қара орман.

Менгерген сан салалы ғылым сырын,
Халқының жинап-терген өн мен жырын.
Тарихшы, археолог, академик,
Жүз жаста Өлкей аға, ғұлама ұлын.

Қайырмасы:

Әлкей аға даланың данышпаны,
Келді бүгін халқымен қауышқалы,
Әлемдік қауымдастық тойлап жатыр,
Ұлықтап, мәртебелі мол мұраны.

Арғы бір түбі Баяннан
Намыстан жаны жараган.
Әлкейдей ғалым ағаның,
Қалдырган ізі қара орман

Кел, шырқа, дос

Энін жазған Эльвира Айорушкевич

Бетін жуған күн сайын ак жауынмен,
Әнші, биші, өнерлі бір қызың мен.
Туган жерім, еркелеп өр кеуденде,
Бұрымымды тараймын самалыңмен.

Ла-ла-ла-лай,
Кел, шырқа дос,
Маган әнің қос,
Әнсіз дүние бос.

Ай астында тербеліп, әткеншекпен,
Достарыммен әзілдеп, сыр шертіскен
Айдынында Ертістің құлаш сермелеп,
Азат елдің қызымын еркін өскен.

Кайырмасы:

Білім алып, ғаламның сырын үктым
Арманымды биікке алып ұштым.
Майра апамдай өнімнің арқасында,
Өлеңдіммен, өнермен күнді құштым.

Аяулы тұған ел

Дүенін жазған Эльвира Аңғарашекеғін

Аяулы тұған ел,
Қалқыған көгінде.
Аққу- қазынбыз.
Шалқыған өмірде.
Ажар-назынбыз,

Болашақ батырың-біз,
Ақыық ақының -біз.
Самғайтын қыраның-біз,
Сөнбейтін шырағың-біз
Коргайтын ұланың-біз.
Сүйікті, Қазақстан.

Аяулы тұған ел,
Өнердің төрінде.
Жарық жұлдызбыз,
Білімнің елінде,
Зерек ұл қызыбыз.

Кайырмасы:

Аяулы тұған ел,
Талап пырағын,

Ертеп үшамыз.
Арман, мақсатпен,
Күнді құшамыз.

Қайырмасы:

*Тұған қалам Павлодар
Әнің жазын Зильвира Аңдрушиевич*

Ойнап өскен баламыз,
Толқынында Ертістің.
Шырқап әнге саламыз,
Арқасында мол күштің

Біз бақытты балалар,
Тұған қалам Павлодар.
Аман болсын әрқашан,
Аялаған аналар.

Самал желі даланың,
Бетімізден сүйеді
Тұған жерім тамаша,
Қасиетті киелі.

Біз бақытты балалар,
Тұған қалам, Павлодар,
Тұған қалам, Павлодар
Аман болсын әрқашан,
Аялаған аналар.

Әкеме

Сыйғызбады кен дүние күшагына,
Мәңгі баки ұяннан ұшқаның ба?
Жетпейді екен ештеңе әкетайым,
“Кұлыным” деп күшактап қүшқаныңа.

Әкем, әкем, әкем деп,
Безілдейді домбыра.

Сағынған бұл жүректің ,
Ағыт кілтін, мың бұра.
Саған үнім жетпейді,
Шырқыраған құлындаі,
Құлағымнан кетпейді,
Айтқан сөзің “ұлым-ай”.

Жетуші едім сағынып мектебімнен,
Ерте кеттің қоштасып, көктеміңмен.
Жан жүрегім қан жылап, толғанамын,
Өлеңімді қабыл ал, пәк көңілден.

Қайырмасы:

Ұмытылмас аялы алақаның,
Аңсап жүрер өзінді балапаның.
Өңім түгіл түсімде шарқ ұрамын,
Түсіне алмай сырына бұл жалғаның.

Қайырмасы:

Жарылқасын алдынан жақсы құдаи,
Мен жүремін дұға оқып, ұдай-ұдай.
Әкелерін көргенде достарымның,
Тарқатамын шерімді жылай-жылай.

Қайырмасы.

Күндер қайда кешегі

Әні Саладат Әбікеевтікі

Құрбы қыздар күндер қайда кешегі,
Бұлдыр-бұлдыр көз алдынан көшеді.
Кимас көңіл айтып сырды тауыса алмай,
Ұзак-ұзак шарлаушы едік көшені.

Жазылмайтын жұбымыз
Тату-тәтті құрбымыз.
Енді біздің дос болсын,
Ұлымыз бен қызымыз.

Келгенінше, шама-шарқы өліміз,
Бір-бір үйдің шамын жақтық бәріміз.
Бірге жүрген бал күндерді ұмытпай,
Еске алып, сағынамыз бәріміз.

Жазылмайтын жұбымыз
Тату-тәтті құрбымыз.
Енді біздің дос болсын,
Ұлымыз бен қызымыз.

Мектебінің мерей тойы

Әні Қрина Аксенованкі

Ізгілікке бұрган елдің санасын,
Нұрландырып, Екібастұз қаласын.
Қазақ орта мектебі қара шаңырак,
Жалғастырған ғасырлардың арасын.

Сөule боп шашылған санаға,
Мың алғыс мектеп анаға,
Өзіңнен түлең үшқандар,
Айналар ертең данаға.

Ұстамды, ұлағатты ұстаздарым,
Білімнің жарқыратып жакқан шамын.
Ұшуға биіктеге қанат берген,
Алтын ұям сені айтып мактанамын.

Қайырмасы:

Мектепсің шашқан ғылым шұғыласын,
Шәкірттің арман-ойын ұғынасын.
Ана тілін тербеген бесігінде,
Тәуелсіз ел көгінде сен тұрасың,

Халықтың үні радио
Әні Бақытжан Жұмағіловтікі

Іңкәр болып ұлкен-кіші тыңдайтын,
Ән мен күймен аялайтын, жырлайтын.
Жаңалықты жеткізуге асығып,
Тілшілері күні-түні тынбайтын.

Халықтың тілі,
Туган жер үні.
Рухани өмір жаршысы,
Басқадан бұрын,
Жаңалық сырын,
Жеткізе білген хабаршы,
Павлодардың радио желісі.

Шарлайтын облыстың кеңістігін,
Таныс өуен, жағымды келісті үн.
Саралап жеткізеді тындарманға,
Қала мен ауыл тыныс-тіршілігін.

Қайырмасы.

Ұшқыр уақыт көншіменен ілескен,
Ақпараттар, айдарынан жел ескен.
Тарататын жедел хабар радио,
Кетер емес сенің үнің мәнгі естен.

Хош келдің, жаңа ғасыр

Әні Марғұл Балтепеканікі

Армысын, жаңа ғасыр,
Армысын, жаңа жылым.
Өзіңе арналады,
Алғашқы жаңа жырым.

Аппак қар жапалактап,
Жауып түр жер бетіне.
Бақытты ғасыр бол деп,
Қараймын келбетіңе.

Хош келдің, жаңа ғасыр!
Хош келдің, жаңа жылым!
Жақсылық ала келші,
Жаңғыртып, жердің жүзін.

Мыңжылдық босағасын,
Аттайық аман-есен.
Ғасырдан-ғасырларға,
Жете бер, халқым есен.

Сезім серпіні

Көркейіп, өрле елім,
Гүлстан, қазақ жері,
Жана жыл құтты болсын,
Карсы аlam, міне төрім.

Мүшел той

Күдік-қатер аралас мүшел жастан,
Құтты болсын тойыңыз бүтін аскан.
Жақсылықпен жалғассын алдағы өмір,
Тілек осы ән-жырдан шашу шашқан.

Игі тілекпен,
Адал жүрекпен,
Бірге қуандық.
Мүшел тойынды,
Қызық ойынды,
Бөлісуге жиналдық.

Мүшел жасың мүшелдерге астасар,
Қылышылдаган кезің осы қыр асар.
Жаның жайсан, көңілің гүл той иесі,
Жақсы ғұмыр үрпағынмен жалғасар.

Қайырмасы:

Бұтағына қонақтаған бұлбұл күс,
Жарың қандай, күлімдеген жарқын жүз.
Жарасымды жайқалған гүл мекенде,
Жүрегіңе ұяласын сан жұлдыз.

Қайырмасы:

Тұған күн

Ақ бесікте аялаған құлыным,
Анаңың сен естіп өстің әлдиін.
Әрбір басқан қадамыңа арналар,
Жүрегімнен жарып шыққан ән жырым.

Куанышым, шаттығым,
Тұған күнің сәтті күн.
Айды әпер деп сұрасан,
Әперемін дәп бүтін.

Өкпелейсің, бұртиясың наз қыльш,
Менің мынау жүрегімді жаз қыльш.
Былдырлаған бал үніңен айналдым,
Дүйім жүртты таңдандырған мәз қыльш.

Мекенім байтақ ел-Тұран

Тұған жерім, байтағым, махаббатым,
Құтты болсын мәңгіге салтанатын.
Бұлбұлыңмын бұтакқа қонақтаған,
Сені жырлап, самғатқан ән қанатын.

Мұрага бабам қалдырған,
Айналдым сенен, ұлы Отан.
Жүректі кернер куаныш,
Мекенім байтақ ел-Тұран.

Ардақтым, ата-мекен, қасиетім,
Перзенттік сезіміммен бас иетін.
Жер ұйығым өзіңсің асыл өлкем,
Жан жүрегім елжіреп шын сүйетін.

Қайырмасы:

Елім менің тәуелсіз мактанышым,
Көрсеткен бар өлемге үла күшін.
Бес құрлықтың нышанын бойға жинап,
Бастаған болашақтың ұлы көшін.

Қайырмасы:

Жусанды дала

Жусанды дала, гүл дала
Орманды таулы, тың дала.
Дүбірлі дәуір үрпағы,
Күшағын жайған Айға да.

Куат берген туған жер жас жаныма,
Қыраныңбыз самғайтын аспанында.
Салт атты сарбаздардың үрпағымыз,
Мамыражай күй кешкен сахарада.

Жусанды дала, гүл дала,
Орманды, таулы бай дала,
Дүбірлі дәуір үрпағы ,
Күшағын жайған Айға да.

Күлімкөз

Деп жүреміз өзінді періштеміз,
Сен бар жерде біз дағы пейіштеміз.
Күлімкөз.

Күлімкөз-ая, күлімкөз,
Саган арнап айтам сөз.

Шаттық іздең жүргенде,
Карсы алдынан болдың кез.
Е-е-е-ей,
Карсы алдынан болдың кез.

Тұлкідейін алтайы сылаң қағып,
Жүрегімнің жандырдың отын жағып.
Күлімкез.

Кайырмасы:

Кыз біткеннің ішінде шынарысын,
Арманым жоқ таңдадым, шырайлысын.
Күлімкез.

Кайырмасы:

Ықыласың басқаға аумасын деп,
Өн арнадым жүректен өзіңе тек.
Күлімкез.

Кайырмасы:

Армысын, Наурыз

Сөгіп қардың көбесін,
Көрсетті көктем төбесін.
Кырда ойнаң қозы-лак,
Көтерді ел еңсесін.

Алтын күрек желі есіп,
Мұнарланды белесің,
Көгеріп қырат, жота, бел,
Кенейтті малдың өрісін.

Күттү болсын Жер-ана,
Төріңе келген Наурызың

Тенесіп күні түнімен,
Суық пен ыстық алмасты,
Тепе-тендік орнатып,
Табиғат өмір жағасты,

Наурыз көже қайнатып,
Ошактың үстін май басты.
Армысың, арма, Наурыз,
Касиетті жыл басы.

Күттү болсын Жер-ана,
Төріңе келген Наурызың.

Жан балам

(Дидар Иланбергенев)

Ата-ананың ұлысың сен аңсаған,
Тілейміз біз болуынды жаксы адам.
Жана өмірдің баспаңдағы басталды,
Денің сау бол бақытты бол жан балам.

Нагашы әжен Дидар деп ат арнады,
Орындалды басты үміті арманы.
Жасын берсін көп жасаған ананың,
Ақылды бол, азамат бол жан балам.

Сағындырып келген алтын құлышын,
Желбірейді самал желмен тұлымың.
Жұлдыз болып жарқыраған көгіндегі,
Ардақтайтын ұлы болшы еліңнің.

Сүйемін қалам мен сені

Әні Мейрам Ерменбайұлының ікінші

Киялға қанат қақтырған,
Жаралған аппак ақ нұрдан.
Тізілген сұлу теректер,
Көшемде менің сап күрған.

Кайындар билер тенселіп,
Үйлері зәулім, еңсели.
Балалық балғын жүрекпен,
Сүйемін қалам мен сені.

Көргенде толқып кетемін,
Әзіце тәжім етемін.
Сенімен бақыт құшамын,
Шұрайлы менің мекенім.

Кайырмасы:

Шашылған мөлдір ақ маржан,
Жасанды сұлу хауыздан.
Жағажай қандай тамаша,
Айнымай қалған аныздан.

Кайырмасы:

Жаз ғулім

(Эні Шашудай Малғыбаевтікі)

Достығыңмен, шаттығыңмен баурадың,
Әнін, жырың, сәнің, нұрың арманым,

Балауса бал,
Гүліндегі көктемнің,
Жан сәулем сен,
Ер жеттің көркейдің,
Саған айтар сырларым,
Сырларым көп менің.
Байқадың ба,
Жүректің сезімін,
Шайқадың ба,
Жігіттің тезімін.
Өзің сәулем
Жайқалған, жайқалған,
Жайқалған жаз гүлім.

Жылдар жылжып, eter тағы сағымдай,
Аңсап сені күтуден мен талмадым.

Кайырмасы:

Көруге мен күнде өзінді асығам,
Сияқтысың мен үшін сен асыл жан.

Кайырмасы:

Куаныштың келер өлі көктемі
Кездесерміз күндей күліп көктегі.

Наурыз

Әні Мареки Ғұшарованықи

Кызыуы күннің молайыш,
Жібітті жердің мұз-қарын,
Көктемнің есіп самалы,
Ысырды қыстың ызғарын.

Тойынып көкке мал түлеп,
Тандайды ақпен жібітті,
Киығын тастап көзінің,
Серпілтті ару жігітті.

Наурыз, келді жылжып ай,
Наурыз, ойнайды құлын тай.
Кар сұымен қылтиған,
Наурыздың, наурыздың,
Наурыздың бәйшешектері-ай.

Сезімдер тулап алаулап,
Көктеммен бірге тұледі.
Дәңгелеп жердің иіні,
Дүрсілдеп соқты жүрегі.

Наурыз, келді жылжып ай,
Наурыз, ойнайды құлын -тай.
Кар сұымен қылтиған,
Наурыздың, наурыздың,
Наурыздың бәйшешектері-ай.

Бақыттың қызыбын

Әнін жазған Эмбира Аңдрушиевич

Көбелек қуып қырда ойнаған,
Шаттыққа толы жүзім жайнаған.
Кең байтақ далам, сұлусың неткен,
Ыстық-ау маған тауың, сай салан.

Бақыттың қызыбын,
Жанған жұлдызыым.
Өсірген елім,
Сыйлап ұл-қызын.

Өлпештеп мені желпіп самалың.
Исіне жұпар елтіп қаламын.
Әкелдім бүгін ыстық сәлемін,
Қазақстан атты байтақ даланың.

Кайырмасы:

Еркелеп өстім елімде еркін,
Татулық, бірлік, мәңгілік сертім.
Келгенде қонақ құшағын жайып,
Аспанта атып, куанаар беркін.

Екібастұз —менің әнім

Тоғысқан сан тағдырлар,
Фасырлық тарихың бар.
Құт мекен Екібастұз,
Қазақтың жұлдызындей.

Кайырмасы:

Казыналы қойнауың,
Сазынды кешіп ойнадым.
Толассыз соғар желінді.
Самалға балап тоймадым.
Екібастұз-тұрағым,
Екібастұз-жыр-әнім.
Мен өзіңнен нәр алған,
Мәлдір шырын бұлағың.

Косымның кемірінен,
Өң кірді өніріме,
Шырак боп жағыласың,
Халқындың өміріне.

Қайырмасы:

Күнге құлаш сермеген,
Бәйгенің алдын бермеген.
Жасай бер, жайна жас қала,
Береке, бірлік елменен.
Екібастұз-тұрағым,
Екібастұз-жыр-әнім,
Мен өзіңнен нәр алған,
Мәлдір шырын бұлағың.



Мізілген жеке
шұмақтар,
Мереке, мейрам, той
бастар



Мерекелік кештер үшін

“Мақтандышым, туған ел”

Туған өлкем, Қазақстан, байтағым,
Өзің жайлы мақтандышпен айтамын.
Жүргімнің лұппілімен жарысып,
Ой-қырынды аралап мен қайтамын.

Қазақстан, шаңырағым киелі,
Киеліге ғаламшар бас иеді.
Сенде туып, кең тыныстап, нәр алған
Перзенттерің сені шексіз сүйеді.

“Тәуелсіздік алған күн”

Қазақстан туған өлке, аймағым,
Бұзылмасын бетке шығар қаймағың.
Аман болсын, ел тізгінің ұстар ер,
Желбіресін, биіктек көк байрағың.

“Ауыл-алтын діңгек”

Қазақ үшін әр ауыл алтын діңгек,
Малын бағып, егін сап, өскен гүлдеп.
Береке, ырыс пенен құт қонақтап,
Келеді әр күн сайын ауыл өрлең.

“Туған өлкем”

Кең дағы, шалқар көлім байтақ жерім,
Қопарған қазыналы алтын кенін.
Қайнаған қызу еңбек алқабында,
Отаным, Қазақстан менің елім.

“Республика күні”

Арайлы таң, шуақты күніңменен,
Сайраған бұлбұлдайын үніңменен.
Павлодарлық ағайын баршаңызды,
Күттүктаймыз Республика күніменен.

Қанат керген көгімде қырандарым,
“Қазақтын, азаттын” деп ұрандадым.
Фаламшар қазақ елін түгел танып,
Шырқалды шартарапта ән ұраным.

Ту еткен достықты, бірлікті,
Қазақстан біртұтас ел мықты.
Мойындап бар өлем, бар халық
Елдігін қазақтың бәрі үқты.

“Асыл қарттар”

Төуелсіз елдің азат ұлы-қызын,
Бастай бер ғасырларға керуен уақыт.
Жаркын күнді жасаған жақындағып,
Карттардан ғибрат алу аскан бақыт.

“Жыр додасы”

Халықпаз сергек санасы,
Ақыны елдің данасы.
Алғыр-ак, зерде-зейіні,
Домалак қара баласы.

Ұмыт бол бара жатқандай,
Ақындық жолдың арасы.

Күтты болсын, халайық
Бүгінгі жырдың додасы.

Жаңғырып жазған жырлармен,
Көркейер қазақ даласы.
Кітап боп шықса игі іс,
Ақындық сөздің сарасы.

“Армысың ана”

Жаратылған ерекше нәзік, көркем
Армысың асыл ана, ардақты еркем.
Таратып бар өлемге нұр- сөуленді,
Журмісің жүргегінді етіп желкен.

“Әз аналар”

Ән мен гүлден шашу шашып,
Келді көктем есік ашып.
Әз аналар, армысыздар,
Барша өлем, сізге ғашық.

Шуақ төккен мейірімді,
Жалғастырган нұрлы өмірді.
Сегізінші наурызбен,
Күттықтаймыз өздерінді.

“Мерекенмен”

Той болған соң, сый-жоралғы, тарту бар,
Ал, жігіттер шырқап әнді айтындар.
Мерекеге келген бүгін аналар,
Куаныш пен шаттық ала қайтындар.

Сезім серпіні

Айналайын, арулар, абзал жанды,
Алақанға қондырған Күн мен Айды.
Алғыс айтып, бас иіп құрметтейміз,
Ардақты ана, қарындас, асыл жарды.

Шуағымен көктемнің,
Гүл жамылды қырқалар.
Құтты болсын мерекен,
Мейірімді аналар.

“Ана деген құдірет”
Ана деген құдірет,
Сұлулықтан жарапан.
Жер бетіне шапағат,
Аналардан тараған.

Тіршіліктің қайнар көзі, бұлағы,
Ана десен тәгіледі жыр-әні.
Ана десен табиғатта маужыrap,
Көктем болып нұрын тәгіп тұрады.

“8 наурыз”
Қарындастар, құлпырған қырмызыдай,
Халқымның жарқыраған жұлдызындаі.
Сегізінші наурызың құтты болсын,
Көрейік жүздерінен шаттық үдай.

Күлім көз, ай қабакты аруларым,
Баураган жалынымен адам жанын.
Үңғыласпен қабыл ал, керекулік,
Жігіттердің жолдаған құттықтауын.

“Елім еркін”

Сан ғасырлар кәксеген бабаларым,
Орындалды ой-мақсат, армандарың.
Аспан түстес байрақты өлем таныш,
Еркін елде, еңсем тік сайрандадым.

“Асқаралы алпыс бес”

Жайып сап жайсан жанын Павлодарым,
Тойлап жатыр алпыс бес асқарларын.
Атсалысқан жұмылып үлкен-кіші,
Мың алғыс ақ ниетпен ағаларым.

“Қызы гұмыр”

Көзі нұр, жүзі гүл құлпырған бойжеткен,
Солқылдағ жас таңдай жаныңды елтіткен.
Ажары жарасқан, міні жоқ бойында,
Төріне шығарып, сыйлайды ел біткен.

“Дарын”

Дарындылар аз емес арамызда,
Басқа жүрттан қара үзіп қаламыз ба
Өнерімен өзінің білімімен ,
Көзге түскен көп жақсы қаламызда.

“Ана тілім”

“Мен” дегізер сақтаған қасиетін,
Бір асылым бар менің бас иетін.

Сезім серпіні

Үлттығымның айғағы, едігімнің,
Ана-тілі құрметпен қастерлейтін.

“Жұздесу”

Танытқан елге ғажап өнерлерін,
Тамсантқан тылсым күшпен көрерменін.
Жұздесіп, сырласайық, кездесейік,
Өнерлерін паш етіп өрендердің.

“Әр күні толы жаңалық”

Әр күні толы жаңалық,
Әр апта сайын бір алыш.
Павлодарым келесің,
Күннен-күнге жаңарып.

“Әнші сазы”

Ән кетті әуелеген жүрек тербел,
Шарықтап қиял құсы қанат сермел.
Жалындап кекірекке түсті алау от,
Әншінің сазыменен салып өрнек.

“Сазды сәлем”

Әуелеген әсем ән,
Жүректен жетсін жүрекке.
Жолдаған сазды сәлеммен,
Жете бер игі тілекке.

“Таныс әуен”

Жүргімнің шерткен қылын,
Таныс әуен, сыйқырлы үн.
Әсем сазбен, көніл шалқып,
Ән мен күймен өтсін күнің.

“Әйел қайраткер”

Бар өлемнің әйел заты –анасы,
Адамзаттың туар содан данасы.
Сыры терең, ойы ерен тұнғылық,
Әйел-өлем, әйел сөздің сарасы.

“Павлодардың радиосы ”

Жұмыльш іске елменен,
Тербетіп әсем өнменен.
Павлодардың радиосы,
Сайрайды ала таңменен.

“Кәсіпкер”

Кәсібің-сенің нәсібің,
Таба біл көзің, тәсілің.
“Кәсіпкер” болсаң әрине,
Алшы боп түсер асығың.

“Дерек”

Сыр шертсе архив дерегі,
Өткенді білгім келеді.
Болашақ болмас өткенсіз,
Түйіп ал ойға керегін.

“Тіл тұғыры биік”

Тұғырын биіктетіп тіліміздің,
Мерейін тасытайтық еліміздің.
Белгісі: Туы, Ұраны, Ел таңбасы
Секілді Тіл емес пе елдігімнің.

“Жас өнерпаз”

Тамсантқан тұстастарын өнерімен
Баураған балауса үн, өлеңімен.

Сезім серніңі

Павлодардың жас дарын, өнерпазы,
Шыға бер көрерменнің көңілінен

“Есірткіге еліктеме”

Ата-бабаң дәмін татып көрмеген,
Қанымызға бітіп, бұрын сіңбеген.
Есірткіге еліктеме жас үрпак,
Сақ болайық, шеттен кірген кірмеден.

“Қала күні”

Павлодарым, оянған таңмен бірге,
Көшшелерің оранған қызыл гүлге.
Бүгін той, мерекеміз қала күні,
Салтанат қуаныш күн бүкіл елге.

“Нар тұлға”

Ар-инабат бойына ұялаған,
Кешті бастап, заңғарға қиялаған.
Еңбегімен болған үлгі-өнеге
Армысыздар, нар тұлға, ағаларым.

“Асыл мұра”

Бағындырған кеңістік, уақытты,
Тамаша тағдыры бар ел бакытты.
Асыл мұра қалдырған бабаларым,
Аялай білейік тек сол байлықты.

“Қала даңқы үшін”

Қalam менің күннен-күнгө түрленген,
Көшшелерің октай тұзу түрге енген.
Саған деген ыстық махаббатымды,
Жеткіземін жүректегі ән-жырмен.

Асырып тұған қаланың даңқын,
Еселең дәстүр, әдеп пен салтын.
Өрбір үй, көше, өскен өр талы,
Бұзылмай жайнаң, сақтасын қалпын.

“Жас дәурен”

Күйылды нәзік нүр көктен,
Жігіттік дәурен бір көктем.
Жалындай лаулап жастық шақ,
Сыландар сұлу бойжеткен.

“Ақ пен қара”

Ажыратып ақ пен қара арасын,
Азаматтар өзі біліп қарасын.
Танымы зор хабарға ден қояйық,
Жарыстырып, сөз берін пікір таласын.

“Ардагер”

Ардақтаған елміз қария-қарттарын,
Кариялар жазып қойған хаттарым.
Саналы ғұмыр жайлы білгің келсе,
Ардагердей айдарды еске сақтағын.

“Деген екен”

Айтқыштары ауылдың “дейді” екен,
Аралап қанатты сез желді ме екен?
Тындарманға біз соны жеткізуге,
Бұыпп-түйіп кеп тұрмыз белді бекем.

“Жас тілші”

Қадам мен қағаз серігі,
Елімнің ерке елігі.

Сезім серпіні

Жас тілшінің хабары,
Бүр жарған елдің өрігі.

“Дәрігер кенесі”

Тынданыздар құлак сап,
Дәрігерлік кенеске.
Өмірдегі ең керек,
Денсаулығың емеспе?!

“Еске алу”

Өмірден озған талай тарландарым,
Ән қылыш бар өмірін, армандарын.
Бақыл бол, нұрға толсын жер бесігің,
Тілейміз амандығын қалғандардын.

Мандайдан тері тамшылад
Сінірген елге еңбегін.
Өмірден озса ол бүгін,
Ұмытпас елі ерлігін.

“Мақал сөздің мәйегі”

Өрнектейік сөзді мақал-мәтелмен,
Тілімізге тәтті шұрай әкелген.
Сөз мәйегін ардақтайық ағайын,
Бабалардың мәртебесін кетерген.

“Әзілің жарасса”

Әзіл-қалжың қазаққа тән қасиет,
Женгелермен әзілдесіп өсіп ек.
Қалжың сөздің мәртебесін өсіріп,
Күрдастардың көкейлерін тесіп ек.

“Үкілі бесік”

Үкілеген, ұлпілдеген тал бесік,
Тербетіліп, тал бесікте біз де өстік.
Жана заман, азат елдің ұланы,
Бес түлеп өс, бал бөбектер-Ер Тәстік.

Үкілеген бесіктегі бөбегім,
Тек өзіңе арналады өлеңім.
Өс өркенде, тал бесікте тербеліп,
Азамат боп аялайтын елінің.

“Ел тарихы”

Бала кезден шарлап өскен ой-қырын
Білесің бе, туған жердің тарихын?
Өзен-көлін, қаласы мен даласын,
Өскен гүлін, жан-жануар, тау-тасын.

“Көнерген сөз”

Ұрпақтың еткен жанғыртып үрдістерін
Білсек дейміз көне сөз тіркестерін.
Фасырлар қазынасы болған тілім,
Өзіңмен осы болсын тілдескенім.

“Ұйқы ашар”

Таң келеді, түріп түннің түндігін,
Ару күнде ашты зорға кірпігін.
Ұйқынды аш, тында өсем әуенди,
Жақсылығын ала келсін күн бүтін.

“Ақсу ауданы мен қаласы”

Ақку қонған көліне,

Сезім серпіні

Береке біткен еліне.
Байлаған құлын желіге,
Өндіріс салған жеріне.
Темірден жасап қорытпа,
Шапағат шашқан халыққа.
Аксудай ару қаламыз,
Қанатың керіп қалықта.

“Баянауыл ауданы”

Сұлусың Баян сен неткен,
Ақындар әр кез ән еткен.
Таудағы тастар секілді,
Дарындар туып ер жеткен.

Қасиет, кие дарыған,
Аңызсың жеткен арыдан.
Бір көрген сені адамзат,
Аңсаумен мәңгі сағынған.

“Қашыр ауданы”

Ежелден ерекше бір аты шықкан,
Қашырдың ғасырлар да сырын үккән.
Егін егіп, мал бағып түрғындары,
Еңбекпен құт мекенде бақыт тапқан.

“Железинка ауданы”

Ақ балтырлы, сырғалы қайындары,
Көк желекке оранған ауданымның,
Железинка атанған ауданымның,
Май емеспе қап-қара тонырағы?
Байлыққа беккен барлық атырабы,
Кол бұлғап болашакқа шақырады.

“Ертіс ауданы”

Әр тасы, азаматы бір-бір тарих,
Ертістің түр ғой бүгін бағы жаңып.
Астықты алқап, сапырган дән дариясын,
Мал есірген, тамаша қала салып.

“Ақтогай ауданы”

Жағалаған Ертісті,
Ақтогайдың ауылы.
Әрқашанда ақжарқын,
Өнер сүйген қауымы.
Алтын дәнді сапырган,
Кожалықтар көбейді,
Ырыс пенен құт қонып,
Тарқамасын сауыбы.

“Екібастұз қаласы мен ауданы”

Қара алтынның ордасы-Екібастұз,
Мақтанышың өркенді ұл менен қыз.
Еңбек тойын тойлаған, құрылыс сап,
Сарыарқаның төсінде ол бір жұлдыз.

“Май ауданы”

Шалғыны жайқалған,
Ерлері майталман.
Өнерлі өрені,
Жарыста бәйге алған.
Мыңғырыш мал өрген,
Өрісті кең дала,
Тарихтың көшінде,
Үлесі бар дара.

“Лебяжі ауданы”

Ертіс бойын жайлаған,
Аққұлы мекен, құт мекен.
Ауылда ғалым шопаны,
Асыл тұқым қой өскен.
Бұлдіргені, қарбызы,
Қыздары көркем, қырмызы.
Еңбекте ер атанған,
Атақты ылғи ұл-қызы.

“Шарбакты ауданы”

Топырағы қунарлы, егінді жер,
Еңбек етіп ерлері төгеді тер.
Берекемен ырысы бірдей шалқыш,
Куанышқа, бақытқа кенелген ел.

“Успен ауданы”

Ауылдары көрікті қаладайын,
Бау-бакшасын қуана аралайын.
Жазиралы даға дәнін сепкен,
Тірлігінен ауданның айналайын.

“Павлодар ауданы”

Ертісім ғажап, ертегім,
Айтайық жердің көркемін.
Кекеніс егіп, егін сал,
Көркейткен жердің бөлшегін.
Павлодардай ауданнын,
Жеткіземіз халыққа,
Атқарған ісін ерлігін.

“Бейбітшілік пен бірлік мерекесі”

Ел басының бағыты-ауыз бірлік,
Букіл жүрттyn ұраны-бейбітшілік.

Құтты болсын Мамырдың ұлы тойы,
Күнге қолын ұсынған, керекулік.

Асқаралы бүгінгіден ертеңгісі,
Қазақстан әлемнің ертегісі.
Бейбітшілік, достықтың өнін айтып,
Қалықтаған қыраны, көгершіні.

Көк байрағы көктем болып желбіреп,
“Елім” деймін ет жүрегім елжіреп.
Туған елдің топырағынан қуат ап,
Жастық жалын келе жатыр мөлдіреп.

Серпіп тастап, күдік деген түндікті,
Қарсы алдым, жана үш мың жылдықты.
Жайна, гүлде Қазақстан-гүлстан,
Тандандырып ғарыш пенен құрлықты.



Айзаттың алғашқы
жыр шұмасы



Папа

Папа, милый, где же ты?
Может, смотришь с высоты?
Может, там, где облака,
Машешь мне издалека?
Подобрался ближе к солнцу,
Светишь вместе с ним в оконце?
Шлешь ты нам тепло и свет,
И улыбок ждешь в ответ?
Рано ты от нас ушел,
Звали тебя-не пришел.
Ждали с мамой мы любя,
И тоскуя, и скорбя,
Ты оставил на прощанье,
Лишь в душе воспоминанья.
Но тебя я помнить буду,
Никогда не забуду!

Арбуз

Самый вкусный, самый альй-
Это наш арбуз багряный!!!
На него ты не смотри,
Хоть он с косточкой внутри,
Все равно я съем его,
Нет вкуснее ничего! (1999)



Ариадна



Совет аға, Гүлжиян тәмә

Орындағ мұсылмандық бес парызын,
Өтеген Алла алдында бас қарызын.
Әкпар қажы атанып қосағымен,
Кырық жыл бірге татқан дәм мен тұзын.

Шықты Сөкең алпыстың белесіне,
Ғұмыр кешті қалардай ел есінде.
Ұлықты ұл, қылышты қыз өсіріп,
Тұрмыстың тербетілді кемесінде.

Адал келін, бал мінез немерелер,
Қастарына үйіріліп ата-әже дер.
Кызықтап ортасында сайран салып,
Құрметке өрқашанда бөленіңдер.

Той-думан күттү болсын мерекеніз,
Асып-тасып, ырыс-күт берекеніз
Гүлжиян, Совет қажы атандыныз,
Кос қажыны қосыла өн етеміз.

Атамыз Ханапия бізге үлгі,
Қаламы жүйрік болып өрге жүзді.
Танытып тектілер мен таланттыны,
Мадақтап, асқақтатты Орта жүзді.

Жиналдық ақ тілекті актаруға,
Арманы қос жүректің акталуда.
Кездесіл бәрімізде жарқын жүзбен,
Халайық, жиналайық алтын тойда.

Мұқарам атага

Кызықтаған атамыз биік таққа,
Өмірі оның өнеге жас үрпакқа.
Еңбегімен еленген ел алдында,
Мұқарамдай ұстаз бар біздің жакта.

Өсірген ұл менен қыз мәртебелі,
Құрметтеген ардактап, өскен елі,
Сексеннің сенгіріне келген аға,
Сыйлаймыз шын жүректен өн киелі.

Тұжинаң ана

Алпыс жаста апамыз Гүлжиһандай,
Біз үшін өлі де жас туған айдай.
Ұстаз боп ата-ана жолын күткен,
Ұл-қызын ел ардактап мақтағандай.

Анаңтың орындалып басты арманы,
Қазкен, Марат- азамат аскаралы.
Өзінде қатарыңдан асып түстің,
Еңбекпен мәндайыңның жанды бағы.

Кызығын көріп Нұржан, Гүлшараның
Жайнасын, жарқырасын өмір бағын,
Туған күн күттү болсын, ұзак жаса,
Тілегі орындалып Сатыпалдыңың

Қазкен аға

Ардақты ағайымыз Қазкен аға,
Үлкенге де кішіге болған пана.
Мерей той құтты болсын жетпісіңіз,
Келейік жүз жасаған тойыңызға.

Павлодар түлеп үшқан топырағын,
Жайқалды Теміртауда жапырағын.
Арқалап ыстық сөлем келіп отыр,
Сағынып, Сізді аңсаған туыстарың.

Ұрпағы бір бұтағы ұлы Абайдың,
Апамыз жиені екен Кәкітайдың.
Ортамызда ең үлкен Қазкен аға,
Әзіңіз көзіндейсіз аталардың

Өмірдің ұрттап ішил бал-шырынын,
Көре бер ұл мен қыздың бар қызығын,
Денсаулық, бақыт, байлық ырыс тілең,
Білдіріл біз жүрейік туыстығын.

Жолдадық жақсы тілек , дәuletімен.
Өмірді көркейте бер сәuletімен.
Ақ ниет, жүрек жарды бір ауыз сез,
Қабыл ал Мұқи інің өuletінен.

Бәтжамала

Бәтжамал, құтты болсын тұған күнің,
Бұлбұлдай өн салғанда шықсын үнің.
Сәнің боп, бақытың боп өсе берсін,
Аялап мәпелеген ұл мен қызың.

Бакытың мәнді болсын басыңдағы,
Жан-жарың аман болсын қасыңдағы.
Құралай, Айбек, Дастан, Динараңмен
Құлпырсын, Болатыңың жасыл бағы.

Бикен Жамаліева

Құтты болсын тойыңыз ұстаз Бикен,
Өнің, сәнің, ажарың күндей көркем,
Ұлы-қызың, немере-жиендермен,
Бәйтерексің гүлденген жайып өркен.

Жиылмаған өрқашан дастарханың,
Ойлап өр кез жүресің достар қамын.
Камқор болып үлкенге, кішіге де,
Бабын таптың ағайын-туысқанның.

Жанайдаң Әткенциолин еске алу

Оралды қайтқан құстар мекеніне,
Айтқан сөз құлағына жетеді ме?
Әмірден озып Жанай жүре бердің,
Көз қығын бір тастап өткен күнге.

Жыл boldы, қайрылмадың оралмадың,
Ішінде от боп жанып ақ арманың.
Сағынып, сарғаюмен күн өткізді,
Әзінді аңсап жарын, балаларың.

Жан-жарың кез жанары боталаумен.
Іздейді ылғи немерең аталаумен,
Еске алар достарың да қос аккүды,
Күндерді ойнап-кулген қатарыңмен.

Тағдырдың жазғанына бар ма шара?
Қайғы-шер іште жатқан бітеге жара.
Жер бесікте тербелсін асыл жанын,
Шапағатын түсірсін хақ тағала.

Қабдышикір аға

Құтты болсын жасыңыз жетпіс асқан,
Мәлдір болсын әрдайым ашық аспан.
Бақыт емей немене бүгін міне,
Тойыңызға қыз- келін шашу шашқан.

Жетпіс жас азаматтың жасы дейміз,
Бүйірса, сексеннің де дәмін жейміз.
Бүгінгі той иесі, Қабдышикір аға.
Тойыңыз тойға үлассын лайым дейміз.

Мерей той мерекелі өтсін аға,
Улкенге ізет, кішіге болған пана.
Ұлы-қызың, ерісің немерелер,
Көркейіп өз алдына құрсын қала.

Сәкен Құспекова

Жетпісте арқалаған нардың жүргін
Жамаған еңбегімен жердің жігін.
Тойыңда құда-жекжат, дос-жараның,
Ақ, ниетпен жинальш келді бүгін.

Құтты болсын жетпісің аскар жасың,
Қайратың қашайтындей таудың тасын.
Денің сау, ұзак ғұмыр жасай бергін,
Биік бол Алатаудай ғазиз басың.

Сезім серпіні

Бірге өскен құрбысы едің әз анамның,
Тойыңа келіп Сізге өн арнадым.
Оймақтының шебері Сәкен тәте,
Көре берші қызығын бұл жалғаннның.
(1994)

Қазақ-түрік лицейіне он жыл

Он жыл толды қазақ-түрік мектебіне,
Білім нәрін шәкіртке сепкеніне.
Құтты болсын бүгінгі мерей тойы
Көз жіберген өткені-кеткеніне.

Сенімменен балалар кеп есік ашты,
Білім мен өнер нұрын қатар шашты.
Қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілін,
Мендеріп, биіктеге қадам басты.

Өркендесін лицейдің артып данқы,
Шәкірттері қуантсын тұған халқын.
Уақыт көшіменен бірге ілесіп,
Фасырларға жеткізсін үрпақ салтын.

Назармалар

Айтатын ықыласпен тілек-бата,
Кезіндей кешегі өткен Шәйкен апа.
Қамқорлық сезілетін өр сөзінен,
Ризамын Бакыт пенен Нагимара.

Аузын ашса жүрегі көрінетін,
Жаныңа жылуымен гүл еgetін.
Аңсап жүрер өрдайым Қалима бар,
Туыстарға арнаған ақ ниетін.

Егіздей Фапура мен Сапурамыз,
 Көркемдік, сұлулығы болар аңыз.
 Көрмесек үзагырақ нағашылар,
 Еске алыш өздерінді сағынамыз.

Марат Марденов

Көшіп келіп қалаға алыс қырдан,
 Анам еді сіздермен таныстырған.
 Дина менен Мараттың келбеттері,
 Жаралғандай дейтүғын нағыз нұрдан.

Содан бері женге деп, аға дейміз,
 Жаксылардың қадірін білгендейміз.
 Сіздер жайлы біреулер мактау айтса,
 Жылы сөзге қуаныш елеңдейміз.

Докторлық, профессорлық атағыныз,
 Талайға қолдау жасап бата алдыныз.
 Сәтбаев атындағы институтты,
 Аштының және өзіңіз басқардыныз.

Арта берсін абырай, берекеніз,
 Күн сайын тарқамасын мерекеніз.
 Анамыз табыстырған аға-женге,
 Сіздерді ардақ тұтып, ән етеміз.

Елубай мен Даңежан

Тату-тәтті көрші едік,
 Арасасқан дәм-тұзы.
 Балаларды есірдік,
 Жансын деп бак-жұлдызы.

Сезім серпіні

Казір қызық ойласам,
Болды қыын сол кезде.
Күйдіріп ап Айзатты,
Абыржыдым әп сәтте.
Жарық сөніп қалышты,
Жасайтын ем-домымды.
Ол үйде газ бар еді,
Ашты тәнір жолымды.
Жұмыртқаны пісіріп,
Сары уызын қуырдық.
Үйдің іші көк түтін,
Қара қошқыл шымылдық.
Майын сығып шығарып,
Ем жасадық балаға,
Таңба қалмай жазылды,
Көмектесіп бір Алла.
Содан бері арамыз,
Ашылған жоқ біргеміз.
Өзгертсек те конысты,
Бөлінсе де іргеміз.
Елубай мен Дәмежан,
Ержаны мен Нұрланы.
Аға болып Айзатқа,
Қамқор көзбен қарайды.

Сұлтан Балатсепеуі

Жігіттің сендей болсын сұлтандары,
Өзіндей азаматтар ұлттың бағы
Білім менен өнерді тен ұстаған,
Сендей-ак болған шығар жайсандары.

Ұсынып көмек қолын талайларға,
Жетеледің, талпынтып арай танға.
Өнерлінің тұсауын өзің кесіп,
Жол сілтедің, алысқа, армандарға.

Үлкенге ізет, кішіге құрмет еттің,
Айтқаныңды орындаپ сертке жеттің.
Ақ көніл, адал ниет, ақ жүректен,
Осы өлеңді өзіңе тарту еттім.

Ербол Айтбайев

Шідертідей ауыл бар шағын ғана,
Шыққан жайсаң жақсылар елге пана.
Ел сенімін арқалап жігіттері,
Көзге түсіп көрінген жеке дара.

Жас өрім соның бірі өнші Ербол,
Дауысы жанға жайлы, жүрек тербер.
Жұлделі болып талай жарыстарда,
Өнерімен әлі де биікке өрлер.

Анасы ақын Естайдың ауылынан,
Әншілік арылмаған қауымынан
Ірыстыдай апасы өнге салып,
Аймағының қалмаған сауырынан.

Ізін күған бар оның шекірттері,
Соның бірі Қожанов Амангелді.
Бір ауыл, бір бауыр боп тізгін тартып,
Аттады өнер деген белестерді.

Сезім серпіні

Ерболдың інілері Жанат, Талғат,
Сондарынаң күйші бол ерген Қайрат.
Хамиттай нағашымның ұясынан,
Тұлеген лашын құстай төрт жас талант.

Ерболдың өнерде көп өрнектері,
Жанды ғой қыын жолда төккен тері,
Дер шағы, отызында орда бұзып,
Атанды “Мәдениет қайраткері”

Қая Қазиана

Тынымсыз неткен жан едің,
Еңбекпен өрге өрледің.
Көріне берсін халыққа,
Жасаған шалқар еңбегің.

Мектебін ашып өнердің,
Жас талапқа дем бердің.
Өткізіп талай байқауды,
Дарынның қамын жеп едің.

Әркімнің келмес қолынан,
Режиссер деген мамандық.
Осы бір істің сонынан,
Кірістің өзің шам алып.

Сіңдімдей туған жақынсың,
Қиналған сэтте акылшым.
Жамбылыңмен жасай бер,
Асып та тасып бақытың.

Жастілек-Кайырпану

Гүл шашып өтіп жатты талай көктем,
Аспаннан алтын күнде нұрын төккен.
Бөлісіп той-думанды бірге өткіздік,
Өзінмен Кайырпану, Жастілекпен.

Сол күннің табы қалды ұмыттылmas,
Өздерің жүректегі бір асыл тас.
Сыйлаған іні тұтып Жастілекті,
Манаттай қаиша іздесен ер табылmas.

Жалғасып ізгілікпен жақсы дәстүр,
Өлі де тізгін үзбей келе жатыр.
Ат түяғын тай басып осы күні,
Ағалайды өзінді Айзат батыр.

Кос балапан Айнұрың, Айнагұлің,
Аялап, мәпелеген қызыл гүлің.
Кайырпану жарынмен бірге жасап,
Үрттап жұта беріндер өмір нұрын.

Тұған күнің құтты болсын Жастілек,
Бүтін саған актарылар ақ тілек.
Шын ниетпен жиналған жұрт, халайық,
Бал шырынды көтерейік бак ғалеп.

Камо Сергеевич

Ұлтының басқа болғанмен,
Манатты кеше көз көрген.
Карсы алып ылғи жатасыз,
Жақсы бір тілек сөзбенен.

“Өлсе де өкен өлмесін,
Өкенің өзін көргендер”.
Казактың ғажап мақалы,
Өзіңзге Камо дәл келер.

Алғашқы болгар сапарын,
Өзің бодың қолдаған.
Амандық-саулық тілейміз,
Жаны бір жайсан жақсы адам.

Халея Оспанов

Талпынған биіктікке жас шағынан,
Күн нұры аумай түскен аспанынан.
Бір сәзді, сертшіл, адал азамат боп,
Көрінген адамшылық асқарынан.

Бағаң бар ел алдында абыройлы,
Тең ұстаган біліммен акыл-ойды.
Казактың жігерлі бір жігітісін,
Бойында жалындаған намыс отты.

Данагүлге

Он үшке келдің бүгін Данагұлім,
Ұсынын өмір саган лала гүлін.
Жақа менен Алмаштың жұддызы бол,
Әрдайым жарқын шықсын сенің үнін.

Тұған күнің бакыт нұрын шашқан күн,
Жас достарың келіп есік ашқан күн.
Тұған-туыс, аға-женге, ағайын,
Бәрі келіп мейірімін шашқан күн.

Жаның мәлдір, мейірімді жанарын,
Мүшел аскан құтты болсын қадамың.
Денің сау бол, бақытты бол Данагұл,
Өмірдегі сәтті болсын талабың.

Біздің үй

Ала келген нәсібін бұл өмірге,
Алла берген алты қызыбыз бір үйде.
Ұясынан түлеп үшқан алты қыз,
Әр отаудың шамын жақты әр үйде.

Келгенімен аздал өң мен түсіміз,
Әрқайсымыз жеке-жеке кісіміз.
Бір ата-ана аясында өссек те,
Үқсамайды мінезіміз, ісіміз.

Гулбаршын деп ат беріпті тұңғышқа,
Бөленіпті ол, шатағатқа алғысқа.
Мен тұғанда “қашып кетіп” бір Дәмет,
Соның атын бере сапты сол тұста.

Өскен кезде шығардым мен шатақты
Кейінгіні Нагима мен Нәзима деп атапты.
Таң алдында жарқ етіп шам жанғанда,
Светлана туды біздің атақты.

Қанатымен жүрсін деп су себелеп,
Есім берді Қарлығаш деп, кенже деп.
Осылайша өмір берген ата-ана,
Бәрімізді өсіріп ет мәпелеп.

Сезім серпіні

Оралады балғын шақтар кейде еске,
Әз анамыз шебер еді бар іске.

Сырмақ ойып, тоқып өрмек, алаша,
Киіз басып, токитұғын шіл-кесте.

Арамызда екі ерке үл өсті,
Білім үшін бастап кеттік күресті.
Сегіз диплом отбасына оралды,
Өмірден біз алдық сейтіп үлесті.

Екі келін, алты күйеу бала бар,
Куанышқа бөленді ата-ана лар.
Немере мен жиендерден әкеміз,
Көріп отыр, шөбере мен жиеншар.

Менде жалғыз, кенже қызда бес жездे
Ешиңдерден болған жоқпыз біз кенде.
Әр баланың рызығы өзімен,
Қызметін өтеп жатыр енді елге.

Маңғыны

Бар болім тұған өлкем Павлодардың Әртіс өңіріне арналады

Казақстан - байтағым сен	
“Казақстанным - қара шаңырағым”	
атты Республикалық ақындар	
мушайрасында үшінші орынға	
ие болған шығарма.....	4
Гүлден, жайна, киелі Керекуім.....	9

Даңғылы жерлеестер

Бұқар Жырау Қалқаманұлы	20
Мәшінур Жүсіп Көпейұлы	21
Сұлтанмахмұт Торайғыров	22
Жүсіпбек Аймауытов	26
Қосым Пішенбаев	27
Қаныш Сәтбаев	28
Жаяу Мұса	30
Хорлан сәлемдемесі	32
Естай Беркімбаев	32
Әнші Майра	34
Шәкен Айманов	35
Жабайхан Әбділдин	36
Кәүкен Кенжетаев	36
Қуат Әбусейітов	37
Жұмат Шанин	38

Қамар Қасымов.....	39
Кошмұхамбет (Қошке) Кеменгеров	40
Ләзиза Серғазина	40
Зейтін Ақышев	41
Дихан Әбілов	42
Калижан Бекхожин.....	43
Мұзафар Өлімбаев.....	44
Иса Байзаков.....	45
Сәбит Дөнентаев	46
Ахат Жақсыбаев	47
Мұбарақ Жаманбалинов	48
Қалмуқан Исабаев	49
Куандық Мәшінүр Жүсіпов.....	50
Аманжол Шамкенов	51
Рамазан Тоқтаров.....	52
Белгібай Шалабаев	53
Зейін Шашкин.....	53
Нұтфолла Шәкенов	54
Серік Шәкібаев.....	55
Қабдықәрім Үйдірысов	55
Қадыр Тайшықов	56
Сәлкен Субханбердин.....	57
Момын Әшірбеков	57
Нұрлыбек Баймуратов	58
Қали Байжанов	59
Жарылғапберді Жұмабайұлы	59
Кудайберген Әлсейітов	60
Жабай Тоғандықов	61
Байғабыл Жылқыбаев	62
Шахан Мусин	63
Макпұза Байзакова	64
Капиза Әбугалиева.....	65
Суат Әбусейітов.....	65

Шапық Шөкин	66
Әбікен Бектұров	68
Кетеш Райымбекұлы	68
Қобылан Берібайұлы	69
Сақау Мәүкеұлы	70
Жапар Құттыбайұлы	70
Садуақас Шорманов	71
Мұқан Машанұлы	72
Мұстафа Бұркітбайұлы	72
Салық (Мұхамедсалық) Әмірәмзеұлы	73
Иманжусіп Құтпанұлы	74
Қабыш Исаұлы	75
Момын Әшірбеков	75
Бекболат Меркемелдинов	76
Жұнісбек Жолдинов	76
Боранбай Қаппасов (Корт Боранбай)	77
Мұқсихан Заитов	77
Кимадиден Нығманов	78
Есентай Ерботин	78
Мейрам Асылғазин	79
Айып Құсайынов	80
Әнуар Жапаров	80
Жылбек Агаділов	81
Көдірхан Әбдікәрімов	83
Капиза Хамзина	83
Абай еліне барғанда	84
Ел басының тұған күні	86

Менің тұстас, замандастарым

Даниал Ахметов	88
Кайрат Нұрпейісов	88
Ырысты Жұмабекова	89

Бекір Демеуов	90
Шахимардан Әбілов	90
Байболат Әубекіров	91
Айым Қанафина	92
Күлжан Ахметова	93
Күлшат Қаламбаева	94
Арман Кани	95
Фалия Балтабай	96
Бекен Қызғарин	97
Ғафура Махмұтова	98
Салтанат Құсайынова	98
Зұбайра Ибраева	99
Фалымбек Жұматов	100
Жанар Канкина	100
Мәрзия Шапатова	101
Үміт Сұбатылова	102
Бакыт Субекова	103
Зара Қожақметова	104
Ерлан Арын	105

*Сөз бастаған шешендер,
Ел бастаған көлемдер*

Абылай хан	108
Елім дең туган ер Кене	108
Қанжығалы Бегенбай	110
Каракерей Қабанбай	111
Бөсентій Малайсары	112
Батыр Баян	112
Шақшакұлы Жәнібек	113
Толыбайұлы Олжабай	114
Жасыбай батыр	115
Қаз дауысты Қазыбек	116

Азындар шығмы айтысқа

Зекебай Солтанбаев:	120
Дәмет Смайилова: (Караашашева)	122
Зекебай Солтанбаев:	125
Дәмет Смайилова: (Караашашева)	127
Зекебай Солтанбаев:	129
Дәмет Смайилова: (Караашашева)	131
Зекебай Солтанбаев:	133
Дәмет Смайилова: (Караашашева)	134
Зекебай Солтанбаев:	135

Касиетті тұған жер, жырдың нөрі сенікі

Жыр көші	138
Тұған елім	138
Мектебім	139
Екібастұз мектебіне жарты ғасыр	140
Касиетті тұған жер	141
Кел, Екібастұзға	142
Казыналы байтағым	143
Мұржа салушылар	144
“Шығыс” кеңіші	144
Ұлт достығы жарасқан	145
Павлодарым, армысың	146
Құт мекен	146
Жетемін саған сағынып	147
Казакстан Алюминий	147
Павлодардың бір күні	148
Ардагерлер	148
Алтын заң	149
Еңбек мерекесі	150

Үстаз	150
Ауылым Шідертінің жағасында.....	151
Жастық шақ	152
Ауыл мұны	153
Шідерті	155

*Табиғатым-сырласын,
Түзгәндалам жығар басы*

Кысқы кеш	158
Дала сазы	159
Ақша қар	160
Ақ көрпесін ысырып, жер түледі	161
Жазды аңсау	162
Ауыл таны	162
Қыстың басы желтоқсан	163
Жана жыл	164
Үскірік	166
Жыл күсы Наурызек	166
Көктем	167
Берекелі көктем бол	168
Наурыз келді	168
Ұмай ана-Жер ана	169
Көрі қыс пен жас көктем	169
Қыран үшар қияға	170
Айдын	171
Құтты болсын, гүл Наурыз	171
Көктем күні	172
Тылсым түн	173
Жана ғасырға сәлем	174

Ата-анам ардақтым,
Аевіл жарым Манатым.
Сая бағым Айзатым,
Алтын босағам Шарбақтым.
Жүректен шыңсан жырымды,
Өздеріңе арнағым

Анама	176
Экеме	176
Ардақты өке	177
Жан-жарым, Манатым	178
Еске алу	179
Кеткендейсің өлі де жолаушылап	180
Адал едік, аңғал ек	182
Жесір мұны	182
Сенің бағың ашылар	184
Ақ бесік өлді	186
Бір жаста шықтық кыдырып	187
Тана көзім	187
Екі жаста үлым	187
Бакытты бол, балам	188
Ботақаным, қозым	189
Құтты болсын қадамың	190
Айзатқа тілек	190
Үкілейін, домбыранды қарағым	191
Піріміз сен	192
Шарбақты	193
Болат аға	194
Нуржамал	195
Жанат	196
Қоңыр қозым- бауырым	196
Інім Абай	197
Арғын қажы Бабылбектегі	198

Қылышып, біз де қыз бол, бой тұздедік

Сырласу	200
Алғаш саған тіл қаттым	200
Сағыныш болдың тап бүгін	201
Мен сені іздегенмін	201
Көңіл күйі	202
Ұнатамын	203
Кейде көңіл	204
Қайран досым	205
Қиялдағы қыз	206
Аппақ көңіл қайдасың	207
Естен кетпес сол шактар	207
Кездесспедік	208
Қайдан сен кез бол едің	208
Арманы сен жігіттің	209
Әр таңнан үміт күтті	210
Қаракөз	210
Тәтті мұң	212
Көгілдір сағым	212
Есінде ме?	213
Бұрымды қыз	214
Бойдақ жігіттерге	214
Он үшім бала кезім	215

Әні бағ және ән жазуға лайықты өлеңдер

Айзаттың әні	218
Тентегім інім	219
Тұған әлке	220
Танысу кешінде	221
Құлыншак	222
Мен баламын ұрыншак	223

Том мен Джерри	224
Кім кінәлі	226
Көктемде келген махаббат	226
Әлкей Марғұлан	227
Кел, шырқа, дос	228
Аяулы туған ел	229
Туған қалам Павлодар	230
Әкеме	231
Күндер қайда кешегі	232
Мектебімнің мерей тойы	232
Халықтың үні радио	233
Хош келдің, жана ғасыр	234
Мүшел той	235
Туған күн	236
Мекенім байтақ ел-Тұран	236
Жусанды дала	237
Күлімкөз	237
Армысың, Наурыз	238
Жан балам	239
Сүйемін қалам мен сені	240
Жаз гүлім	241
Наурыз	242
Бақытты қызыбын	243
Екібастұз -менің әнім	243

*Тізілген жеке шұмақтар,
Мереке, мейрам, той бастағ*

Мерекелік кештер үшін	246
-----------------------------	-----

Айзаттың алғашкы жыр шұмақтары

Папа	262
Арбуз	262

Арнаулаар

Совет аға, Гүлжиян тәте	264
Мұқарам атага	265
Гүлжиһан апа	265
Казкен аға	266
Бәтжамалға	266
Бикен Жамалиева	267
Жанайдар Өткенұлын еске алу	267
Қабдышүкір аға	268
Сәкен Құспекова	268
Қазақ-турік лицейіне он жыл	269
Нағашылар	269
Марат Марденов	270
Елубай мен Дәмежан	270
Сұлтан Болатсепұлы	271
Ербол Айтбаев	272
Қауаш Қамзина	273
Жастілек-Қайырпану	274
Камо Сергеевич	274
Халел Оспанов	275
Данагүлге	275
Біздің үй	276

Риғашылығының білдірелін

Казақстан Республикасының Президенті Жеңілдептап Назарбаевтың 2003 жылды 4 сәуірдең “2004 жылда арналған ішкі жөне сыртқы саясаттың негізги бағыттары” атты Казақстан халықта жоғауды, Казақстан Президентің 2004 жылды 13 қантардағы “2004-2006 жылдарға арналған “Мәдениеттік” мемлекеттік бағдарламасы тұралы жарлығын жөнде анырып барысында Павлодар облыстың Мәдениет департаменті шілдесі деңгейде жұмыстар атқаруды.
“Сәзім еерпіні” атты осы кітап “Мәдениеттік” бағдарламасы арсында жарық көрін отыр. Кітаптың шығарылуына дәмешшілік көрсеткен Мәдениет департаментіне оның директоры Айым Мұсабақалұғызынан Қанағапада шын алғысының білдірелін.

Дәмет Қараашаева
Сезім серпіні

“ЭКО” РӨФ-ке теруге 28.12.2004 ж. берілді.
28.01.2005 ж. басуга кол койылды. Көлемі 60x84 1/16.
Каріп түрі KZ Bookman Old Style. Оффсеттік басылым.
Шартты баспа табагы 16,74. Есептік баспа табагы 12,50.
Таралымы 500 дана.

Қазақстан Республикасы
637000, Павлодар қаласы, 29 Ноябрь көшесі, 2
Тел (3182) 32 16 08

